



ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ
1996 жылдан шығады

Қ.А.ЯССАУИ атындағы ХҚТУ
ХАБАРШЫСЫ
ВЕСТНИК МКТУ им. Х.А.ЯСАВИ

ХАБАРШЫСЫ

HABERLER

ВЕСТНИК

HERALD



ТҮРКІСТАН

3
МАМЫР-МАУСЫМ 1998



СТУДЕНТТЕР ЖАТАҚХАНАСЫ



ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ
1996 жылдың қарашасынан бастап
екі айда бір рет шығады

№ 3 (11) мамыр-маусым 1998

АХМЕТ ЯССАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ **ХАБАРШЫСЫ**

HAVERLER

ВЕСТНИК

HERALD

Гуманитарлық ғылымдар сериясы

ЖУРНАЛДЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЛҚАСЫ:

ЗЕЙБЕК Намық Кемал

- Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Өкілетті Кеңесінің төрағасы, Қазақстан Республикасы Әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі

ЧАНДАРЛЫОГЛЫ Гүлчин

- Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің бірінші вице-президенті, тарих ғылымдарының докторы, профессор.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

**БАЙТЕЛИЕВ Т., БАЙДӘУЛЕТОВ И.О., БЕРДІБАЙ Р.,
ЕСЕНОВ Е., ЕРЖАНОВ М., ИСТАЕВ Ж., ИЩАНОВ А.,
ИСЛАМКҰЛОВ Қ., ҚУАНДЫҚОВ Қ., МАДУАНОВ С.,
МЫРЗАХМЕТОВ М., НҰСҚАБАЕВ О., СЕЙІТМЕТОВ Р.,
ТАШИМОВ Л.Т., ШАЛҚАРОВ С.Ш.**

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:

БАЕШОВ Әбдүәлі Бәшүлі	- Бас редактордың орынбасары
химия ғылымдарының докторы, профессор	(Жаратылыстану ғылымдар саласы)
ӘБУОВ Айдар Парқұлұлы	- Бас редактордың орынбасары
философия ғылымдарының докторы	(Гуманитариялық ғылымдар саласы)
ӘБІЛДАЕВА Гүлжан Елібайқызы	- жауапты редактор
ХУСАИН Болатбек Хусайнұлы	- техникалық редактор
БЕГМАНОВ Абзал Назымханұлы	- техникалық редактор
ӘШПМОВ Илхам Жораұлы	- техникалық редактор
ШӘҢКІБАЕВА Әсем Шәңкібайқызы	- оператор
ДӘУЛЕТБЕКОВА Бағыла	- оператор
Дәулетбекқызы	

Құрылтайшылар:

Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті және редакция ұжымы

Журнал Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінде 1996 жылғы 8-қазанда тіркеліп, N 232 куәлік берілген.

Редакцияның мекен-жайы:

487010, Қазақстан Республикасы, Түркістан қаласы, Есімхан алаңы, 2-үй.

☎ (8-325-33) 3-24-65; 3-36-88.

E-mail: yasawiun@kazmail.asdc.kz

Журнал Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Компьютерлік білім беру бөлімінде теріліп, беттеліп, басылды.

Көлемі 60x90 1/8. Қағазы офсеттік.
Офсеттік басылым. Шартты баспа
табағы 15. Таралымы 500 дана.
Тапсырыс 11.

©Яссауи университетінің хабаршысы.

ТАРИХ, САЯСАТТАНУ

Ж.ҚАСЫМБАЕВ
тарих ғылымдарының докторы,
профессор

М.ЖОЛСЕЙТОВА
аспирант

ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ БАСТАУЫШ ОҚУ ОРЫНДАРЫ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ (1867-1882жж.)

Автор статьи анализирует процесс становления и развития начального обучения в общей системе образования Жетысуйской области (1867-1882 гг.) условия, необходимые для совершенствования начального обучения Казахстана.

Жетісу және Сырдария облыстарын басқару жөніндегі уақытша Ереже жобасына сәйкес, 1867 жылдың 11-і шілдесінде Жетісу облысы құрылды. 1897 жылдың 26 желтоқсанында Ұлы мәртебелінің бұйрығымен Жетісу облысы Омбы әскери округі және генерал-губернаторлығының, сондай-ақ Ішкі істер министрлігі қарамағынан шығарылып, Түркістан әскери округіне және генерал-губернаторлығына, Соғыс министрлігіне қарайтын болып енгізілді [1].

Жетісу облысының құрамына 6 уезд кірді, олар: Верный, Қапал, Лепсі, Прежевальск, Пішпек және Жаркент уездері. Басқарманың халық ағарту ведомствосының ғылыми және оқу бөлімінің құрылымына сәйкес облыс алғашқыда Батыс Сібір оқу округінің құрамына кіріп, қызмет кұқығы мен артықшылығы бар халық училищелерінің инспекторымен басқарылды. Олардың мәртебесі Түркістан өлкесіндегі халық училищелерінің инспекторларының мәртебесімен бірдей болды [2].

Жаңадан құрылған генерал-губернаторлықтың бірінші генерал-губернаторы болып генерал Г.П.Фон Кауфман тағайындалды [3]. Архив деректеріне сүйенсек, Түркістан генерал-губернаторындағы халық ағарту ісінің қалыптасуы, осы генерал-губернаторлықтың құрылуымен сәйкес келмейді. Құжатта бұрыннан - ол қызмет жасаған бірнеше халық училищелері айтылады [3]. Т.Тәжібаевтың деректері бойынша Жетісу облысының өзінде, оның құрылар сәтінде тек ғана екі 2-кластық училище (Верный және 1867-ж. Қапалдағы ашылған) және 12 станицалық және поселкалық мектептер болды, олардың төртеуі 1868 ж. II жартысында жұмыс жасай бастады [4].

Біздің қолымызда бар құжаттар Т.Тәжібаевтың зерттеуінде жіберілген қателіктердің орнын толтыруға мүмкіндік береді. Біздің мәліметтерімізден мектептердің пайда болуының қарқынын ғана емес, сонымен бірге олардың типтерін де анықтауға болады. 1852-жылы Сергиопольде ер балалар үшін училище, 1857-жылы Лепсі станциясында ер балалар үшін станциялық мектеп ашылады, бұларға 1859-жылы 3 оқу орны қосылды (Верныйда кіші Алматы станицалық мектебі, Қапал уездердегі ер балалар үшін Арасан поселкалық мектебі, Надеждинскідегі ер балалар үшін поселкелік мектебі) 1863-жылы София станциясындағы ер балалар үшін училище, 1864-жылы Үржарда станциялық мектеп, 1865-жылы София станциясында қыздар үшін станциялық мектеп жұмыс жасай бастады, бұларды 1867 жылы үш оқу орны толықтырды. Олар Верныйдағы 2 кластық училище (ерлер және қыздар) және ер балалар үшін Любовинскідегі поселкелік мектеп [3].

Сонымен облыс құрылар сәттегі әртүрлі типтегі оқу орындарының жалпы саны он бір, соның ішінде екі кластық училище болды, бірақ бұл училищелер жалпы чиновниктердің мойындағанындай өздерінің міндеттеріне де, өлкенің қажеттілігіне де жауап бере алмады [3].

Облысты әскери губернаторға 1867 жылдың 25-қазанындағы өзінің N 102 ұсыныстарында генерал - губернатор "Жетісу облысының тұрғындарының мүмкіндігінше көп бөлігін арасында халық ағарту ісін тарату қажеттілігі" туралы жазды. Бұл оның ойынша өлкедегі тұрмысты жақсарту үшін де, бұл өлкенің империялық басқа бөліктерімен бірдей деңгейде даму үшін де бірдей пайда әкелетін еді [3]. Одан әрмен қарай, ол осы мақсатқа жету үшін әскери губернатордың облыстағы приходтық мектептердің санын көбейту жолында, оның мүмкіндігіндегі барлық әрекеттерді жасауын сұрады. Мұнымен бірге құжатты қаржыландырудың мүмкін көздерін ашып көрсетті, соның ішінде өлкенің генерал-губернаторы "Әкімшілік бөлген қаражаттан басқа" қоғамдық және жеке адамдардың қаржыларын тартуды ұсынды. Құжатта, әсіресе мектеп ашудың мүмкін жерлері тиянақты көрсетілді, мұның негізі орыс қоныстарының орталықтары: Үржар, Лепсі, Сарқан, Арасан, Көксу, Любовинскі, София, Надеждинск станицалары және Сергиополь, Верный, Қапал қалалары болды [3].

Верныйдың ерекше жағдайын көрсете келе, генерал-губернатор "қала жұртшылығының көпшілігі онда бірнеше приходтық училищелерді ашуды талап ететіндігіне" көңіл аударды. "Қаланың ерекше мәртебесіне байланысты, ал Ақсу, Токмақ қоныстары немесе қандай да бір басқа мекендер ашылған жағдайда" деп көрсетіледі құжатта. "Онда приходтік училище ашу қажет болады".

Фон Кауфман "православтік сенімдегі балалар" мен мұсылман "балаларының" бір мектепте оқымайтындығын "мүлдем дұрыс емес" деп есептеді.

"Орыс православиялықтары мен орыс мұсылмандарын тәрбиелеу негізінде діни қозғалыс жатпауы тиіс, оларды Россияның бірдей дәрежеде пайдалы азаматтары ретінде жасайтын бірыңғай ереже болуы тиіс"[3] - дегенде ол шын мәнінде оқу ісінде мемлекеттік стандартты енгізу қажеттілігін көрсеткен еді. Ол "Жетісу облысындағы училищелерді христиандық және мұсылмандық ретінде болу жасандылық. Қырғыздардың, қалмақтардың, татарлар мен орта азиялықтардан шыққандардың балаларын мектептерге кең көлемде тарту қажет, бұл әкімшіліктің үнемі ден қоятын мәселесі болуы тиіс"- деп есептеді [3].

Құжатта өлкедегі әйелдердің білім алу ісінің дамуына ерекше көңіл аударылды. "Болашақ ұрпақтың анасы және тәрбиешісі ретінде қыздарға ер балалардан ешқандай да кем емес тиісті білім беру керек"-деп есептеді генерал-губернатор [3].

Шын мәнінде өлкедегі мектептерді құрудың жобасы болып табылатын осы қарастырылып отырған құжатта болашақ оқу орындарының бағдарламалары туралы да ерекше баяндалды. Ол әдебиетті, оқу бойынша жазуды, құдай заңдарын, арифметика негіздерін, орыс тарихы мен жағрафиясын оқытуды қамтуы тиіс болды. "Сабақ уақыты ұзақ болуы", ал балалардың зейіні "барынша күшті соған аударылуы тиіс" - деп көрсетілді. Ал, шеберлікке оқыту мәселесінде, "бұл жерде оқу ісінің бөлек жүргізілгендігі дұрыс болады" деп есептелді.

Ер балалар үшін, оларды балташылыққа, ағаш шеберлігіне, темір ұсталығына, қыштан бұйымдар жасауға, тері илеу шеберлігіне, бақташылық, бағбаншылық істеріне үйрету ұсынылды. Ал, қыздарды жейделер мен көйлектер тігуге, тамақты дәмді пісіру өнеріне, нан жабуға және шаруашылықты жүргізуге үйрету аса қажет деп табылды [3].

Өзінің арнау хатын аяқтай келе, генерал-губернатор осы бағдарламалардың өмірге енгені жағдайында ашылатын болашақтағы мүмкіндіктерді де көрсетті. Әдепкідегі училищелер жеткілікті болған кезде Верныйда облыстық училище немесе тіпті гимназия ашуға кірісуге болады деп есептеді. Педагогикалық мамандар мәселесінде, генерал-губернатор Семей облыстық қазыналық училище инспекторымен сөйлесуді, өзінің онымен алдын-ала бұл мәселе жөнінде келіскенін айтады. Шеберлікке үйретулерді жергілікті жерлерден де табуға болатын еді [3]. Десек те, осындай ағарту ісі жөніндегі біршама қызықты құжатта, өкінішке орай, мектептер мен медреселер туралы ештеңе де айтылмады.

Кейінгі болған жағдайлар, жоғарғы әкімшіліктің ұсыныстары жүзеге шығарыла бастағандығын көрсетті. Оның көрінісі, кейінгі жылдары шағын мектептер жүйесі құрылады. 1868 ж. 12 сәуірінде Қапалда ер балалар үшін екі кластық приходтік училище және қыздар үшін де осындай училище, Көксу поселкелік мектебі ашылды [5]. Бұл училищелерді қаржыландыру "қалалық және станциялық бюджеттер, көпестер мен саудагерлерге жыл сайын салынатын салықтар және басқа

көздердің" есебінен құрылатын болды. Училищеле 1869 жылы 65 ер бала және 25 қыз оқыды [5]. Ер балалар (етікшілік, тігіншілік, ағаш шеберлігі) және қыздар үшін (кол өнері, кебіс тігу) қолөнеріне үйрету ұйымдастырылды. Оқу ісінің барлық ұйымдастыру әрекеттері приходтік училище базасында аға мұғалімнің жетекшілігімен тексеру, көмек көрсету арқылы жүргізілді. Дене шынықтару гимнастикадан жаттығулар жасаумен шектелді. Тағайындалған атаманның шешімімен, станциялық қауымның есебінен жаңа үйлер салынып, ескілері жөнделіп, материалдық база біршама нығайтылды [3].

1869 ж. Тоқмақта мектеп тұрғызу үшін қайырымдылық есебінен 560 сом 8 тиын жиналды. Осы кезде Сергиопольде земстволық мектеп ашылды [5]. Верный училищесі одан әрі дамып, оның негізінде үшінші класс ашылды. Ал, оның қаржыландырылуы бір жағы қазынаның есебінен, бір жағы 16 дүкеннен түскен салық арқылы толықтырылып, бұлардың өзі Верный училищесінің қорын жыл сайын 2 мың сомға көбейтуге мүмкіндік берді [5].

Қолөнер мен шеберлікке баулу (балташылық, егіншілік, кебіс тігу, тігіншілік) оқу жоспарына енгізіліп, көпес Копыловтың қолөнер кәсіпшілігінің шеберлері, тегін түрде 1868 ж. 36 баланы оқытты. 1868 жылдан бастап училище өз қаржысы есебінен мұғалім-шеберлерді келісім-шарт арқылы жалдай бастады, бірақ мұның төленетін ақша көлемі аз болғаннан кейін, маман шеберлерді табу қиын болды, өйткені азын-аулақ жалақыға ешкімнің келгісі келмейді. Мұның өзі, қолөнер ісіне үйренушілердің санының 21 адамға дейін азайып кетуіне алып келді. 1870 жылы бұл кластар ерекше қолөнер училищелері болып қайта құрылды, онда 4 мұғалім-шебер 22 оқушыға дәріс берді [5].

Қазақтардың балалары да оқыды, бірақ олардың саны көп болмады. Олар үшін қырғыз (қазақ) тілі, жоғарғы кластарда ботаника және бағбаншылық оқытылды. Ал, жалпы оқушылардың саны біртіндеп өсіп отырды. 1869 жылы оқушылардың саны 1868 жылмен салыстырғанда ер балалар училищелерінде 33%-ке, қыздарда 14,6%-ке өсіп, тиісінше 140 бала және 47 қыз болды [5]. Училищенің шаруашылық істеріне қамқорлық кеңінен жетекшілік жасауы, оның құрамына ерлер училищесінің құрметті тәрбиешісі, әйелдер қамқоршысы, облыстың Әскери-губернаторының көмекшісі, аға мұғалім және қала қауымы мен қазақ депутаттары кірді. Материалдық базасы да анықталды. Училище көпес Айтикиннің тегін берген үйінде орналасып шеберхана үшін жеке үй және училище жанындағы қазақ балалары тұратын тұрғын бөлмесі болды. Ал, әйелдер училищесі жеке жалдап алынған үйде орналасты [5].

Жетісу облысының барлық мектептері үшін, генерал-губернатор бекіткен бағдарлама жасалды [5]. Алдын ала, өзінің жұмысын 1870 жылдың 14-қаңтарынан бастаған комиссия құрылды [6]. Оның міндетіне училище құрудың қаржылары мен жолдарын, түрлерін, бағдарламасын,

олардағы оқытудың әдістерін, сабақтардың ұзақтығын, олардың санын анықтау, мектептерді педагог мамандармен және оқулықтармен қамтамасыз етуді шешу кірді [3].

1871 жылдан енгізілген оқушыларды оқытудың бағдарламасына сәйкес Жетісу мектептерінде Құдай заңы, орыс тілі, арифметика, таза жазу пәндерін оқыту қарастырылды. Құдай заңын оқыту алғашқы діни түсініктерді қалыптастыруды қарастырды (сиыну, крест жалауы, храм, икон, кеудедегі крестер туралы т.б.).

Орыс тілінде оқыту 3 жылға есептелініп, алғашқы жылы жайлап оқуға, оқыған қысқаша еңгімені қайта айтып беру, дұрыс жаза білуге үйретуді қарастырды. Бұған Золотов өдісі бойынша оқу негізінде қол жеткізілді. Оқудың екінші жылы оқушылар еңгіменің мазмұнын еркін айтып беруді, қатесіз жазуды үйренуі тиіс болды. Ал, үшінші жылы еркін жазып қана қоймай, сонымен бірге славяндық қолжазбаларды оқи алатын "өз өмірлеріндегі қандай да бір жайларды баяндап бере алатын, хат, қол хат жаза алатын болуы тиіс" деп есептелді [5].

Арифметиканы оқытудағы алғашқы жылдары онға дейінгі сандарды саусақпен, таяқшамен есептеп, барлық арифметикалық теңдеулерді шешуді үйренді. Екінші жылы 100-ге дейінгі сандармен ауызша және жазбаша, алға және кері қарай санай алып, теңдеулер шешетін болды. Ал үшінші жылдың аяғында оқушылар арифметиканың ережелерін толық білетін болады деп есептеді [5]. Таза жазуға оқыту 1-жылы өріптер мен сөздерді жазуды қарастырса, 2-жылы хат және көшіріп жазу, 3-жылы кітаптан көшіріп жазуды қарастырды. Негізгі пәндер бойынша оқытылатын оқулықтардың базасы анықталды. Мәселен, құдай заңы бойынша оқушыларға дәріс беруде "Христиандық православиялық ілім бастауы" кітабы негізге алынды. Орыс тілінде Ушинскийдің "Ана сөзі", Пульсонның оқу үшін кітабы пайдаланылды. Арифметика бойынша Пульсон құрастырған "Неміс педагогы Грубе тәсілі бойынша арифметика" жетекшілікке алынды. Мұғалім үшін Ушинский құрастырған "Балалар әлемі" кітабы ұсынылды. Апталық оқу сағатының көлеміне келсек, ол былайша бөлінді: құдай заңы -3 сағат, орыс тілі - 8, арифметика - 4, таза жазу -3 сағат, барлығы аптасына 18 сағат болды [5]. Типтік осы бағдарлама облыстың бастауыш оқу орындарының барлық түрлеріне таратылды.

1873 жылдан бастап Түркістан өлкесінің оқу орындарында, міндетіне оқу орындарының меңгерушілігі қызметін атқару кірген халық училищелерінің инспекторы, ерекше лауазымы енгізілді. Осы лауазымның дүниеге келуі оқу орындарын ұйымдастыру ісіндегі қиыншылықтарды шешуге мүмкіндік берді, өйткені ағарту ісін бақылап, басқаратын уезд бастықтары өздерінің басқа да міндеттерінің көп болуына байланысты бұл мәселеге көп уақыты да болмаған еді [5]. Біртіндеп оқушылар саны өсіп, жаңа оқу кластары мен мектептері ашылды. Егер 1873 жылы 1378

адам оқыса, 1874 жылы оқушылардың саны 2,2 есе өсіп, 3007 адам болды, ал 1875 жылы олардың саны 4703 адамға жетті [5].

1878 ж. 24-наурызында Верный қалалық әкімшілігіне генерал-лейтенант Колпаковскийдің хаты түсіп, онда Жетісудағы мектептердегі басқару мен бақылау жасау жүйелерін жетілдіру қажеттілігі туралы айтылды. Хатта, 1878 жылға қарай Түркістан генерал-губернаторлығының бес облысында халық училищелері инспекторының бір ғана лауазымы болғандығына назар аударылды.

"Осыдан кейін - деп жазды Жетісу облысының әскери губернаторы - мектептердің бір-бірінен қашықта орналасуына орай, инспектор барлық төменгі училищелердегі сабақ беруді тіпті жалпы оқу ісінің барысын жеткілікті қадағалай алмады. Колпаковский, осыған байланысты арнайы Жетісу облысы үшін халық училищелерінің инспекторы лауазымын бекітуді, оның облыстың орталығы ретінде Верныйда тұруын ұсынды. Дегенмен, оны ұстауға қажетті 2250 сом, бұған жүріп-тұру мен канцелярияға қажетті 1000 сомды қосқандағы жалпы қаржыны табудың қиын екендігін түсіне келе, генерал-лейтенант бұны қазына есебінен емес, жергілікті көздерден шешуге үміт білдірді. Ол бұл қаржыны халық ағарту ісінің табысты дамуына мүдделі қалалық және селолық әлеуметтік топтар береді деп ойлады. Ол қаланың әкімшілікке бұл мәселені Думаның талқылауы мен шешуіне тапсыруды сұрап сөз салады [5].

1877 жылғы 19 қарашадан бастап Түркістан өлкесінің бас басқармасына 1872 жылғы 31 мамырдағы ереже бойынша осы өлкедегі жұмыс жасап отырған училищелерді қалалық училище етіп қайта құруға рұқсат берілді. Олар: Петро-Александровск, Қазалы, Петровск, Шымкент, Ташкент, Самарқанд, Мергелан, Тоқмақ, Верный, Сергиополь, Қапал, Қаракөл және Құлжа училищелері еді [5]. Міне, бұдан көріп отырғанымыздай, осы қозғалыс Жетісудағы оқу орындарын да қамтып кетті. Тіпті, 1878 жылы Қапалда екі кластық қалалық училище ашу ғана емес, сондай-ақ және әйелдер мектебін ұйымдастыру мүмкін болды. Верныйда осы жылдың басынан бастап қыздар үшін де бөлімшесі бар, екі кластық қалалық училище жұмыс жасай бастады [5].

1878 ж. мамырында Түркістан өлкесі училищелердің бас инспекторы Жетісу облысының әскери губернаторы мырзаға хат жіберіп, Түркістан өлкесіндегі мектептерді қалалық және приходтік училищелер етіп қайта құруға байланысты қажетті қаржы көлемі көрсетілді [5]. Мәселені өзара келісу нәтижесінде 1878 жылғы 22 маусымында Түркістан генерал-губернаторының канцеляриясынан құжат шығып, осыған байланысты Жетісу облысы тұрғындарынан жыл сайын өлке училищелерінің бас инспекторының қарамағына жіберу үшін 39604 сом жиналуы тиіс болды. Бұл қаржы мына қалалардың тұрғындарынан алынатын болып белгіленді: Верный қаласы - 430 сом; Верный уезі - 2175

сом; Қапал қаласы -3262 сом 50 тиын; Қапал уезі - 2715 сом; Тоқмақ, Құлжа және олардың уездері - 2715 сом; Қаракөл - 890 сом; Ыстық-көл уезі-890 сом; Сергиополь және уезі - 627 сом 50 тиыннан, Лепсі - 2875 сом; Станицалар: София -1112 сом; Сарқан - 1112 сом; Любовинск, Надеждинск, Іле, Қарабұлақ, Көксу, Арасан, Борохудирск, Үржар, Кіші Алматы - 840 сомнан[5].

Мектептер, училищелер жандарынан, оларда "оқып жатқан бұратаналардың ер балалары үшін" оқушылар пәтерлері құрылды. Бұл пәтерлер 1872 ж. 31 мамырда бекітілген 48 параграфқа сәйкес ашылып, бұратаналар балаларының орыс оқушыларымен бірдей дәрежеде мүмкіндіктер мен жағдайларды пайдаланып, білім алуын қамтамасыз етуді көздеді. Мұндай пәтерлер жергілікті қоғамдық қаржылар есебімен ұсталып, қалалық училище меңгерушісінің қол астында болды. Пәтерлерді тікелей қадағалау үшін ерекше бақылаушы тағайындалып, оның міндетіне сондай-ақ бұратаналардың балаларымен орыс тілінен қосымша сабақ өткізіп, орыс тілінде өңгімелесуге үйрету кірді. Сонымен бірге, құрамында уезд бастығы және беделді түземдік болған қамқорлық кеңесі құрылды. Бұған сонымен бірге, мүше ретінде қалалық училище меңгерушісі, оның көмекшісі мұғалімдер және оқушылар пәтерінің бақылаушысы да кірді [5].

1874 жылдың мамырында оқушылар пәтерлері жөніндегі тәртіп бекітіліп, Верный қаласы үшін 1879 жылдың 10 наурызында ол толықтырылып берілді, жалпы, ол типті болса да, одан азғантай өзгерістерді де байқауға болады. Оқушылар пәтерлері "белгіленген штатқа сәйкес қырғыздардың ерікті қайырымдылық көрсетулері негізінде ұсталды". Верный гимназиясында оқып жатқан қырғыз балалары оқушылар пәтеріне кіруге дайындалушылар ретінде, толық күтімде тегін тұрды. Верныйдағы "бұратана қырғыздардың балалары үшін ашылған оқушылар пәтерінің" құрметті қамқоршысы Жетісу облысының әскери губернаторы, оқушылар пәтерінің меңгерушісі және оның көмекшісі барлық правоға ие болып, тәрбиеші қызметін атқарушы ретінде мемлекеттік қазынадан пенсия алып отырды [5]. Бұратаналар үшін ашылған оқушылар пәтерінің уақытша штатына сәйкес, орыс тілін оқу үшін дайындап кластары бар қалалық училищелерді ұстап тұрудың жағдайы төмендегідей болды: бұратаналардан шыққан 20 оқушыны оқу жылы бойы тамақтандыруға ай сайын 5 сомнан, 20 оқушы үшін іш киім, киім-кешек, аяқ киім және төсек орын үшін әр біреуіне жыл сайын 20 сомнан, отын, жарық, қызметті жалдау үшін 600 сом, түземдермен сөйлесе алатын мамандардың бақылаушысына 450 сомнан бөлінді.

Қалалық училищенің екі мұғаліміне оқушылар пәтерлеріне меңгерушілік жасағаны және дайындық кластарында сабақ бергені үшін 700 сом, ақырында дайындау бөлімшесінің ерекше класс бөлмесін ұстау

және бұратаналар үшін оқу құралдары мен оқушылар пәтерлері үшін кітапханаға 300 сом берілетін болды [5].

Жалпы, 1882 жылы Жетісу болысына шолуда көрсетілгендей, қырғыздар және басқа түземдіктер өз балаларын орыс оқу орындарына бергілері келмейді. Мұның басты себептерінің бірі, орыс оқу орындарында түземдіктердің тілі де, діні де оқытылмады, сондықтан қырғыздар өз балаларын түземдік сауаттандыру және құранмен, шариатпен танысу үшін қырғыздардан, сарттардан және татарлардан шыққан, әрі болыстарда саны көп болып отырған молдаларға оқып - үйренуге берді [5].

1898 жылғы деректер бойынша Жетісу облысында халық ағарту Министрлігінің 43 бастауыш мектебі болып, онда 3010 оқушы оқыды. Ал, егер облыста осы кезде 990107 тұрғын және 89110 мектеп жасына дейінгі балалар өмір сүргендігін ескеретін болсақ, онда Жетісудағы мектептер мен ондағы оқушылар санының уақытпен үндесе алмай, одан артта қалып, жеткіліксіз дәрежеде болғандығын байқаймыз [7].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Извлечение из положения об управлении областей Акмолинской, Семипалатинской, Семиречинской, Уральской и Тургайской // Настольная книга по народному образованию. Законы, распоряжения, правила, инструкции, уставы, справочные сведения и пр. по школьному и внешкольному образованию народа. Пособие для земских и городских общественных учреждений, директоров и инструкторов народных училищ, учреждений и лиц духовно-учебного ведомства, народных читателей и других деятелей по народному образованию. Составлена Г. Фальборком и В. Чарнолуским. В двух томах т.1, СПб, 1899, с.182.
2. Об управлении и учебной частью ведомства Министерства народного Просвещения // Настольная книга по народному образованию с.62. УР.М.О.А.
3. Ә.Р.ОМА, 47-қор, 1-тізбек, 41-іс, 160.п.
4. Тажибаев Т. Просвещение и школы Казахстана во второй половине XIX века. Алма-Ата, 1962, с.333.
5. ҚР ОМА 44 қор, 1- тізбек, 32721-іс. 40-42 папка.
6. Айтмамбетов Д. Дореволуционные школы в Киргизии. Фрунзе, 1961, С.84.
7. Обзор Семиречинской области за 1898 г.

К. ЖЕТІБАЕВ

тарих ғылымдарының кандидаты,
доцент

ХҮІІІ ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ МЕН ХІХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ӘДЕТ-ҒҮРПЫНДАҒЫ НЕКЕ ЖӘНЕ ЖАНҮЯ ҚҰҚЫҒЫ

В данной статье на основе привлечения обширных материалов по изучению развития форм семьи у казахов в конце ХУІІІ - начале ХІХ вв.

Рассматриваются господства малой индивидуальной семьи со множеством пережиточных элементов большой патриархальной семьи.

Қазақ даласындағы жанұя ауыл бірлестіктерін, бірнеше туыс ағайындардың негізін құраған. Үстем тап өкілдері жанұясы бірнеше ауылды құрады. Оған себеп бөйбішеден туған балалар бірнеше ауыл болып, өз алдына өмір сүрді.

Қазақ жанұялары шаруашылық-тұрмыстық жағынан бірігуден гөрі туыстық бірлестік негізде бекіді.

Жанұя басшысы болып ер кісі саналатын. Жанұя басшысы барлық мал-мүлкіне гег болуымен қатар, ол қалай жаратам десе де өзі білді, егер де жанұя мүшелеріне зиянын тигізбейтін болса.

Әдет-ғұрып заңдылықтары бойынша әке баласын қанша жазаласа да оған ешкім біреуден бас тарта алмайтын еді. Сонымен қатар қыз баланың жасауын беру де негізгі міндеті болып саналатын. Егер де балаларының біреуі қылмыс жасаса, сол қылмысқа сәйкестендірілген күн төлеу де әке міндетінің бірі болып саналды. Жанұя басшысы өз байлығын балаларына немесе басқа туысына мұраға қалдыруға құқылы болды. Басқа ру өкілдеріне тастауға рұқсат болмады. Сөйтіп, ерте кезден бастап-ақ әдет-ғұрпы құқығы нормалары жанұя мен қандас-туыстас ағайындарына жасаған. Жанұядағы әйел балаларының құқығына келетін болсақ, мүмкіндігінше шектеулі болды. Ері бар кезде әйелі мал-мүлікті балалары мен күйеуінің туыстарына зиянын тигізбейтін жағдайда толық та тең жаратуға құқылы болды. Ері қайтыс болған соң да әйелі балаларының жасы көмелетке толғанша жанұя басшылығын қолына алып, күйеуінің туыстарының арасынан кешуге рұқсат етілмеді.

Қазақ әдет-ғұрпындағы бөйбіше бірнеше жеңілдіктерге ие болды. Тоқалда ондай жеңілдіктер жоқтың қасы деуге де болады. Дегенмен де әдет-ғұрпы нормаларында тоқал мен онан туған балаларға мүлік құқығы ешқандай қиындық туғызбай, бөйбіше мен онан туған балалар құқығымен тең қатар ұстайды. Жанұя құқығы бойынша тұрмысқа шыққан қыз балалары әке немесе туыс мұрагерлігіне таласуға құқысыз болды. Қыз

балалары тек қана ұл балаға берілетін мұрагерліктің жартысын алуға мүмкіндігі бар екендігін көрсеткен. Қыз балалары тұрмысқа шығарда қыздың келісімсіз ата-анасы шешіп отырған. Жанұядағы ұл балалардың құқығы да толық анықталмаған. Мысалы, ер бала үйленген соң, оған берілетін енші мөлшері анықталып, көрсетілмеген. Әрбір ата-ана өз мүмкіндігінше қарап төрт түлік малдың тұқымдығын беруге міндетті болған. Ал, қара шаңырақта өдет-ғұрып бойынша кенже баласы қалып отырды. Ол ағаларынан еншіліктен қалған әке мал-мүлкіне иелік етті. Жанұя құқығында асыранды балалар нормалары да жоғары деңгейде қаралып отырды. Асыраушы өз балаларымен қатар, тең ұстауға міндетті еді. Ал, егер де асыранды бала басқа рудың өкілі болса, көмелетке толған соң, белгілі мөлшердегі мұрагерлікке иелік етіп, өз руына оралуына рұқсат етіледі.

Өдет-ғұрып құқығы немере мен шөбере міндеттерін де анықтаған. Немере немесе шөбере ұл бала жағынан туыстық болса, онда әке руындағы мүшелерімен тең құқылы. Ал, қыз балаларынан өрбіген жиен немере, шөберелері басқа рудың өкілі ретінде нағашы ата мүлкіне немесе анасының аға-інілері мүлкіне иелік ете алмады.

Өдет-ғұрып құқығы ежелгі тамырлық институтына да ерекше көңіл бөлді. Рулас емес адамдар тамырлық келісімге келіп отырған. Тамырлық келісім бойынша тамыр болған екі жақ ағайын адамдармен қатар тұрды. Олар жанұя мүшесі ретінде саналып, бір-біріне көмектесуге міндетті болды. Тамырлық келісімнің ережелерін екі жақтың бірі бұзған жағдайда би соты құн төлетуге немесе жөбірленуші жақтың қолқасын орындауға міндетті.

Өдет-ғұрып құқығы бойынша неке тікелей мүлік келісімімен шектеліп отырды. Қыз балалардың жас мөлшері неке кезінде белгілі бір жас ерекшелігіне қарамады. Неке туралы келісім мәселелерін ата-ана шешті. Егер қыз немесе жігіт қарсы тұратын болса, өлімге дейінгі жаза түрлері қолданылады.

Неке қалыңдық төлеген соң толық өз күшіне енді. Некеден соң қыз қайтыс болса басқа қызын немесе ұл қайтыс болса басқа аға-інілерінің біріне қосатын болған. Бұл қағида орта ғасырлық қоғамдық даму дәстүрдегі неке құқығындағы бір жақтамалық патрихалдық сыңар жақтық болды. Қызға қалыңдық берудің үш түрі болды. Ең жоғарғы қалыңдық 77, орта қалыңдық -47, төменгі қалыңдық 17 жылқыдан тұрды.

Қалыңдықтың құрамы даму процесіне үнемі өзгеріп үнемі өзгеріп отырды. Кейбір кездерде жылқы орнына заттай да төлемдер болып отырды. Мұндай өзгеріске ұшыраған қалыңдықты "Дөңгелек" қалыңдық деп атады.

Қазақ даласында неке бұзылу өте төмен дәрежеде болды. Өдет бойынша некені ер кісі бұзды. Егер де әйелі күйеуіне адал болмаған жағдайда. Мұндай кезде күйеуі әйелін жасаудың бір бөлігін беріп ата-

анасына апарып тапсыратын болған. Әйелдің еш кінәсі жоқ бола тұрып, күйеуі ажырасқысы келсе, онда әйелді жасауымен және бала-шағасымен еліне қайтару парызы тұрды. Өдет-ғұрып нормаларында әйел балаларының құқығы өте төмен дәрежеде болды. Әсіресе, бұл жағдай өменгерлік институтында ерекше байқалды. Күйеуінен айрылған әйел 1 жыл өткен соң күйеуінің ағайындарының біріне өменгерлікке тұрмысқа шықты. Қайтыс болған адамның балалары және мал-мүлкі түгелімен өменгер билігіне көшті. Кейбір жағдайларда ғана өменгерге әйелдің қалыңдығын төлеп, басқа ерге беретін болған. Бірақ бұл жағдай өте сирек кездесетін. Мұраға қалдыру институты қазақтың өдет-ғұрыпында болған емес. Мал-мүліктің иесі болып, балалары, туыстары және әйелі саналды. Егер қайтыс болған күйеуінің мал-мүлкін бөліске салатын жағдай туса, әйелі 1/8 бөлігіне, тұрмысқа шықпаған қызы ер балаға бөлінетін мал-мүліктің жартысына иелік етті. Қорыта айтқанда, ХҮІІІ ғасырдың аяғы мен ХІХ ғасырдың басындағы өдет-ғұрып неке мен жанұядағы жағдайға көп көңіл бөліп, балаларды жетімсіретпеуге, толық азамат болып өсуіне жағдай туғызып отырған. Сонымен қатар некенің бұзылуына жол бермеді.

Д.А. АТАБАЕВ

кандидат исторических наук,
доцент

А.Г. ИСЕНГАЛИЕВА

кандидат филологических наук

ИСТОРИЯ ИЗДАНИЯ КНИГ ПО ИСКУССТВУ В УЗБЕКИСТАНЕ (1960-1980 г.г.)

Ғылыми мақлада Г.Гулям атындағы әдебиет пен өнердің арнайы баспасы, "Өзбекстан" кең көлемді баспасы. Хамза атындағы өнер ғылыми-зерттеу институтының қызметтері көрсетілген. Әсіресе толық ашылған мәселе зерттеушілер мен оқырмандар қызығушылығын тудырған 60-80 жылдардағы өзбек өнерінің тарихы мен теориясы туралы әдебиеттердің дайындалып басылуы.

Специализированное издательство литературы и искусства им.Г.Гулями - издательство с многоотраслевой редакционной структурой. Из имеющихся в его структуре одиннадцати редакций, три работали в области искусства (на узбекском и русском языках):

1. Редакция по театру, искусству и кино;
2. Редакция литературы по музыке;
3. Редакция изобразительной продукции.

Издательство ставило перед собой задачу: выпуск высококачественной и высокохудожественной литературы по искусству, способствующей широкому распределению научных и культурных знаний.

Издательство им. Г.Гулями выпускало все виды искусствоведческой литературы, рассчитанной на различные категории читателей от специалистов - исследователей до любителей искусства. Оно осуществляло значительную работу по своевременному планированию и выпуску книг, посвященных актуальным проблемам эстетики, изобразительного и прикладного искусства, музыки, театра, кино, истории музыкальной культуры республики. Им была проделана большая работа по увеличению выпуска и улучшению качества выпускаемой продукции. За последние годы были подготовлены и изданы такие значительные книги, как "Узбекский театр с древнейших времен до 1917 года" М.Рахманова, В.А.Успенский. Научное наследие. Воспоминание наследников. Письма.

Издательство им. Г.Гуляма активно откликлось на значительные явления современной жизни. К 5 международному кинофестивалю стран Азии, Африки и Латинской Америки, проходившему в 1982 г. в г.Ташкенте, выпустило в свет несколько книг, среди которых следует отметить "Борющийся экран, фильмы и годы" А.Абдуллаева, "Узбекские историко-революционные фильмы" А.Ходжаева, "Моя жизнь - кинематограф" М.Каюмова.

В 1982 г. в Алма-Ате состоялся очередной конкурс на лучшие книги республик Средней Азии и Казахстана. Издательство им. Г.Гуляма представило на выставку альбомы, которые были положительно оценены прессой и читателями. "Музей под открытым небом", "Восточная миниатюра", изданные под редакцией доктора искусствоведения, профессора Г.А.Пугаченковой, отмечены дипломами 1-й и 2-й степени.

Для деятельности издательства характерным являлось тесное сотрудничество с различными учреждениями культуры. Перспективные и тематические планы подготовки и выпуска литературы разрабатывались совместно с творческими союзами композиторов, архитекторов, кинематографистов.

В течение ряда лет осуществлялось творческое сотрудничество редакции теории и истории искусства НИИ искусствознания им.Хамзы. Сотрудники этого института приглашались на расширенные редакционные Советы для участия в обсуждении перспективных и тематических планов. Совместно с институтом им.Хамзы был разработан план выпуска ряда серий. Активное участие в разработке серий приняли ведущие специалисты - Г.А.Пугаченкова, Л.И.Кемпель, Д.Тешбаев, Ф.Кароматов и многие другие.

В рассматриваемый период издательство выпускало 6 серий "Жизнь в искусстве", "Мастера узбекского театра и кино", "Композиторы, музыканты, исполнители", "Декоративное искусство Узбекистана", "Наш современник". Некоторые из них (например, серия "Жизнь в искусстве") выходят на протяжении многих лет, другие (например, серия "Наш современник") созданы совсем недавно. В сериях издавались книги научно и научно-популярного характера. Как правило, издательство выпускало серии на двух языках - узбекском и русском. За 10 лет в серии "Жизнь в искусстве", вышедшей с 1963 года, издано было немало интересных книг по искусству, предназначенных для различных читательских групп.

Рассмотрим лишь наиболее значительные, которые вышли в восьмидесятые годы.

В 1980 г. в этой серии вышел упоминавшийся коллективный труд "В.В.Успенский. Научное наследие...", подготовленный НИИ искусствознания им.Хамзы. Книга эта - дань памяти замечательного человека и выдающегося музыковеда и композитора, 100-летие со дня

рождения которого отметила в 1979 г. общественность республики. Большой интерес представляла также монография Х.Такташ "Н.В.Кашни (1896-1977г.г.)", посвященная творчеству народной художницы Узбекистана, создавшей большую разнообразную почеркнутую из действительности и одухотворенную живой фантазией галерею прекрасных живописных произведений.

В 1981 г. в серии "Музыканты и композиторы Узбекистана" выпущена книга С.Векслера "Р.М. Глиэр и узбекская музыка". В ней рассказано о талантливом композиторе и музыканте, показаны связи Глиэра с Узбекистаном и его огромный вклад в национальную культуру.

Серия "Наш современник", созданная в 1978 г., включает книги об известных художниках, живописцах, графиках, скульпторах республики, об их творчестве. В этой серии вышла книга Н.Зиманшиной "Юрий Стрельников". В ней рассказывается о творчестве художника, графика и живописца, дается список его работ и иллюстрации, а также перечень выставок Стрельникова с указанием, где они экспонировались. В этом же году в этой серии вышла книга Г.Бабаджановой "Ирена Липине", посвященная творчеству одного из ведущих художников-монументалистов республики. Витражи, люстры, светильники художницы украшают многие здания Ташкента и станции метрополитена.

В серии "Декоративное искусство Узбекистана" издательство им. Г.Гуляма выпустило две книги "Золотое шитье Бухары" и "Восточная миниатюра", составителями которых является В.Полякова. В первой книге, вышедшей на трех языках (узбекском, русском и английском), рассказывается об одном из традиционных для средней Азии видов декоративно-прикладного искусства - бухарском золотом шитье.

Вторая книга повествует об одной из самых замечательных страниц художественного наследия стран среднего Востока - искусстве оформления рукописной книги. На ее страницах воспроизведены образцы декора и иллюстрации рукописей стран этого региона. На конкурсе республик Средней Азии и Казахстана на лучшие книги, проходившем в Алма-Ате в 1981 г., оба издания были удостоены дипломов первой степени.

В издании серии книг по искусству, наряду с издательством им.Г.Гуляма, участвовало и универсальное издательство "Узбекистан", оно выпускало две серии: "Архитектурные памятники Узбекистана", "Билим" ("Знание"). Серия "Архитектурные памятники Узбекистана" издавались с 1960 г. на трех языках (узбекском, русском и английском). Книги и брошюры-путеводители серии адресованы широким кругам читателей, в том числе туристам и знакомящимся с архитектурными памятниками Самарканда, Хивы, Бухары.

Так, с ансамблем мемориально-культурных построек Шахи-Зинда и Самарканда, являющимся лучшим образцом средневековой

архитектуры республики, знакомит читателей книга "Шахи-Зинда" Н.Г.Немцовой и Ю.З.Шваба. Средневековым архитектурным памятникам Самарканда посвящены брошюры-путеводители "Гур-Эмир" Н.Е.Плетнева, "Биби-Ханым" Л.Ю.Маньковской, "Регистан" К.С.Крюкова и др.

Архитектурным памятникам Бухары посвящены брошюры-путеводители "Пои-Калан" П.Захидова, "Медресе Улугбека в Абду-азиза" Л.Ю.Маньковской и др.

Среди изданий об архитектурных памятниках Хивы, вышедших в этой серии, можно назвать работы Н.И.Ноткина "Дворец Ташханум", "Мавзолеем Пахлавана-Махмуда" и "Минарет Хивы".

Таким образом, издания серии "Архитектурные памятники Узбекистана" посвящены лучшим образцам средневекового зодчества не только Узбекистана, но и Средней Азии в целом.

Серия "Билим" ("Знание") выходила с 1965 г. и издавалась на двух языках - узбекском и русском. В нее входят книги популярного характера об основных видах и жанрах искусства, о роли искусства в эстетическом воспитании, о взаимодействии научных искусств и т.д. Примером изданий, входящих в эту серию, могут служить книги "Экран и наука" Б.Хасанова, "Роль театра в эстетическом воспитании молодежи" А.Каюмова и др.

Основным центром подготовки изданий по искусству являлся институт искусствознания им.Хамзы. Первые книги, подготовленные институтом, вышли еще в начале 30-х годов - это "Песни Бухары и Хивы", "Музыка узбеков". К концу 1980 г. коллективом было подготовлено и издано около 200 книг и монографий, содержание которых фактически охватывает процесс становления и развития всех видов и жанров искусства и архитектуры республики.

Искусствоведы этого института, наряду с обобщающими фундаментальными трудами, подготовили и издали монографии и очерки, посвященные отдельным вопросам искусствознания, творчеству выдающихся представителей узбекского искусства и архитектуры прошлого и настоящего.

Искусствоведческие монографии посвящаются изучению отдельных периодов жизни и творчества мастеров искусства.

К числу таких монографических исследований относится работа известного узбекского театроведа М.Кадырова "Традиции узбекского театра". Его исследование основано на научном анализе большого фактического материала, фольклорных произведений, музейных экспонатов и архивных документов, записанных самим автором. В книге дана научная разработка проблем традиционного театра, показана его роль в становлении узбекского театра.

По отзывам прессы, монография М.Кадырова, в известной мере, восполняет проблемы в исследованиях, посвященных закономерностям становления театрального искусства республики.

Ценный вклад в разработку проблемы изучения музыкальной культуры Узбекистана, по отзывам специалистов, внесло монографическое исследование Ф.Кароматова "Узбекская инструментальная музыка".

Эта работа освещает множество отдельных вопросов, составляющих в сумме многогранное понятие - узбекская инструментальная музыка. Самостоятельное научное значение имеют приложения к монографии. В одном из них приводятся нотные записи инструментальных пьес, сделанные самим автором, краткий словарь узбекско-таджикских музыкальных терминов и названий.

Теоретическому осмыслению наиболее значительных этапов развития кинематографии республики посвящена монография известного узбекского киноведа и киносценариста Д.Тешебаева "Узбекское кино: традиции и новаторство". Эта работа знакомит с многочисленными факторами, в ней дан обстоятельный анализ лучших произведений современных мастеров кино. Однако ценность ее не только в этом. В ней прежде всего речь идет о реализации диалектической взаимосвязи традиций и новаторства в кино и еще шире о тенденциях культурной преемственности в целом, и в узбекском кинематографе в частности.

Д.Тешебаев в своей монографии показывает, как в лучших работах узбекских кинематографистов воплощаются традиции народной художественной культуры, как с помощью русского кинематографа росло и оттачивало свое мастерство узбекское кино.

Монография "Узбекское кино: традиции и новаторство" Д.Тешебаева интересна и тем, что, анализируя конкретные фильмы, автор досконально рассматривает их сценарную основу, режиссерскую интерпретацию и жизнь экранного образа в исполнении того или иного актера.

В фундаментальных трудах по истории искусствознания каждый вопрос излагается основательно, во всех его важнейших аспектах и вместе с тем обобщенно. Подведением итогов научного изучения одних вопросов и восполнением пробелов в исследовании других значение фундаментальных трудов не исчерпывается. Они отражают историческую взаимосвязь явлений в национальном художественном процессе, показывая эти явления в одном масштабе и, следовательно, четко определяя их место в истории искусства. В этом состоит ценность таких изданий, их особый вклад в науку.

К числу крупных трудов обобщающего характера относится и двухтомное издание "История узбекской музыки", вышедшей под редакцией Т.Вызго и Ф.Кароматова в 1972-1973 гг. Оба тома,

охватывающие соответственно периоды 1917-1945 гг. и 1945-1967 гг., на основе огромного фактического материала воссоздают подробную картину становления и развития музыкального искусства республики Узбекистан.

Это двухтомное издание, обобщающее опыт узбекского языковедения, является важным фактологическим источником для дальнейшего изучения истории развития музыкальной культуры.

Примером фундаментального обобщающего труда является "История искусства Узбекистана с древнейших времен до середины XIX века", подготовленная искусствоведами Института искусствознания им.Хамзы Г.А.Путаченковой и Л.Н.Ремпеля. Книга выпущена издательством "Искусство" в 1965 г. Ее появлению предшествовала большая работа узбекских искусствоведов по изучению истории отдельных видов и жанров искусства. В "Истории искусства Узбекистана..." сделана попытка свести воедино факты, освещенные в специальной печати, а также новые материалы, собранные авторами в ходе работы над ней.

Положительно оценивая выход в свет "Истории искусства Узбекистана...", в качестве ее главного достоинства рецензенты отмечали, что в ней в рамках каждой изучаемой эпохи рассматриваются как памятники архитектуры, так и памятники изобразительного и прикладного искусства, что свидетельствует о стремлении ее авторов подчеркнуть прежде всего то, что объединяет, а не разделяет эти виды искусства. Достоинство книги состоит в том, что в ней рассказано о многих ранее неизвестных памятниках искусства. Рецензенты отмечают также отличное полиграфическое исполнение и художественное оформление издания.

Прямым продолжением "Истории искусства Узбекистана с древнейших времен до середины XIX века" является фундаментальная работа "Искусство Узбекистана (1917-72гг.)", подготовленная коллективом авторов Института искусствознания им.Хамзы. Книга выпущена в 1976 г. издательством "Советский художник". Ее авторы глубоко и научно обоснованно исследовали огромный по объему фактический историкоискусствоведческий материал, что и позволило им и подробно и обстоятельно осветить развитие в республике живописи, скульптуры, графики и архитектуры от первых дней 1917 г. до 1972 г. Издание хорошо иллюстрировано, многие из воспроизведенных в ней образцов декоративно-прикладного искусства, графики, живописи, произведений театра и кинематографии публикуются впервые.

Таким образом, издание книг по искусству в Узбекистане является неотъемлемой частью развития национальной культуры и дополняет историю развития искусства.

Б.ИСАБЕК
ізденуші

**АКАДЕМИК Р.Б. СҮЛЕЙМЕНОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМЫ
ТАРИХЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

В данной статье дан анализ работ, касающихся развития науки истории Казахстана, видного историка-культуролога, академика Р.Б. Сүлейменова.

Кеңестік Қазақстанда ғылым мен ғылыми мекемелердің дамуы дұрыс жолға қойылып, жергілікті халықтан ғылымның ұлттық өкілдері шығып, өркеніетті даму жолына бет бұрғанмыз тарихи шындық.

Ғылым мен ғылымның даму тарихы жөнінде бүгінге дейін көптеген монографиялар мен кітаптар жазылды. Біз бұл мақалаға академик Рамазан Бимашұлы Сүлейменовтің ғылым тарихына байланысты зерттеулерін, монографияларын, кітаптарын желі етпекпіз және оларға тарихтың бүгінгі даму тұрғысынан қарау міндеті тұр.

Ірі мәдениет зерттеушісі, көрнекті ғалым Р.Б.Сүлейменов ғылым мен оның дамуы, ғылымның дамуына өзіндік үлес қосқан ғалымдар туралы құнды зерттеулер мен деректер қалдырды. Олардың қатарына С.Б. Нұрмұхамедовпен және В.К. Савоськомен бірге жазған "1933-1940 жылдардағы Қазақстандағы социалистік құрылыс тарихының очерктері" деген монографияны, Х.И. Бисеновпен бірге "Артта қалған халықтардың мәдени дамуының социалистік жолы" атты кітапты, "Советтік Қазақстан мәдениеті 50 жылда", "Мәдени революцияның Лениндік идеялары және олардың Қазақстанда жүзеге асырылуы", "Ұлы октябрь және Қазақстандағы мәдени өзгерістер" деген кітаптарды жатқызуға болады. Сондай-ақ "Ұлы ынтымақ жемісі", "Ұлы достық мерейі" атты зерттеулердегі және 1963 жылы, 1967 жылы, 1984 жылы шыққан "Қазақ ССР тарихы" академиялық басылымдардағы мәдениет құрылысы жайлы тараулары Р.Б.Сүлейменов қаламынан туған еді. Зерттеушінің ғылым туралы ойлары "Ш.Уәлиханов-шығыстанушы" (В.А.Моисеевпен бірге), "С.Ж.Аспандияров" (Х.М.Абжановпен бірге) атты кітаптарда жүйеленген. Республикадағы ғылымның дамуына, оның өзекті проблемаларына республикалық газет-журналдарда Р.Б.Сүлейменов көптеген мақалалар жариялады.

Рамазан Бимашұлының ғылым тарихы мен ғылыми таным мәселелерін қозғаған тырнақалды мақаласы студент кезінде жарық көрді. Ол 1956 жылы "Коммунист Казахстана" журналында жарияланған Г.Плеханов, оның ғылыми социализм идеялары жайлы мақала болатын

[1]. Мұнда жас тарихшы көрнекті марксист ойшылдың философиялық көзқарасын, пролетарлық революция және социализм туралы қағидаларын, дүниеге монистік талдауын салиқалы түсіндіре алды. Осынау шағын мақаладан-ақ автордың екі қасиеті айрықша көзге түсті: біріншісі-ғылыми танымының методологиялық тұғырының орнықтылығы, яғни алғашқы қадамынан бастап биік методологиялық мәдениетті игеруге талап қылғаны және осы бағытта төп-төуір нәтижеге жеткені, екіншісі-Г.Плеханов сияқты ірі тұлғаның бай ғылыми мұрасын жетік білетіндігі. Зерттеу тақырыбына бойлай кіру бұдан былайғы кезеңдерде де Р.Б.Сүлейменовтің айнымас дәстүріне айналды.

Әрине, Г.Плеханов мұрасына арналған мақала ғылым тарихы мен ғылым проблемаларын зерделеуді мақсат қылған жоқ. Онда бұл мәселелер екінші кезектегі орында тұрды.

Жалпы, Р.Б.Сүлейменов шығармаларындағы ғылым мәселелерінің талдануын сөз еткенде біз екі жайды есте ұстауымыз керек. Бірі- ғылым тарихы мен ғылымның теориялық-методологиялық болмысын ашқан, ғалымдардың қоғамдағы орны мен ролін баяндаған еңбектері. Екіншісі- тікелей ғылым жайлы болмаса да ғылымға қойылатын биік талаптар тұрғысынан жазылған еңбектері. Егер бірінші топқа кіретін шығармалар саны шектеулі болып келсе, екінші топты Р.Б.Сүлейменовтің қаламынан туған дүниелердің бәрі дерлік құрайды. Әрине, біз бұл жерде Р.Б.Сүлейменов еңбектері шетінен үздік деген ойдан аулақпыз. Мәселе Р.Б.Сүлейменов зерттеулерінің ізденіске толы болып келетіндігінде, олардағы баяндаудың, мәселені ашу жүйесінің қисындылығында.

Енді ғылым тарихы мен тағылымын қорытындылаған арнайы еңбектеріне тоқталайық. Бұлардың басым бөлігі қазақстандық материалдарға сүйенген.

Ғылымның дамуына арналған алғашқы мақаласы 1961 жылы "Қазақстандағы ғылымның даму тарихынан" [2] деген атпен жарияланды. Мұнда 30-шы жылдардағы ғылыми мекемелердің құрылуы, дамуы, ғылыми зерттеу жұмыстарының бағыты және ғалымдардың социалистік құрылыс ісіне үлесі баяндалды. Кандидаттық диссертация ауқымында дайындалған еңбек болғандықтан, хронологиялық шеңбері 1933-1940 жылдар аралығын қамтып жатты.

30-шы жылдарғы Қазақстан ғылымы жоғарғы оқу орындарында, бірен-саран ғылыми зерттеу институттарында шоғырланғаны белгілі. Р.Б. Сүлейменов осылардың ішінен 1932 жылы шаңырақ көтерген КСРО Ғылым академиясының қазақ базасына айрықша назар аударады. Автордың пайымдауынша, осыдан бастап республикадағы ғылымның дамуында маңызды ілгерілеулер орын алды. 1932 жылы республикадағы ғылыми мекемелердің жүйесін 75 мекеме құраса, 1934 жылы олар 91-ге

жетті, оның ішінде ғылыми-зерттеу институттары -15, тәжірибе станциялары -16, тірек пункттері мен лабораториялар -60. Осы мекемелерде 1932 жылы 558 ғылыми қызметкер еңбек еткен екен, ал 1934 жылы 844-ке жетеді, бұлардың төрттен бірін қазақтар құрады [2]. Мақалада ғылыми кадрлар саны мен құрамына айтарлықтай мән берілуі кездейсоқ емес деп ойлаймыз. Өйткені ғылымның тағдырын шешетін мекеменің аты емес, ондағы ғалымдар. Мәселенің осы қырын деп басып ұққан Р.Б.Сүлейменов аспирантура тарихына жіті үңілген. Алғаш рет ол 1936 жылы КСРО Ғылым академиясының қазақ базасының жанынан ұйымдастырған еді. Оған 15 аспирант қазақ қабылданады: зоологиядан -3, ботаникадан -3, геологиядан -4, Қазақстан тарихы мен әдебиетінен-5 [2]. Осы жылдары Қазақстанның барлық жоғары оқу орындары мен ВАСХНИЛ-дің қазақ филиалы жанынан аспирантура ашылды.

Ұлттық ғылыми мамандарды даярлауда көптеген қиыншылықтар мен кедергілер алдан шықты. Басты қиыншылық ретінде өлкедегі жоғары дәрежелі ғалымдардың аздығы айтылады. Мамандардың өсуіне орталықтың көмегі, өсіресе Мәскеу мен Ленинградтың қолғабысы игі әсер еткені дұрыс бағаланған. КСРО Ғылым академиясының көрнекті ғалымдарының басшылығы мен қамқорлығының арқасында 30-шы жылдары танымал болған қазақ ғалымдары деп геологтар - Қ.И.Сәтбаевты, Р.А.Борукаевты, биолог К.М.Мыңбаевты, гидрогеолог У.М.Ахмедсафинді, химик А.Б.Бектұровты, тарихшылар С.Ж.Аспендияровты, Ф.Тоғжановты, филологтар Қ.Жұбановты, С.Аманжоловты, С.Кеңесбаевты, философ І.Қабыловты т.б. көрсетті [3].

Қазақстандағы жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының кең өріс алуының нәтижесінде КСРО Ғылым академиясының Қазақстандық базасы -1938 жылы КСРО Ғылым академиясының Қазақстандық филиалы болып қайта ұйымдастырылды. Оның төрағалығына геолог, көрнекті орыс ғалымы, академик А.Д.Архангельский тағайындалды.

Ой таластыру ақыры әзіл, оспақ, қалжыңға ұласады. Сын садағына ілініп, күлкіге ұшырайтындар - жеңілген топ. Сондықтан әлгідей көпшілік жиналған сауық үстінде жұмбақ егесінен жеңіліп, мазаққа қалмас үшін қай адам да жан-тәнін салады. Оқыстан қойылған жұмбақты тез ойлап, қолма-қол шешу оңайға түспейді. Қарсыласын сүріндіру мақсатында тартыскерлер тек жұртқа таныс, үйреншікті, жаттамалы жұмбақтарды қайталаумен шектелмеген, қызды-қыздың үстінде тапқырлыққа, суырып салушылыққа жол ашылып, бұрын естімеген, тың, соны жұмбақтар дүниеге келіп жататын. Осындай табан астынан дүниеге келетін жұмбақтардың ішінде тыңдаушылардың жүрегін баурап, зердесінде ұялап жазылған хаттай сақталып қалатындары аз болмайды. Жауап таппай қиналғанда “қатты ма, жұмсақ па?”, “елде ме, түзде ме?”, “суда ма, қырда ма?”, “аспанда ма, жерде ме?”, “жанды ма, жансыз ба?” деген сауал қою арқылы нысанаға алынған заттың кейбір белгілерін айқындап алуды мақсат еткен.

Өзбектерде жұмбақты таба алмаса, жасырушы жаза ретінде шаһар беруін сұрайды [6]. Таппаған кісінің шаһар беремін деген сөзінен кейін ғана жұмбақ жауабы, жасырылған заттың аты айтылады. Яки туған қаласын беру - жеңілгендігін мойындау, бас ию деген сөз, бұдан артық жаза түрі бар ма?

Қарашайлар жұмбақты “ел берген джомаклар” деп атайды, бұл сөздің шығуына көне ғұрып себеп болған. Жасырғанын таба алмаған адамнан “ел беруін” сұрайды [10].

“Сүйген елі берілген” соң ғана жұмбақ жауабы айтылған. Әр табылмаған жұмбақ үшін жаңа ел берілген. Төңкерістен кейін “ел” орнына “шаһар беру” ғұрпы шыққан. Жұмбақ жасырушы сыйлаған елді қабылдамай өзі таңдаған, ұнатқан елді қалап алуға ықтиярлы. Жұмбақтың күрделілігіне, көптігіне қарап жұмбақшы талай ел алуы мүмкін. Кейде сәтті айтылған бір жұмбақты бірнеше елге бағалауға ерікті. Бұрын қарашайлар отырықшылыққа толықтай өтпеген кезде елді мекен аттары аздау болған уақытта ру аттары сыйланған.

Түріктерде “білмежінің” яки жұмбақтың шешімі сатылады, ақы ретінде шаһар не мемлекет талап етіледі, жай кенттер емес, Стамбул, Измер, Анкара тәрізді көрнекті мекендерге қолы жеткен соң ғана қиын шешімі айтылады [11].

Жоғарыдағы салыстырулар түркі халықтарының біразында жұмбақ айту, жасыру ғұрпында ұқсас сипаттар мол екендігін айғақтайды. Алайда бұл ғұрыптық, ойындық сипаттары уақыт өте келе ұмытылған, тек өткеннің естелігіне айналған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ әдебиетінің тарихы. I том, Бірінші кітап, А., 1960, 181-б.
2. Пермяков Г.Л. Основы структурной паремиологии. М., 1988, с.201.
3. Тілеужанов М. Ел әдебиеті. А., 1992, 9-б.
4. Саттаров Қ. Жұмбақтың айтылу тарихынан// “Қазақ тілі мен әдебиет мәселелері”, Қазақ ССР Жоғарғы және Орта Арнаулы Білім Министрлігі, IX шығуы, А., 1972, 89-б.
5. Татар халық ижаты. Табышмақлар. Казан, 1977, 12-б.
6. Хусаинова З. Узбек топишмоқлари. Тошкент, 1966, 18-б.
7. Укачкина К.Е. Алтайские народные загадки. Автореф. канд.дисс. Горно-Алтайск, 1983, с.30.
8. Бардаханова С.С. Система жанров бурятского фольклора. Новосибирск, 1992, с.30.
9. Алымов Ә. Қарақалпақ халық жұмбақтары. Нөкіс, 1990, 9-б.
10. Алийланы Солтан. Къарачай халкъни эл берген джомакълары, Черкасск, 1984, 9-11-б.
11. Turk Dunyasi el kitabi. Ucuncu cilt, Edebiyat, Ankara, 1992, 364-s.

3. ОРАЗБЕКОВА

ізденуші

МУСАБЕК БАЙЗАҚОВТЫҢ АҚЫНДЫҚ ШЕБЕРЛІГІ

В статье рассказывается о творчестве поэта Мусабек Байзақұлы, о его поэтическом мастерстве и о ярком, самобытном таланте.

Қазақ әдебиетінде "Молда Мұса" атымен танылған екі ақын бар. Бірі - Мұсабек Байзақов, екіншісі - Мұса Жұманазаров. (Оңтүстік Қазақстан облысы Қазыбек ауданы), бұрынғы Киров ауданында дүниеге келген). Мұса Жұманазаровтың сүйегі Асық-Ата мазаратында қойылса, Мұсабек Байзақұлы Қарату бөктерінде Шоқтас деген туып-өскен жеріне қойылғаны баршамызға мәлім [1].

Шағын мақаламызда Мұсабек Байзақұлының айтыстағы шеберлігіне қысқаша тоқталмақпыз.

Айтыс - өнер сайысы. Қазақ ақындарының айтысы ерте дәуірлерде-ақ қалыптасқан. Айтыс өнері ішінде ақындар айтысы ерекше орын алады. Соның бірі - "Молда Мұса мен Манат қыз айтысы". Мұсабек Байзақұлының айтыстарының саны бірнеше. Мысалыб "Молда Мұса мен Бұдабай", "Сырым қызға Молда Мұсаның қыпшақтардың жамандауынан шыққаны", "Молда Мұса мен Манат қыз айтысы" (хат алысу жолымен жүргізілген жазбаша түрі), "Молда Мұса мен Манат қыз айтысы", "Молда Мұсаның Сырым қызға жазған хаты" сияқты. Бірақ, Мұсабек ақынның бүгінгі ұрпақпен қауышқан айтысы Манат қызбен айтысы. Бұл айтыс жөнінде де зерттеуші ғалымдар мен ақын-жазушылар, жалпы оқырман қауым өздерінің пікірлерін мерзімді басылымдар бетінде әрдайым білдіруде.

"Молда Мұса мен Манат қыз айтысы" жайлы көп зерттеген ғалымдар М.Әуезов, Ө.Тұрманжанов, Н.С.Смирнова, Б. Ысқақов, Р.Бердібай, Ө.Оспанұлы, Қ.Саттаровтардың еңбектерін атауға болады. Осы айтыстың пайда болу тарихының кейінгі кезде мағлұматтармен толыға түсуі - ақын мұрасын зерттеумен бірге - ғылыми ізденістердің тереңдей бастағандығын көрсетеді. Бұған бір мысал ретінде "Молда Мұса мен Манат қыздың айтысының жаңа нұсқасын" алсақ, осы айтыстың бұған дейінгі басылымдарда барлығы 356 жол болса, біздің қолымыздағы нұсқаның 256 жолға артық шығуы, айтыстың едәуір толық варианты табылғандығын көрсетеді [2]. Ал, екінші мысал ақынның "Сапарбекке" деген өлеңі де 1995 ж. Шымкенттен [2] шыққан өлеңдер жинағында барлығы 8 жолдан тұрса, біздің қолымызда 12 жолдан тұруы да осыған дәлел емес пе?! Дегенмен де, ақынның туылғанына 150 жыл толу қарсаңында М.Байзақұлы секілді мұрасы ұзақ жылдар бойы халыққа

толық танылып болмаған дарынды тұлғалардың кітабын жарыққа шығару дегеніміз - оларды тек жариялаумен ғана бітпейді. Бұл жоғары баспа мәдениетін барынша талап ететін күрделі іс. Ал, мысал өлеңдерінен әлеуметтік мәнмен астарына тереңдей үңіліп, қызықты тұжырымдаған ғалым Рахамнқұл Бердібай. Бір кезде қазақ әдебиеті тарихы кітабына арнайы мақала жазған ғалымның, сол мақалада тұжырымдаған ой-пікірлер ақын мұрасының кейінгі зерттеулеріне бағдарламалық қызмет атқаруда.

Молда Мұсаның айтыстағы, жалпы ақындық шеберлігі көбінесе тұрмыс-салт, халық дәстүрі негізінде жырланды. Оның шығармаларында эпитеттің сан түрі құлпырып көрінеді. Мысалы: ақ бет, атқан таң, қараңғы үй, қызыл бет, көзің от, ақшыл бет, жібек шаш, қасың жай, кірпігің от, аршын төс, алма мойын, қызыл гүл, гауһар тас, алтын айдар, шыбық бел, көзі тұнық, қызыл түлкі, пісте мұрын, қиғаш қас, жауыр ат, т.б. алуға болады. Айтыс негізінде дәстүрлі қазақ ауыз әдебиетіндегі теңеу мен метафора айқын көрініс табады. Молда Мұсаның шығармаларының қай-қайсысы болса да өзіндік ерекшелікке ие. Кейде әйел теңдігі мәселесі де сөз етілсе, кейде адамзатты туралыққа жетелгендей. Мысалы: "Түзу терек" өлеңін алып қарасаңыз, мына жолдар осыған дәлел сияқты:

...Тура жүрсек азбаймыз Сіз бенен Біз,
Жақсы болмас еш қыңыр басылған із.
Бір алып туралықтан жүрер мыңға,
Қыңырлық не шығады болсада жүз?

Қорыта келгенде, Мұсабек Байзақұлы қазақ әдебиетінде Қаратау өңірінен шыққан өзіндік ерекшелікке ие ақындарымыздың бірі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Саттаров Қ., Оразбекова З. "Молда Мұса мен Манат қыздың айтысының жаңа нұсқасы". Түркістан. 1996 ж.
2. Оспанұлы Ә. "Молда Мұса". Шығармалар, Шымкент. 1995.

А.ОЙСЫЛБАЕВА
ізденуші

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ҚАЗАҚ ӨЛЕҢІНІҢ ӨРНЕКТЕРІ ТУРАЛЫ

Статья освещает литературоведческие мысли А.Байтұрсынова, сконцентрированные в книге "Әдебиет танытқыш" ("Теория словесности"). В частности, речь идет о поэтических и стиховедческих научных концепциях А.Байтұрсынова.

Қазақ әдебиеті теориясының алғашқы қарлығашы Ахмет Байтұрсынов өзінің атақты "Әдебиет танытқыш" атты кітабында: "... шығарма тілінің екі түрлі, яғни ақын тілі (поэзия болса керек), өншейін тіл (проза болса керек) болатындығын" жазған.

Әдебиеттің осы екі түрінен Ахаң поэзияны, оның ішінде өлең түрлерін көбірек қарастырған. Әрине бұл тақырыпта Ахаңа дейін де біраз қалам тербегендер болды. Халық мұрасының асыл үлгілерін танып, тауып, тарихи тегіне ден қойған Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, И.Н.Березин, Г.Н.Потанин, В.В.Радлов, А.И.Левшин, Ә.Диваев және тағы басқалар қазақ өлеңі түрлері жөнінде салиқалы пікір айтқан.

Шоқан Уәлиханов поэзия жанрын: өлең, жыр, жоқтау, қара өлең, қайым өлең деп бес түрге бөлген. Мұнда қазақ өлеңі ұлттық ерекшеліктеріне қарай жіктелген. Шоқан халқымыздың рухани қазынасында бұл өлең түрлерінің толық сақталуы қажеттігін айрықша атап өтеді. Бірақ қалайша сақталуы тиіс? Ұлы ғалымымыз өлең түрлерінің сақталуын оның орындаушылар типтерімен байланыстырады. Біріншілері - жыршылар (сказатель). Бұларды ғалым Грециядағы рапсодтармен яғни грек эпикалық жырларын жаттап алып, ел арасында айтушылармен салыстырады. Екіншілері - суырып салма ақындар (певец-импровизатор). ... қазіргі кезде осы жыршылар немесе өлеңшілер қырда көп болғанымен олардың көбісі суырып салма ақындар. Ал, дәстүрлі ескі жыр-дастандар жаңа ұрпақтарға белгісіз себептермен жылдан жылға айтылмай қалып бара жатыр. Оларды білетіндердің өздері де аз қалды"[1],- деп өдемі дәстүрімізден елдің көз жазып бара жатқандығын сол кездің өзінде-ақ қынжыла, жаны ауыра айтып жазады.

XIX ғасырда қазақ өлеңі түрлерімен Шоқаннан кейін шұғылданғандар көп емес, бірді-екілі ғана зерттеушілер. Белгілі шығыстанушы В.В.Радлов өзінің "Оңтүстік Сібір және Жоңғар даласында өмір сүретін солтүстіктегі тайпалары халық әдебиетінің үлгілері" /1870/ атты әйгілі еңбегінде қазақ поэзиясының тіліне, жанрына, стиліне, көркемдік ерекшеліктеріне қатысты күні бүгінге дейін маңызы солғын тартпаған ой-тұжырым жасап, қазақ өлеңінің кейбір үлгілерін хатқа

түсіреді. Радловтың қазақ өлеңінің тарихи қалыптасуына байланысты айтқан пікірлері назар аудартады. Бұл елге талай рет басқыншылық шабуыл жасалды, жат жұрт өз мәдениетін, әдет-ғұрпын күштеп тануға тырысты. Қайсыбір ықпалға қарамастан яғни "исламның шұбарлағыш әсеріне бой алдырмай" "қазақ өлеңі әуел бастағы таза түркілік" қалпын сақтап қалды. Ал өлең түрлеріне келсек, "қазақтың бүкіл өлеңдерінің түп негізі ретінде қазақтар өздері "өлең" және "жыр" деп атайтын екі түрлі өлең түрін қабылдауға болады. Өлең негізінен суырып салып айту кезінде қолданылады"[2],- дейді.

Қазақ өлеңінің пәрменділігін, әлеуметтік өмірде араласпайтын мәселесі болмайтыны туралы жазған тағы бір орыс ғалымы А.И.Левшин [3] қазақ өлеңдерін жанр-жанрға бөліп саралауға тырысты. Левшин қазақ өлеңдерін тақырыбына қарай: батырлық (эпос және тарихи өлеңдер) жырлар, тұрмыс-салт жырлары, лирикалық өлеңдер деп бөлді.

XX ғасырдың бас кезінде жаңа заманның жас толқын қайраткерлері, яғни Ахмет Байтұрсынов [4], Мұхтар Әуезов [5], Сәкен Сейполлаұлы [6], Есмағамбет Ысмайылов [7], Сәбит Мұқанов [8] қазақ әдебиетінің теориясын, тарихын жазып, сөз өнеріміздің көркемдік-эстетикалық ғылыми негізін жасағанда өздеріне дейінгі азды-көпті тәжірибелерге сүйенгені белгілі.

Әдебиет теориясын қазақ ұғымына лайықтап, сөздің өнерге айналу тәсілдерін түсіндірген А.Байтұрсыновтың өлең өрнегі туралы пікірлерін бөле-жара айтуымыз керек. А.Байтұрсынов зерттеуші-ғалым ретінде қазақ әдебиетінің даму кезеңін жеке бөліп қарастырмайды, барлық халықтар әдебиетіне ортақ, төн сипаттармен ұштастыра отырып талдайды. Өнерпаз елдер әдебиетіне төн көркемсөз түрлерінің қазақ әдебиетінде де бар екенін, бола бастағанын, келешекте дамитынын ғылыми негіздерге сүйене отырып жазады.

Өлең сөйлемдерінде сөз ырғақтарының үстіне өлең ырғақтары қосылады. Өлең ырғақтары сөйлемдердің ішіндегі буын санының бірдейлігімен, кестелерінің реттілігімен, сөздерінің өзесіз ұқсастығымен келетін ырғақ. Буын ырғағынан өлең ырғағын айыру үшін бұл ырғақты "жорғақ" деп атайды. Өлең тармақтарының бірнеше бунаққа бөлінуі оның ырғағын күшейтіп, ширата түседі. Бунақ пен бунақтың арасындағы дауыс толқынының жіктерін кезең деп атайды. Оның өзі іштей ұлы, кіші кезеңге тағы да бөлінеді (206-бет). Ғалым өлеңнің жорғағын тіл табиғатына қарай үшке бөледі: 1. Дауысты дыбыстарда ұзын-қысқалық бар тілдер яғни араб, латын тілдері; 2. Екпін буыны бірыңғай келетін тілдер яғни француз, чех тілдері; 3. Екпін буыны бірыңғай келмейтін тілдер яғни ионан, неміс тілдері.

Қазақ тілінде екпін буыны сөздің аяғында келетіндігі жағынан француз тіліне, ал екпін буыны сөздің аяғына таяу келетін сөздерімен

поляк тіліне ұқсастығын және ғалым қазақ тілінде өлең шығарудың да негізгі шарты буын санын бірдей орнына келтірумен орындалатынын түсіндіреді.

Өлең шығарудың үлкен өнер екендігін айта келіп, жорғағы келмеген өлеңді өлең деуге келмейтіндігін және жалғыз буынды бунақтың тек пугыршыларда (бұл жерде ғалым нысанға футурист ақындарды алып отыр - О.А.) ғана кездесетіндігін көрсетеді. “Футуризм - XX ғасыр басындағы еуропалық елдердің негізгі авангардистік ағымдарының бірі. Орыс поэзиясында футуристердің алғашқы өкілдері - В.В.Маяковский, В.В.Хлебников, Б.Л.Пастернак және т.б. ақындар. Бұлар үшін әдеби шығармашылық табиғатқа жалаң еліктеушілік емес, сол табиғаттың жалғасы іспетті, сонда табиғаттың өзі адамның ерік-күшінің арқасында болашақта “жаңа адамның” дүниеге келуі, “көненің сөзсіз күйреуі”. Футуристер жанды әңгіменің орнына (живой разговорный язык) тоникалық өлеңдерге ден қойды, жаңа фонетикалық ұйқастар ойлап тапты, өздерінің шығармашылықтарында жеке диалект (индивидуальный диалект) сөздер қолданып, өлең кестесін өзгертуге эксперимент жасады (“визуальды поэзия”), әдебиетке “тұрмыстан тыс және өмірлік пайдасы шамалы” (Хлебников), “өмір үшін аса қажетті” /Маяковский/ сөздерге дейін енгізді” [9].

Кімде кім ескіше жазса, ол ескінің құлы. Міне, алдарына осындай талап қойып, ескінің бөріне үзілді-кесілді қарсы шықты. В.В.Маяковский поэзиясының мазмұны, формасы, тілі, стилі, ырғағы, кестесінің түгелдей жаңаша болғанын ақынның өлеңдерінен көреміз. Ол тек жаңа идеяны, жаңа мазмұнды ескіше жырлауға болмайтындығын уағыздады өрі оны өзі поэзиясымен дәлелдеп берді. 20-жылдардағы қазақ поэзиясындағы жаңа идеяны, жаңа мазмұнды игерумен қатар оған лайық форма табу қиынға соқты. Осы жаңашылдықтың алғашқы соқпағын қазақ поэзиясында салушылардың бірі - Сәкен Сейфуллин болды. Осындай қиындықтан тек Сәкен сияқты өршіл, тапқыр ақындар ғана өз формасын, өз мазмұнын тапқандай болды. В.В.Маяковский поэзиясы орыс өлеңін қаншалықты жоғары көтерсе, Сәкен Сейфуллин де көп ізденіп, көп үйреніп қазақ поэзиясын жаңаша лепте, жаңаша түрде соншалықты сөйлетті өрі жырлатты.

А.Байтұрсынов сөйлемдердің өзін екіге, яғни “өрнекті сөйлемдер”, “өлеңді сөйлемдер” деп бөліп алады. “Өрнекті сөйлемдер - құрмалас сөйлемдердің бастары қосылып кестелі болып құралуы. Өрнекті сөйлемді айтқанда дауыс көтеріліп, төмендеп өнше оралып отырады, сондықтан да ол “оралым” немесе “шұбыртпа” делінеді” (179 бет). Оралым - шумақты жырға, өлеңге ортақ, өзінше синтаксистік тұтастығы бар өрнекті сөйлем.

Поэзияда құрмалас сөйлем аяқталған ойды білдіру үшін формалық жағынан да, интонациялық жағынан да тиянақты болуы шарт.

“Өлең түрінде келген күрделі синтаксистік тұтастықтың жігін ажыратып талдауда өлеңнің белгілі бір тәртіппен шумаққа бөлінетіндігінің мәні бар. Ал шумақ емес, тирадаға бөлінетін 7-8 буынды жырда мұндай заңдылық жоқ. Кейде қысқа жеке жолдың өзі бір сөйлем, кейде 2-3, тіпті 3-4 жол бір-ақ сөйлем болып құрыла беретіндігін” Рабиға Сыздықова “Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы” (1970) атты кітабында баян етеді.

Өлеңде құрмалас сөйлемге кіретін жай сөйлемдерді өртүрлі ретпен топтастырып, синтаксистік оралымды өте күрделі етіп, өрнектеп келтіру мүмкіндігі мол. А.Байтұрсынов себепті, мақсатты, ұқсатпалы, жалғасынқы, серіппелі, айырықты, қайшы, шартты, қорытпалы деп атаған оралым түрлері осыған дәлел бола алады. Абай мен Махамбет ақынның өлеңдерінен осының бір-екеуіне мысал келтіріп көрейік:

Шартты оралым: Құрсаған бұлт ашылмай,

Аспанның жүзі көгермес.
 Үрпиген жүрек басылмай,
 Талапты көңіл басылмас.
 Шырайды қайғы жасырмай,
 Күлкінің ерні кезермес.
 Шыдасан есті қашырмай,
 Қылдатып, қор ғып жібермес.

(Абай).

Қайшы оралым: Қарағайға қарсы бұтақ біткенше,

Еменге иір бұтақ бітсейші.
 Қыранға тұғыр қыларға.
 Ханнан қырық туғанша,
 Қарадан бір-ақ тусайшы.
 Халықтың кегін қусайшы.

(Махамбет).

Себепті оралым: Мен боламын демендер,

Аяқты алшаң басқанға.
 Екі көзің аларып,
 Құр қарайсың аспанға.
 Бір ғылымнан басқаның
 Бөрі де кесел асқанға.
 Өйткен адам жолығар,
 Кешікпей-ақ тосқанға.

Бұл оралымдар әдебиет теориясынан гөрі тіл біліміне тікелей қатысты нәрселер. Осы тұрғыдан алғанда, А.Байтұрсыновтың

әдебиетшілігінен (зерттеуші) гөрі тілшілігі (лингвист) басым түсіп жататын сияқты. Жалпы “оралым” термині Ахметтің әдебиет тануға қосқан жаңалығы.

Адам баласының сөзі екі түрлі орынға: күн көріс, көңіл көтеріс ісіне жұмсалған. Бастапқысына қара сөз (проза болса керек), соңғысына өлең (поэзия болса керек) деп қазақ ат қойғандығын және өлеңнің өзін тағы екіге (өнді өлең, мәнді өлең) жарып, одан мынадай өлең түйеді: “өні басым мәні кем, ажары аз өлеңге қара өлең, өні кем мәні мол, ажарлы өлеңді жыр деп атаған” (187-бет). Қазақтың жыр деп ат қойған ескі өлеңдерінің көбі-ақ екі бунақты тармақ, ал қара өлең деп атаған ескі өлеңдерінің бәрінде де үш бунақтық тармақ болады” (197-бет) деген пайымдауының сілемі біз жоғарыда атап өткен Ш.Уәлихановтың ой-толғамдарында жатыр.

В.В.Радловтың: “Өлең 1-2-ші және 4-ші жолдары ұйқасып келетін 4 жолдан, әр бір өлең үш бунақтан тұрады. Жыр өлшем жағынан минусин татарларының батырлық жырларына ұқсас, өлеңге қарағанда белгілі заңдылыққа аз бағынады”. Сонымен бірге өлең жолдарының тармақтарының бірнеше бөлшектерге бөлінуі, яғни бунаққа бөлінуі қазақ өлеңімен қатар “қырғыз, өзбек, түркімен т.б. түркі тілдес халықтардың поэзиясында кеңінен тараған” деуі де орынды пікір. Әрине жоғарыда айтылған Радлов пікірлері қазақ өлеңінің табиғатын жан-жақты ашып көрсетпейді. Себебі бұл пікірлерді айтушылар қазақ өлеңінің жүйесін арнайы зерттеуді мақсат тұтпаған. Тек қана өлең жүйесінің кейбір ерекшеліктерін ашуды ғана мұрат еткен. Алайда осы айтылған пікірлердің барлығы өлең туралы ғылыми тұжырымдардың алғашқы арналары болып табылады. Өлең жүйесі, оның ішкі ерекшеліктері (шумақ, буын, бунақ, ырғақ, ұйқас, жорғақ, оралым, кезең, айшық және т.б.), өзгеру, даму заңдылықтары жайында жүйелі, толымды тұжырымдар тұңғыш рет Ахмет Байтұрсыновтың “Әдебиет танытқышында” жинақталған. Ғалым осы кітабында өлең жүйесіне қатысты барлық термин атауларды қалыптастырды. Ол поэзияға және т.б. жанрларға байланысты термин-атауларын жасауда қазақ тілінің өз сөздік қорына иек артқан. Күні бүгінге дейін маңызын жоймаған бұл терминдер ғылыми айналымнан өз орнын алған.

Қазақ өлеңінің буын саны бір тармақ ішінде 2 мен 13 арасында болатынын ғалым мысалдарына арқау еткен. “Жар-жар” - 13 буынды; жай өлең - 11 буынды; ескі жырлар - 7-8 буынды” (206-бет). Сол кездегі ақындардың өлеңдерінде бұл түрлердің бәрі де кездеседі. Мысалы: “6 буынды тармақ - Мағжанның “Сең” өлеңінде; 5 буынды тармақ - Абайдың “Сегіз аяғы”; 4 буынды тармақ - Абайдың “Сырласа алмай” өлеңі мен Мағжанның “Жұмбағы”; 2 буынды тармақ - Мағжанның “Біраз фетше” өлеңінде” (206-бет). Біздің бұған қосарымыз, ғалымның “Жұбатұ” атты өлеңі 4 буынды тармақпен жазылған.

Тармақ ұйқастығы жөнінде А.Байтұрсынов былай ой түйеді: “Ұйқастық түрліше болады. Ұзын тармақты, жеке шумақты өлеңдерде 1-2-4-ші тармағы ұйқасып, 3-ші тармағы ұйқаспай азат қалады (бұл жерде ғалым кәдімгі қара өлең ұйқасын айтып отыр- О.А.). Ескі жырлардың көбісінің ұйқасуы тәртіпсіз болады. Қысқа тармақты өлеңдердің тұтас шумақтылары ұзын тармақты өлеңдерше ұйқасады да, жеке шумақтылары не ұзын тармақты өлеңдерше кестесінің түріне қарай түстес тармақтылары ғана ұйқасады. Осылай ұйқастыру Абайдан басталады” (207-бет).

Қазақ халқының ертедегі Абайдан бұрынғы өлең құрылысы туралы бұған дейін пікір айтқан зерттеушілер, солардың ішінде ғалым, профессор Бейсенбай Кенжебаев ол жөнінде: “Абайға дейінгі қазақ өлеңдерінде екі-ақ түр болды. Бірі-4 тармақты 11 буынды ақсақ ұйқасты қара өлең; екіншісі-тармағы, ұйқасы айнымалы 7-8 буынды жыр” [10] деген қорытындыға келгендігін жазды.

Қазақ өлеңінің білгір маманы академик Зәки Ахметов Абайдың поэзиямызға енгізген өлең өрнегі жайында: “Абай поэзиямызға тыңнан қосқан “Сегіз аяқтың” өлең өрнегі - ырғағы, шумағы, ұйқасы, оралымдылығы, өзгеріп, түрленіп отыруға бейімділігі көркем түрді мазмұн байлығына, ой-тереңдігіне үйлестіре білу шеберлігінен туған. Абай халық тілінің ырғақ-интонациялық байлығын жақсы сезінді, ең ұтымды ырғақтық өрнектерді толғап, екшеп алып, жаңа ұтымды өлшеулер туғызды. Қазақ тілінің үнділік, әуезділік сипаттарын толығынан ашып бере білді” [11], -дейді. Қорыта айтқанда, қазақ өлеңінің жанрлық түрлерін, тармақтың ішкі құрылысының заңдылықтарын анықтап, бір ізге, бір жүйеге түсіруде Ахмет Байтұрсыновтың еңбегі ең алғашқы маңызы зор еңбек екендігін баса айтқымыз келеді. Ғалымның бұл ғылыми тұжырымдары мен ой-түйіндері өзінен кейінгі осы салада сөз қозғаған ғалымдарға көшбасшы пікір бола білді. Ғылымның даму дәрежесіне сәйкес А.Байтұрсынов қағидалары әр түрлі тараптан ғылыми негізі тереңдетілді. Атап айтқанда, академиктер Қажым Жұмалиев (“Әдебиет теориясы”, 1960), Зәки Ахметов (“Қазақ өлеңінің құрылысы”, 1964), Зейнолла Қабдолов (“Әдебиет теориясының негіздері”, 1970) кітаптарында қазақ өлеңінің ішкі құрылысы жайында кейбір өлең өрнектерін ажыратып, талдаған. Мұның барлығы ғылымның балаң шағында айтылғанымен, терең талғам, таным мен білгір білікті танытқан А.Байтұрсынов пікірінің өміршеңдігін көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Валиханов В.В. Собр.соч.в пяти томах. А-А-., 1984, 285-286 бб.
2. Ел қазынасы-ескі сөз. /В.В.Радлов жинаған қазақ фольклорының үлгілері/ А.,1994, 12-бет.
3. Левшин А.И. Описание киргиз-кайсацких орд и степей. 3 томдық, Спб., 1832,136-бет.
4. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Ташкент, 1926.
5. Әуезов М. Әдебиет тарихы. Қызылорда-Ташкент, 1927.
6. Сейполлаұлы С. Қазақ әдебиеті. Алматы, 1932.
7. Ысмайылов Е. Әдебиет теориясының мәселелері. Алматы, 1934
8. Мұқанов С. Қазақ өлеңі туралы. "Соц.Қазақстан", 1935.
9. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. /кұраст.: З.Ахметов, Т.Шаңбаев/ А., 1996, 219-220 беттер.
10. Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. А., 1986, 82-бет.
11. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. А.,1973, 180-бет.

Ж.КАМАЛОВА
ізденуші

БАЛА ОҚЫТПАҚ ПАЙҒАМБАР ПАТИХАСЫ
(Ақылбек бин Сабалдың оқытушылық қызметі жөнінде)

В этой статье освещается педагогическая деятельность и мысли поэта-просветителя Ақылбек бин Сабал, который является одним из крупных представителей казахской литературы в начале XX века.

XIX ғасырдың басында - кітаби ақындар деп аталатын, отыздан астам өлең кітабы шыққан ақын Ақылбек бин Сабалдың өз уақытында ұлт алдында атқарған тағы бір ірі қызметі - оның ұстаздық, оқытушылық қызметі. Ақылбек бин Сабалдың өмірбаяндық мәліметтері өте аз сақталған. Оның қандай кітап шығарғаны туралы библиографиялық көрсеткіші де - өзінің кітаптарында өлеңмен жазып қалдырған мәліметтері.

Оның оқытушылық қызметі жайында да шыққан кітаптарында өзі айтып кеткен деректерге сүйеніп сөз етеміз. Әртүрлі жинақтарында өзінің оқытушылығы туралы сараң болса да мәліметтер кездеседі.

“Дәл отыз бір жасымда тауық жылы
Қараталда бала оқытып тұрғанымда”.

“Хәр жерде бала оқытып тентіредім”

“Хәр елге бала оқытып, молла болып,
Сарғайып зағытыралдай азайын да”.

“Бала оқытпақ - пайғамбардың патихасы”
Деген сөз кітаптағы қайда кетті?

“Онүштен мен Ақылбек бала оқыттым”.

Осы жолдар біздің назарымызды аударып, оның оқытушылық қызметі қызықтырды. Өйткені, біз молда деген сөзді естісек, оқытып отырғанын өзге түгілі өзі де түсінбейтін, балалардың босқа уақытын алып, қит етсе көк шыбықпен сабап, өзі жұрттың қайыр-садақасын аңдып отыратын білімсіз жанды елестетіп өскен ұрпақпыз. Сондықтан Қазаннан басылып шыққан өлең кітаптарындағы “Ауыл молдасы Ақылбек бин Сабал” деп өзі жазған анықтаманың да таңырқатқаны рас. Өйткені қазақ әдебиетінде ұстаз-ақындарға орысша оқытатын “школдарда” сабақ бергендер ғана саналып келді. Жақсылыққа жол сілтеген тәрбиеші, білімге жол ашқан ұстаз деген ұғым тек осыларға ғана лайық деген біржақты түсінік етек алған еді. Ал, араб-парсы тілдерін терең меңгерген, ислам діні негізінде білім берген молдаға ұстаз деген атты қимадық. Бұлардан шөкірт сауат ашып, тәлім алып шығады деген ойды ойлаудың өзі мүмкін емес еді. Бұл айтылғанға мысал көп. Тіпті, Ахмет Риза

медресесінде дәріс алып жүрген Абайды орыс мектебіне берушілік те ескі оқуға көңіл толмағандықтан болатын. Осы кезге дейін бұрынғы медреселердегі оқу денгейі арнайы сөз болмай келгені де діни білімге теріс көзқарастың салдары демеске болмайды. Осындай түсініктің ықпалымен кеңестік тәрбие алған ұрпақ молда мен білікті ұстаз деген сөзді “қабыстыра” алмағаны түсінікті. Ақылбек бин Сабалдың ұстаздық қызметі жөнінде сөз болмай келгені де осындай жағдайға байланысты. Ақылбек бин Сабал өзі шығарған әр түрлі жинақтарда он үш жасынан бала оқытып, ауыл-ауылда жүргенін айтып отырады. Сол жасынан бастап өлең де шығара бастағаны байқалады. Ақылбек бин Сабалдың өзі туралы айтқан осындай сараң мәліметтері болмаса, басқа дерек жоқтын қасы. Сонда да бір ақиқат - оның өмір бойы ұстаздық еткені. Бұл жолды аса қасиетті жол, бұл өнерді өнердің ішіндегі ең жақсысы деген ойлары ақынның ішкі сырынан хабар береді.

“Бала оқытпақ - пайғамбардың патихасы” - (А.Б.С. “Хажат ал дағуат” Қаз. 1911 ж.) деген бір жолдың өзінде ақынның өз қызметін қаншалықты құрметтейтінін, елге, дінге өз тарапынан жасаған қызметінің басқа еш бір қызметпен салыстыруға болмайтын ұлық екенін сезінуі байқалады. Жас балаларды өнер-ғылым жолына салу, сауатын ашып, дін таныту, жақсы тәлім беріп, мінез-құлықтың қастерлілеріне дағдыландыру - ақынның өмірлік мақсаты. Ұстаздық жолды ақын кім көрінген ұстана салатын нәрсе емес, өнердің ең тәуірі деген ойын мына жолдардан байқатады:

“Хөнердің ең тәуірін ұстап едім”.

“Сүм заман” қиссасында енді не істеу керек деген сұраққа жауап ретінде “жігіттер көсіп етіндер, бір өнерге ие болындар” деп, кәсіптің түрлерін санамалап шығатыны бар. Ал өзі сол өнердің ішіндегі “ең тәуірін ұстап едім” - деп кәсібінің адам баласы үшін аса бағалы екеніне тағы бір назар аудартады. Алдында отырған әрбір бала білікті азамат, қасиетті мінез иесі болып шықса екен деген тілекпен өзінің бар күш-жігерін жұмсаған азаматтығы үлгі боларлық.

Ақылбек бин Сабал не оқытты, қалай оқытты? Тәрбие құралы не болды, бала мінезіне мән берді ме? Бұл сұрақтарға да жауапты ақынның өзі өлеңмен жазып қалдырған кітап беттерінен іздейміз.

Әсіресе, ақынның “Мактубат” (Қ. 1910 ж.) өлең кітабы өзінің ұстаздық кәсібіне, шәкірттеріне арналған. Арнаулы мектеп үйлері жоқ, көшкен ауылмен бірге көшіп жүріп, бала оқытқан өз жағдайын ақын былай суреттейді:

“Хар елге бала оқытып, молла болып,

Сарғайып зағыпырандай азайын да”.

“Хөр жерде бала оқытып тентіредім”. (“Мактубат”)

Бұл сол кездегі қазақ қоғамындағы ескіше оқытатын оқытушы - молдалардың барлығына тән жағдай. Сондықтан бұл оқудың бәрі бірдей

мағыналы, нәтижелі болды деу қиын. Ол әр мұғалімнің өз біліміне пайдаланған оқыту әдісіне, өз ісін жете түсінуіне байланысты.

Алдыма балаларды жиып алдым,

Сабақты өз халімше бере қалдым.

(Ақылбек бин Сабал “Мактубат” 1910 ж.) деп ақын ағынан жарылады. Ақылбек бин Сабал өзінің оқу бағдарламасынан, шәкірттеріне қойған талабынан, тәрбие жұмыстарынан жоғарыда айтқан “Мактубат” жинағында хабар береді.

“Жылында зерегіне хат танытып,

Білгізіп кеудесіне сөз тоқыттым.

Молла боп шығар ма деп сабақ берем,

Ала оқытсам құдай жүзін қалай көрем” - дейді ақын. Бала оқытуды - аса үлкен қасиетті борыш, киелі іс деп түсінетіндігі көрінеді. Бұл істі істеймін деп қолына қалам алған адам, құдай жолына, пайғамбар ісіне адал болуы керек. Балаларын алаламай, тағдырын тапсырған жас баланың алдында оның уақытын босқа алып, қиянат жасамау керек, онда құдай алдында күнәһарсың.

“Сарғайса кеудесіне оқу жиып,

Айтқанды кешіктірмей білсе ұғып.

Құранға келіп түссе, тіл-көз тимей

Бес айда хәптиектен түгел шығып.

Тоқтамай құран оқып, сабақ алса,

Ортасына ай жарымда жетіп барса,

Берін де түркі кітап түгел білсе,

Үш айда Көләм Шариф бір аударса.

Жылында Мұхтасарды тамам білсе,

Тоқтамай Ғаһайатқа кіріп кетсе.

Молла боп бала оқытып жүріп кетсе.

Көріп отырғанымыздай, оқу жоспары тым күрделі. Бес айда әптиекті бітіп, құранға ауысу. Жыл ішінде Мұхтасарды білгізіп шығаруға, - Көләм Шариф - кітабын үш айда бір аударып шығып, оның сыртында түркі кітаптарды түгел оқып шықса, ұстаз шәкірттеріне қатаң талап қойғаны белгілі.

“Зейінмен ғалымдыққа салынғаннан,

Сарғайып ауру жоқ кетсе азып”, - деген де осы оқу жоспарының күрделілігін ескертсе керек. Оқуының негізгі мақсаты - ислам дінінің ережелерін, тарихын, танымын үйрету болғаны көрінеді. Осыларға қарағанда Ақылбек бин Сабал шәкірттеріне терең білім бергенін түсінуге болады. Тіпті қазіргі университеттің “Дінтану” факультетінде оқып жүрген ересек студенттер осы аталған кітаптарды оқып шыға ала ма екен?

“...Қағидамен сабақ оқып,

Жаңылып қыратты сүрінбесе -
асты-үстің қыраттың тастамаса -
дегенінде, құранды оқу мәнерінің ерекшелігі - үлкен сауаттылықтың критерийі, оған ұстаздың қояр талабы сөз болады. Шынайы біліммен сусындаған шәкірті туралы: “Әбден-ақ жетік білсе дін тазасын” - дейді ақын.

“Білмес деп ғақайаттан сөз сұраса,
Болса да қандай қиын білем десе”,
өзі оқытқан ғылымның жеңіл еместігін, шәкірттерінен соны таза біліп, шығуын талап еткені байқалады. Ақын мұны бірнеше жерде айтып кетеді.

“Кітапқа ертеңді кеш жүз талдырса,
Телміріп көп қараумен көз талдырса,
Кітаптан хикаятты қисса қылып,
Гибрат жұртқа үлгі сөз қалдырса”.

немесе

“Оқудан шыққанында һәр кітаптан,
Көшіріп хикаятты қисса терсе”, -
деген жолдардан оқу-білім шарттары көрінеді. Тек білімі туралы емес, баланың мінез-құлқы, тәрбиесі туралы да сөз қозғайды. Шәкірттеріне дастарқан басында асын төгіп-шашпай, “сызылып саспай ғана тағам жесе” дегеннен бастап, жалпы жас ұрпақтың еңбекқор, тілалғыш, ата-анасын сыйлайтын, үлкендер алдында әдепті болуын, сабақ кезінде зейін қойып тындап, кітап-дәптерін таза сақтап, ерінбей, шаруасын реттеп жүруін т.б. тоқталып өтеді.

“Аузына жаман сөзді ілдірмесе”
“Жаман сөз айтқан жерде қалып қойып,
Айтуға өсек сөзді жарамаса”.

“Тақылдап біреу сұрап тұрсадағы
Ұят сөз тіл кескендегі айтпай қалса” - дейді ақын ұстаз.

Әдептілікті үлкен бір тілек, мінежат етіп сұранатындай.
“Қылмаса өлгенінше харамдықты”, ақын ұстаз шәкірттерінің бойынан тек адалдық, әділдік көруді арман етеді. Өмірде артында қалдыратын ең игі ісі - осындай тәрбиелі шәкірттерді көптеп қалдыру - ғұмырлық мұраты екенін былай түсіндіреді:

Мені де мақтап халық есіне алса,
Білмейді деп балаларын жамандықты.

Шәкірттерін білім мен жақсы мінез-құлыққа үйреткен ақынның :

Қуанып ата-анасы алғыс берсе,
Дұғасын хақ тағала қабыл етсе.
Ақылбек мұратына бір күн жетсе.
Осындай берсе абырой Ақылбекке
Шәкіртім жеткеннен соң ғалымдыққа.
Ақылбектен оқып молда болды десе,

Менің де тиер еді төбем көкке - деген сөздерінен өмірлік мұраты - адал ұстаздық жол екені байқалады.

Қорыта айтарымыз, Ақылбек бин Сабал діни ағартушы ақын болуымен қатар, ұлағатты ұстаз болған азамат. Ұстаздық өнерді - “өнердің ұлығы”, “пайғамбардың патихасы” деп ұғынған. Бала тәрбиесіне, жас бала зердесіне адал ғылым нәрін құюға бар ақылы мен күшін аямаған зерделі жан. Ұстаздық қызметті үлкен жауапкершілік жүктеген ұлт алдындағы аса қасиетті борыштың бірі деп түсінген үлкен жүректі азамат. Ақылбек Сабалұлын ағартушылық идеяны қиссаларымен таратушы ғана емес, шәкірт қолына қалам ұстатып, өріп танытып, өнегелі мінез-құлыққа үйреткен ұлағаты мол ұстаз деп те бағалауға тиіспіз.

Ш. ҚАРСЫБЕКОВА ізденуші

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ МАҚАЛ-МӨТЕЛДЕРДІ МАЗМҮН-МӘНІНЕ ҚАРАЙ ТОПТАСТЫРУ ПРИНЦИПТЕРІ

В статье впервые систематизированы народные пословицы и поговорки.

В ней освещены проблемные вопросы, имеющие теоритическое и практическое значение. Эта первая серьезная научная работа по изучению паремологии в Казахстане.

Қазақ тіліндегі мақал-мөтелдер тек сан жағынан ғана емес, сапа, мазмұн жағынан да сан алуан. Оның басты себебі: ұлттық менталитетіміздің тілдегі ерекше бір жарқын, мәнді де маңызды өрнегі болып саналатын мақал-мөтелдер - қазақ этносына тән дүниетаным мен сананың айқын-айғағы, халық даналығы мен философиялық толғанысының, эстетикалық танымы мен тағлым-төлімінің, өркениеті мен мәдениетінің - барша болмысының қайнар бұлағы.

Алайда, күні бүгінге дейін мақал-мөтелдерге бағышталған паремологиялық және этнолингвистикалық зерттеулерде олардың саны мен сапасын, ішкі мазмұны мен мәнін айқындау, жүйелеу, топтастыра қарау мәселесін өз дәрежесінде шешілді деп айтуға болмайды. Бұл жағдайды біз қазақ мақал-мөтелдерінен де көреміз. Бұл саладағы зерттеулердің ішінен славян, тағы басқа Шығыс және Еуропа тілдеріндегі мақал-мөтелдерді ғылыми тұрғыдан жүйелі түрде зерттеп, оларды мазмұн жағынан топтастыру принциптерін айқындап жүйеге салған ғалымдардан Г.Л.Пермяковтың еңбектерін ерекше атау ләзім[1]. Өйткені дәл осы дәрежедегі терең де жан-жақты зерттеуді біз басқа тілдердің, соның ішінде түркі тілдерінен, кездестіре алмадық.

Г.Л.Пермяков әр түрлі системадағы тілдердің фактілеріне сүйене отырып, мақал-мөтелдердің мазмұны мен мәні жағынан, логикалық негізі мен тақырыптық шеңбері жағынан әмбебап құбылыс екенін дәлелдей келе, кез-келген тілдегі мақал-мөтелдерді ортақ бір жүйеге салып, әртүрлі деңгей-дәрежеде: логика-семиотикалық инвариант ретінде, логика-семиотикалық құрылымдық (конструктивті) топ ретінде, логика-семантикалық тип ретінде және логика-тақырыптық (тематикалық) кіші топ ретінде іштей жіктеп, топтастырып қарауға болатынын дәлелдеп шыққан.

Біз қазақ мақал-мөтелдерін топтастыруда Г.Л.Пермяковтың аталмыш принциптеріне сүйендік және көптеген жаңа топтарды айқындап, олардың анықтамаларын нақтылы мысалдармен көрсетуге әрекеттендік.

Г.Л.Пермяков ұсынған принциптерді [1] қазақ тілі фактілері негізінде қарастырып көрсек, деңгейі жоғары, ауқымы кең, мағынасы жалпылама және өзара ортақ мақал-мөтелдер тобы "ең жоғарғы логика-семиотикалық инварианттар" құрайды екен. Бұл топтың тақырыбын ашатын өзіндік анықтамасы, әдетте, жалпы инварианттар тобына қатысты және оған сатыланып бағынатын өзінен кейінгі деңгейдегі мақал-мөтелдердің мазмұнын қамтуға тиісті.

"Инварианттар" дегеніміз бұл арада мағына, тұлға, тақырып, мазмұн жағынан бір-біріне ұқсас мақал-мөтелдердің топтары, түрлері. Басқаша айтқанда, ең жоғарғы инварианттар тобына берілетін анықтама төменгі сатыдағы оған қатысты топтардағы мақал-мөтелдердің мазмұн-мағынасын өз ішіне толық сыйғызуы керек. Ал, бұл басты топқа сатыланып бағынып тұратын кіші топтардың өздері іштей жіктеле түсуі де мүмкін.

Енді осы айтылған принциптерді нақтылы мысалдар негізінде қарастырамыз. Ол үшін алдымен Г.Л.Пермяков келтірген әр деңгейдегі сатылы топтарды алып көрейік.

1.Ең жоғарғы логика-семиотикалық инварианттардың бірінші тобы: "Зат пен зат қасиеті арасындағы қатыстық" деп аталады. Демек, ең жоғарғы деңгейдегі инвариантты мақал-мөтелдердің бұл тобы кез-келген зат пен құбылыстың өзіне тән жақсы-жаман, артық-кем, үлкен-кіші, мәнді-мәнсіз, ұнамды-ұнамсыз т.б. осы сияқты кең мағыналары мен жалпы қасиеттерінің ортақ жиынтығын құрайды.

Аталмыш еңбекте жоғарыдағы инвариантты мақал-мөтелдер тобының өзінен кейінгі деңгейде сатыланып тұратын логика-семантикалық тобы "тұрақты" ("неизменность") және "тұрақсыз" ("изменчивость") деп аталады. Енді, осы логика-семантикалық топтың өзі аталмыш еңбекте тағы да іштей үш логика-тематикалық топқа жіктеліп беріледі. Біз төменде әрбір топқа берілген анықтамаларды келтіре отырып, оларға қазақ мақал-мөтелдерінен мысалдар беруді жөн көрдік.

А.Логика-тематикалық бірінші топтың жалпы тақырыбы - "Тұрмыстағы барлық заттар табиғаттағы өздеріне тән қасиеттерінің бәрін (қалпын, мінезін, сапасын, сынын, ауқымын, санын, т.б.) қандай жағдайда болмасын тұрақты түрде сақтайды, екінші бір сапаға ауыспайды, өзгере қоймайды."

Мысалдар: 1). Жапалақты таспен ұрсаң да, тасты жапалақпен ұрсаң да, жапалақ өледі; 2). Сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпейді; 3). Төрт кессең де жыланның кесірткелік қауқыры бар. 4). Есек шауып тұлпар болмас... Байтал шауып бөйге алмас. 5). Жақсының өзі қартайса да, көңілі қартаймайды. т.б.

3.Логика-тематикалық екінші топтың тақырыбы - "Барлық заттар мен құбылыстар (оның ішінде бейтараптары да) өздерінің қасиеттерін ылғи да өзгертіп, бір түрден екінші түрге ауысып отырады." Мысалдар: 1).

Қоянды қуа берсең, батыр болар; 2). Бүркіт қартайса, тышқаншыл. 3). Биік таудың асты шалғын, басы - қар; Әр нәрсенің жайлы, жайсыз жағы бар. 4). Қартайған да- бір бала, т.б.

Б. Логика-тематикалық үшінші топтың тақырыбы - "Бір зат өзгергіш те, екінші бір зат мүлдем өзгермейді". Мысалдар: 1). Қайда барсаң - Қорқыттың көрі. 2). Ауру қалса да, әдет қалмайды. 3). Бетеге кетіп, бел қалар, Бектер кетіп, ел қалар. 4). Су кетіп, тас қалады, шаш кетіп, бас қалады. 5). Сүтпен кірген мінез, сүйекпен кетеді, т.б.

2.Ең жоғарғы логика-семиотикалық инварианттарға қатысты екінші топты Г.Л.Пермяков "Заттардың өзара қатынасы", ("Отношение между вещами") деп аталады. Ал, бұған қатысты келесі деңгейдегі логика-семантикалық топқа - "өндіруші мен өнім" ("Производитель и благо") мына төмендегі өзара байланысты үш тақырыптық кіші топтарды жатқызуға болады:

А.Логика-тематикалық бірінші топ. Тақырыбы: "Өндіруші мен өнім екеуі бір-бірімен тығыз байланысты; Әрбір өндіруші өзі өндірген өніміне иегер және оның пайдасын (рахатын) көреді". Мысалдар: 1). У земледельца - зерно, у скотовода - мясо; 2). Не ексең, соны орасың. 3). Арық малды асырасаң, аузы-мұрныңды май етер, Арық адамды асырасаң, аузы-мұрныңды қан етер; 4). Ұстамен жақын болсаң, ұстарасын аларсың.

Ә. Логика-тематикалық екінші топ. Тақырыбы: "Өндіруші мен өнім арасында тікелей байланыс жоқ, өндіруші өзі өндірген өнімді пайдаланбайды". Мысалдар: 1). Игла других одевает, а сама голая; 2). Сапожник без сапог. 3). Біреу қалың беріп, қатын алады, Біреу жанына жантайып жатып алады; 4). Ұста пышаққа жарымас, Етікші етікке жарымас. 5). Ала қойды бөле қырыққан жүнге жарымас. 6). Темірші балтаға жарымас; Қайыршы қалтаға жарымас, т.б.

Б.Логика-тематикалық үшінші топ. Тақырыбы - "Өндіруші кейде өзі шығарған өнімін кейде пайдаланса, кейде оны пайдалана, игере алмайды. Мысалдар: 1). Аштан өлген наубайшының қойныннан тоқаштары (күлшесі) шашылып жатыр; 2). Аспазшы аш қалар. 3). Ат иесін ат көтіне мінгізбеу; 4). Бұқа иесіне бұзау жоқ; 5). Мал тапқанға боқ та жоқ.

3.Г.Л.Пермяковтың өз алдына бөліп қараған тағы бір ең жоғарғы логика-семиотикалық инварианттық тобы - "Заттарға тән қасиеттердің өзара қатысы". ("Отношение между свойствами вещей в зависимости от отношения самих вещей") деп аталады.

Осы топқа қатысты төменгі деңгейдегі логика-семантикалық кіші топ "Әрекет және оған сәйкес (не кері) әрекет", ("Акция и реакция") деп аталып, ол өз ретінде мына төмендегі екі логика-семантикалық топтан тұратынын көреміз.

А. Бірінші логика-тематикалық топ. Тақырыбы - "Әрбір әрекет (акция) тек өзіне сәйкес әрекетті (реакцияны) ғана тудырады". Мысалдар: 1). Қазанға не салсаң, шөмішке сол інілер; 2).Береген қолым -

алаған. 3). Как постелишь, так и поспишь; 4).Сыйға сый, сыраға - бал; 5). Ағасына қарай інісі, апасына қарай сіңлісі. 6). Апама жездеме сай. 7). Орманына қарай - бөрісі, Малына қарай өрісі.

Ә.Логика-тематикалық екінші топ. Тақырыбы - "Әрбір әрекет өзіне сәйкес емес (кері) әрекетті тудырады". Мысалдар: 1). Біреу "бас" десе, біреу "құлақ" депті. 2). Керенге "Ассаламалейкум!" десе, "өгіз өзімдікі" депті. 3). Таспен атқанды аспен ат. 4). Қарғаға атып, арбаға тигізу. 5). Қойшы көп болса, қой арам өледі. 6). Көтере алмас шоқпарды беліне байлама. 7). Иттің ішіне сары май жақпапты.

Б.Үшінші логика-тематикалық топ. Тақырыбы - "Кейбір әрекет өзіне сәйкес те, сәйкес емес те әрекетті тудырады". Мысалдар: 1). Жақсылыққа жақсылық - әр кісінің ісі, Жамандыққа жақсылық - ер кісінің ісі; 2).Молданың айтқанын істе, істегенін істеме. 3). Шалқайғанға шалқай: ол құдайдың ұлы емес, Еңкейгенге еңкей: ол атаңның құлы емес.

4.Ең жоғарғы логика-семиотикалық инварианттардың төртінші тобының тақырыбы - "Заттардың белгілі бір қасиеттерге ие болуына байланысты өзара қатыстығы". ("Отношения между вещами в зависимости от наличия у них определенных свойств").

Бұған қатысты логика-тематикалық топ "Өзімдікі ме, жоқ өзгенікі ме?" ("Свое или чужое?") деп аталынады. Бұл өз ретінде кішігірім үш тақырыптық топтан тұрады.

А. Бірінші логика-тематикалық топ - "Етене жақын, үйреншікті болып кеткен өзімдікі басқанікінен - жақсы, басқанікі - өзімдікінен жаман, төмен, кем". Мысалдар: 1). Өз ақылым -ақыл-ақ, кісі ақылы шоқырақ; 2). Өз үйім - өлең төсегім; 3). Өзімдікі өзіме ай көрінер көзіме. 4). Қарға баласын "апағым" дейді, Кірпі баласын "жұмсағым" дейді. 5). Іштен шыққан шұбар жылан. 6). Әркімге өзі шыққан төбесі биік. 7). Әркімнің көңілі - өзіне Мысыр. 8). Аштықта жеген құйқаның дәмі кетпейді. 9). Жат елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол.

Ә. Екінші логика-тематикалық топтың тақырыбы: "Өзімдікі (үйреншікті) - жаман да, өзгенікі - жақсы, өзіндікінен көш ілгері көрінеді". Мысалдар: 1). Біреудің қаңсығы - біреуге таңсық. 2). Біреудің қатыны біреуге қыз көрінер. 3). Шамның жарығы түбіне түспейді. 4). Ауылдағының (ауылдастың) аузы сасық.

Б.Үшінші логика-тематикалық топтың тақырыбы: "Өзіңдікі де, өзгенікі де жақсы". Мысалдар: 1). Сырласуға өз жақсы, сыйласуға жат жақсы; 2). Қой да аман, қасқыр да тоқ. 3). Үйреніскен жау атыспаққа жақсы. 4).Жуас түйе жүндеуге жақсы, Бұраққы сөз күлуге жақсы, т.б.

Сан алуан мақал-мәтелдерді мазмұнына, мән-мағынасына, тақырыбына қарай топтастырудың бұл принциптері паремиология, этнолингвистика және семиотика саласындағы күрделі де құнарлы

принциптердің санатына жатады. Өйткені, бұл принциптер, біріншіден, мақал-мәтелдерге тән материалдық ұғым мен логикалық жүйенің сәйкестігіне сүйенеді, екіншіден, жеке-дара мақал-мәтелдердің нақтылы мағыналарынан туындайтын жалпы да, абстракциялық ұғымдарды айқындауға мүмкіндік береді: үшіншіден, типологиялық әр текті, мазмұн жағынан инвариантты мақал-мәтелдердің бәріне де қолдануға болатын әмбебап қасиетке ие.

Міне, осы ерекшеліктеріне байланысты аталмыш принциптерді қазақ тілінің мақал-мәтелдерін топтастыру үшін, әсіресе, ең жоғарғы деңгейдегі мақал-мәтелдердің логика-семиотикалық инварианттарын айқындап, топтастыруда қазақ мақал-мәтелдерінің табиғатын терең түсіну, олардың бастапқы мағынасы мен ауыспалы (туынды, келтірілді) мағыналарын жан-жақты зерделеу арқылы жалпылама, абстракция деңгейін тани білуіміз керек. Ол үшін мақал-мәтелді өзара салыстыра зерттеу қажет.

Г.Л.Пермяков классификациясындағы ең жоғарғы логика-семиотикалық инварианттардан кейінгі деңгейдегі логика-семантикалық, құрылымдық (конструктивті) типтердің деңгейі де өте жоғары. Бұл топтағы мақал-мәтелдерді айқындап, топтастыру үшін де логикалық жүйенің материалдық негізбен сәйкестігін, мағыналық жалпылық (обобщение) пен абстракция деңгейін ажырата білу қажет. Бұларға қосымша бұл топты айқындауда мақал-мәтелдердің құрылымдық ерекшеліктері де ескеріледі. Оның өзі келесі, бұдан кейінгі, екі топтың ерекшеліктерін зерделеп, дұрыс жүйелеп беруге байланысты. Ол екі топқа, кестеде көрсетілгендей, логика-семантикалық және логика тематикалық топтар жатады дедік.

Паремиология дәстүрінде, яғни мақал-мәтелдер жинақтарында, семантикалық, бірде тематикалық, ал енді біреулерінде екеуі аралас қолданылып келеді. Тақырыптық топтастыру деңгейі семантикалық топтастырудан жоғары қойылып жүр. Мәселен, қазақ мақал-мәтелдерін Ө.Тұрманжанов жинағында [2] 29, ал М.Аққозиннің "Қазақ мақал-мәтелдері жинағында" 51 тақырыптық тобы көрсетіліпті.

Енді бұларды өзара салыстыра қарайтын болсақ, олардың біршама айырмашылығы байқалады. Бір топ тақырып, мәселен, екеуінде де ("Отан", "халық", "батырлық" т.б.) бірдей болып келсе, енді біразы М.Аққозин жинағында бар да, Ө.Тұрманжанов жинағында кездеспейді.

Тақырыптық топтарды қарама-қарсы мағыналас етіп беру дәстүрін екеуі де сақтаған. Мысалы, М.Аққозинде: 1) жалқаулық - еріншектік; 2) үнемшілдік-үнемсіздік; 3) сараңдық-мырзалық; 4) шешендік-мылжыңдық; 5) байлық-кедейлік; 6) пайда-шығын; 7) сақтық, ұқыптылық-бейқамдық; 8) қайырымдылық-қайырымсыздық т.б. Ө.Тұрманжанов жинағында: 1) батырлық-қорқақтық; 2) жақсылық-жамандық; 3) байлық-жарлылық т.б.

Біздің байқауымызша, мақал-мәтелдердің семантикасы белгілі бір тақырып аясымен ғана шектелетін жай да, нақтылы мағынаны емес, екінші бір сапаға ауысқан, жалпылама, абстракциялау деңгейіне көтеріліп, күрделенген ауыр мағына. Мысалы, ұры мен қары апақ-сапақта кездеседі. Соқыр атқа қотыр ат жақын жүреді, деген екі мақал-мәтелді логика-семантикалық топ деңгейінде "мүдделестік-сәйкестік" деген ауыс мағынасы бойынша бірге қарастырылса, тақырып тұрғысынан олар құрамындағы "негізгі" (тірек, таянышы) сөздерге байланысты екі, яғни, басқа топтың - "ұры-қарылар" және "жылқы малы" - құрамында тұра алады. Өйткені олар екі түрлі материалдық негізде ("ұры-қарылар және оларға тән әрекеттер" мен "жылқы малы және оған тән қасиеттер") пайда болғандықтан, екі басқа тақырыптық топтың шеңберінде қаралуға тиіс. Демек, тақырыптық топ мағына нақтылығы жағынан өмір шындығына, материалдық болмысқа жақындығымен сипатталса, семантикалық топ сол бір нақтылы материалдық болмыс негізінде абстракцияланған ұғым, түсінік деңгейіне көтеріледі.

Сөзіміз дәлірек болу үшін жоғарыда келтірілген осы екі мәтелдің "мүдделестік-сәйкестік" мағынасында тоғысу себептерін айқындай түсейік. Бұл екі мәтелдің екеуі де орыстың "Рыбак рыбака узнает издалека" деген мақалымен мағыналас. "Ұры мен қары апақ-сапақта кездесуіне" байланысты мынандай сауалдар қоюға болады:

1) Неге ұры (басқамен емес) қарымен кездеседі? Себебі "қары" (көнерген сөз)-ол "ұрының" бір түрлі және ұры мен қарының кәсіп-тіршілігі біреудің малын ұрлап, қарақшылық қылу, сондықтан да олар өзара сыбайлас, мүдделес жандар; 2) Неге ұры мен қары басқа уақытта (күннің ашығында) емес, күн батып, қас қарайғанда кездеседі? Өйткені, жүрісі суық, пиғылы бұзық адамдар өз кәсібін істеу үшін ел көзіне түспеуге тырысады....

Міне, осының бәрі - екі субъектінің өзара мүдделестігін, бір-біріне сәйкестігін көрсетеді. Екінші мәтел де осы іспеттес: Қоңыр ат (қотыры қышып, мазалағандықтан) ылғи да өзі сүйкенетін, қасынатын затты іздейтіні заңды. Бірақ сусып жүретін сау аттар емес, оған бір орында тұрып жайылатын, қандай да болмасын, өзіне серік қалайтын соқыр ат қолайлы. Ал, заңғиптіктен зеріккен соқыр ат үшін қасынуға жаны құмар қыршаңқы, қотыр болса да, бірге тұратын серік керек. Осыдан барып, бұл мәтел қазақ қауымында екі адам арасындағы "мүдделестік және өзара сәйкестік" деген жалпы ұғымды бейнелі де астарлап беру деңгейіне көтеріліп отыр. Сондықтан да бұл мәтелдер "кемшілігі мен кемістігі бір-біріне ұқсайтын екі "жаман" адамның бір-бірін тез тауып алып, пасық ниетін, жаман пиғылын орындау үшін (арақ ішіп, маскүнемдікке салыну, нашақорлық, бұзықтық, т.б. істерге бару үшін өзара ымпай-жымпай болуына байланысты) қолданылады. Демек, бұларға

"мүдделестік-сәйкестік" деген абстракцияланған жалпы ұғым мен түсінік семантика жағынан да, логика жағынан да ортақ.

Қазақ мақал-мәтелдерін осы принцип-тұжырым негізінде жіктеп, оларды мазмұн-мағынасына қарай топтастыру қазақ паремиологиясының жаңа бір саласы болса керек. Бұл принциптерді тіл фактілерінің (жеке-дара мақал-мәтелдерді) өзін ғана жадағай түрде қарастырудан гөрі, этнос тілі мен рухани, мәдени болмысын өзара байланыстыра, жасалу жолдары мен ауыс мағынаға ие болу мотивтерін зерделей зерттейтін этнолингвистикалық тәсілдерді қолдану арқылы зерттеу әлдеқайда тиімді екендігі ғылымда белгілі болып отыр [3].

Біз бұл мақаламызды осы бағыттағы зерттеуіміздің, атап айтқанда, қазақ мақал-мәтелдерінің логика-семантикалық топтарын айқындаудағы кейбір нәтижелерін ортаға салуды мақұл көрдік.

Бір ескеретін жағдай: мақал-мәтелдерді мағына-мазмұн жағынан өзара топтастыру деңгейі неғұрлым жоғарылаған сайын жалпылау, абстракция күшейе түседі де, төмендеген сайын нақтылық, дәлдік басым болады.

Осы тұрғыдан қазақ тіліндегі сан алуан мақал-мәтелдердің ішінен тек "логика-семантикалық топ" деңгейіндегі мақал-мәтелдерді ғана қарастырып, ортақ мағыналарын айқындауды мақсат еттік.

1. ШАРТТЫЛЫҚ

"Шарттылық" деп аталып отырған "логика-семантикалық топтың" жалпы сипаттамасы: "Болмыстағы заттар мен құбылыстардың өзгеруі, құбылуы, бір қалыптан екінші қалыпқа ауысуы, бір сападан екінші сапаға өтуі, жаңғырығуы, жаңалануы, т.б. белгілі бір шарттылыққа (жағдайға, себепке, объективті, субъективті факторға) байланысты."

Алайда, "Шарттылық" өте ауқымды, тым жалпылама өрі абстракты ұғым, түсінік.

"Шарттылық" ұғымы білдіретін логика-семантикалық топтың шеңберіне енетін логика-тематикалық кішігірім топтардың бірнеше түрін көрсетуге де болады.

1.01. "Себеп-салдар" арасындағы шарттылық

Мысалдар: 1). Жаңбыр жауса - жер тоқ, Егін ексе - ел тоқ, Бұлақ ақса - көл тоқ, Енбек етсе - ер тоқ. 2). Көлге көл қосылса - теңіз, Төлге төл қосылса - егіз. 3). Желге желіндеген мұзға бұзаулайды. 4). Ердің екі сөйлегені - өлгені. 5). Баласыз болса, ел сарқылады. 6). Гүлсіз болса, жер мұңды, Күлкісіз болса, ел мұңды. 7). Ат қартайса - ұрыншақ, ер қартайса - жаңылшақ, т.б.

1.2. "Жақсы" мен "жаманға" қатысты шарттылық

"Шарттылық" мотиві көп жағдайларда "жақсы" мен "жаман" ұғымдарының арасындағы қатынас ретінде келеді. Осыған орай, "Жақсының" жақсы болуы да, "жаманның" жаман болуы да, керісінше, "жаманның" жаман болуы да қазақ мақал-мәтелдерінде белгілі бір шарттылық пен өзара қатынастыққа байланысты екен. Сондықтан да біз бұл кішігірім тақырыптық топты "жақсы" мен "жаманға" қатысты "шарттылық" деп атап, төмендегі мысалдарды келтіріп отырмыз. Мысалы, 1). Жақсыдан жаман туар - бір аяқ асқа алғысыз, Жаманнан жақсы туар - адам айтса нанғысыз. 2). Жақсының басына іс түссе, бойлай береді, жаманның басына іс түссе, ойлай береді. 3). Олақтан салақ жаман. т.б.

1.03. "Жақсы" мен "Жаманды" салыстыру

Бұл тақырыпты топтың леймотиви - "жақсының" жақсылығын, "жаманның" жамандығын өзара салыстыру арқылы айқындау. Мұнда да белгілі шарттылық бар. Мысалы, "Жақсымен жолдас болсаң, жетерсің мұратқа, Жаманмен жолдас болсаң, қаларсың ұятқа" деген мақалдағы екі түрлі нәтиже - бірі "мұратқа жету", екіншісі - "ұятқа қалу", басқа себептерден емес, тек жақсы адам мен жаман адамның өз бастарына тән қасиеттеріне ғана байланысты. Демек, мұндағы шарттылық - "жақсы", "жаманның" өздерінде.

2. "ДҮНИЕ ӨЗГЕРМЕЛІЛІГІ"

Логика-семантикалық топқа тақырып етіп алынып отырған бұл ұғым дүниедегі заттар мен құбылыстардың бәрі өзгеріп, құбылып бір сападан екінші сапаға ауысып, бір жерден екінші жерге жылжып, бір қалыптан екінші қалыпқа түсіп, бір зат тұрақты болса, екіншісі тұрақсыз, бір құбылыс баянды, тиянақты болса, екіншісі, керісінше, баянсыз, тұрақсыз, құбылмалы деген материалистік көзқарасқа байланыс туындаған. Сондықтан да бұл семантикалық топтың мазмұндық ауқымы өте зор, қолданыс шеңбері кең және нақтылықтан жалпылық, абстракциялыққа көтерілу деңгейі өте биік. Мысалдар: 1). Су кетер, тас қалар, Шаш кетіп, бас қалар; 2). Бетеге кетіп, бел қалар, Бектер кетіп, ел қалар. 3). Сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпейді.

Бұл топты да іштей бірнеше тақырыптық кіші топтарға жіктеуге болады. Мысалы, Екі заттың бәрі өзгермей, бірі тұрақты. Ауру қалса да, әдет қалмайды, т.б.

Сонымен қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерді мазмұнына қарай Г.Л. Пермяков ұсынған классификацияның үлгісі бойынша толық топтастырып шығуға болады.

Бұл мәселе қазақ паремиологиясы мен этнолингвистика саласында бұрын-соңды арнайы зерттелмеген, сондықтан көп ізденістерді талап ететін соны проблема болып саналады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Пермяков Г.Л. От поговорки до сказки. М., 1970. С.240., 24.
2. Қазақ мақал-мәтелдері. Жинап, құрастырған Ө.Тұрманжанов. А., 352-бет.
3. Копыленко М.М. Основы этнолингвистики. А., 1995. С.178.,
4. Қайдаров Ө.Т. Этнолингвистика. "Білім және еңбек". 1985. N 10.

А. ДҮЙСЕНБИЕВ
ізденуші

АҒЫЗ ЖӘНЕ ТАРИХИ ШЫНДЫҚ

В статье говорится о том, что топонимические названия местностей, гор, озер региона Отрар-Каратау переплетаются с легендами и действительностью. Мы поддерживаем мнение казахских ученых о том, что легенды основаны на действительности.

Біқылым замандардан ауыздан-ауызға көшіп ұмытылмай келе жатқан прозалық жанрдың бірі - аңыз. Аңыз әңгімелердің өткен өмірімізді танып-білудегі атқарар рөлі өте жоғары. Олар ауызша тарап, көптеген өзгерістерге ұшырағанымен, өзінің әуел бастағы мазмұнын жоғалтпайды.

Сөзіміз дәлелді болу үшін ауыз әдебиетінің арғы-бергі тарихын егжей-тегжейлі зерттеген ғалымдарымыздың еңбектері мен келелі пікірлерін келтіре кетейік. Мысалы, Р.Бердібайдың "Эпос ел қазынасы" атты кітабындағы "Мәңгілік жасайтын аңыздар" деп аталатын мақаласында "Аңыздарда елдің белгілі бір дәуірлер мен оқиғалар, тарихи қайраткерлер жөнінде өз түсінігі, бағасы сақталған. Ал, қандай да бір болмасын жағдайдың аңызға айналғанда, белгілі бір дәрежеде, өсіріленіп берілетіні ауыз әдебиетінің әуелден бері келе жатқан шарты. Қиял араласпаса, жамағатшылықтың ерекше бір ілтипаты болмаса және сан рет қайталанып айтылмаса, шындық дегеннің өзі бірте-бірте көмескіленіп, ақырында мүлдем ұмытылып кетуі ғажап емес. Сондықтан да қиял шындықтың шегесі деп бекер айтылмаған"[1]- деген тұжырым жасайды.

"Аңыз және тарихи шындық" - деген тақырыптың аясында топонимикалық жер-су атауларына байланысты шыққан аңыз-әпсаналардың тарихи шындықпен ара-қатынасын ашуды мақсат етіп отырмыз.

Аңыз да бір тарихи оқиғамен байланысты туады, шындыққа негізделеді. Бұл заңдылық топонимикалық атауларға да қатысты. Ал аңызға айналу үшін мекеннің, жердің, судың, таудың бір тарихи оқиғаға қатысы болуы керек. С.Қасқабасовтың "Қазақтың халық прозасы" атты монографиясындағы мынадай пікірі біздің ойымызды тереңдете түсетін сияқты. "Егер әңгіме сол жерде яки қалада болған оқиғаны баяндап, ешқандай ғажайып, тылсым ұғыммен байланыстырмаса, ондай әңгімені топонимикалық аңыз деп білу қажет"[2] - дейді. Сондықтан да топонимикалық аңыздардың басты нысанасы - ол мекеннің қайдан пайда болғандығын айту емес, қандай тарихи оқиға болғандығынан хабардар ету.

Сөзімізді дәлелді ету үшін "Қазыналы қара шаңырақ" деген кітапта жарияланған "Темір ауылы" деген аңызды мысалға келтірейік.

Қақаған қыстың күні жорыққа кетіп бара жатқан патша Әмір Темір Отырар өңіріндегі бір бекетіне аялдап, қоналқы жасапты. Түнге қарай ауа райы қатты бұзылып, Арыстанды Қарабастың желі одан сайын үдей түссе керек. Сонда сол жерден патшаға суық тиіп, жасақ жолынан кідіруге мәжбүр болады. Баста, екі-үш күнде сауығып кетермін деген өмірші күн өткен сайын науқасы күшейіп, хәлі нашарлай түседі. Сөйтіп оққа да, найзаға да алдырмаған жаны сірі қолбасшы нәйіті суықтан мұрттай ұшып, ақыры сол жерде көз жұмған екен. Осыдан барып ел Ақсақ Темір қоналқы жасаған жерді Темір деп атап кетсе керек.

Осы аталған аңызбен Д.Досжановтың “Отырар” деген кітапшасындағы Темір туралы аңызда елеулі айырмашылық бар. Мұнда: “Темір бес уақыт намазын үзбей оқыған тақуа кісі еді. Кешкі намазын оқуға дәрет алып, көк шатырына жайнамаз жайып, құбылаға қарап сәждеге бас қойған кезде... арт жағынан мысықтабандап баспалап келген жансыз... оңтайын тауып қылышпен шабады... Темірдің бұғанасын өткір қылыш қиып түседі. Сөйтіп 1405 жылы жаз айында ұлы қолбасшы опасыз адамның қолынан мерт болады. Содан қолбасшы мерт болған жер Темір атымен аталып кетіпті”, [3] - дейді.

Қандай да бір аңыз, әңгіме болсын ол ауызша тарап сақталғандықтан, түрлі вариантта айтылады. Бірақ қалай болғанда да сюжеттері өзгергенмен аңыздың негізгі өзегі бір мекенде болған тарихи оқиғадан ұзап кетпейді. Келтірілген екі аңызда да айтылар шешім мен тарихи оқиға біреу. Аңыз тыңдаушыға мекен атының қалай қойылғандығы туралы хабарлап тұрған сияқты болғанмен, негізгі айтылар ой қандай тарихи оқиға болғандығынан сыр шертеді.

Бұл айтылған аңыздардағы оқиғаның негізгі түйіні мен Темірдің дүниеден қайтуына байланысты айтылатын себептер тарихи жазбалардағы жыл көрсетулер, Темірдің Қытайға жорық жасаудың алдында өмірінің тосын жайлардан қиылғаны туралы Д.Досжановтың “Ескерткіштер еліне саяхат”, тарихшы Шереф ед-Дин әл-Әзидің “Жеңімпаздар кітабы” деген еңбектеріндегі деректермен жобалас келеді.

Кейде аңыз-әпсаналардың нұсқаларының бір-бірінен елеулі өзгерістерге ұшырауының тағы бір себептері айтушы мен тыңдаушыға да байланысты. Айтушының шеберлігіне қарай кейбір тұстарында жаңа желілер қосылып, өткірленіңкіреп белгілі бір дәрежеде қиял араласып аңызға әпсана-хикаяттың белгілері кіре бастайды.

Тағы да бір өзгеру себептеріне жазушы тарихи романдарында өзі айтып отырған кезеңдерді немесе кейіпкерін сомдап көрсету, өзінің идеясын жүзеге асыру мақсатында аңыздарды өзгертіңкіреп пайдаланады.

Аңыз-әпсаналардың І.Есенберлин, Д.Досжанов, Ә.Кекілбаевтың т.б. жазушылардың романдарында жиірек бой көрсетуін Р.Бердібай “Тарихи роман” деп аталатын зерттеу кітабында дәйекті дәлелдермен келтірген [4].

Жоғарыда аты аталған С.Қасқабасовтың зерттеген еңбегінде “Қазақтың топонимикалық аңыздары екі түрлі болып келеді. Бірі - тарихи оқиғалармен дәлірек айтсақ, жоңғарлар мен қоқандарға қарсы соғыстармен байланысты болып келеді де, сол ұрыс болған жерлерді суреттеп, оқиғаны баяндайды”, - деген пікір айтады. Сондай аңыздардың қатарына “Шолаққорған”, “Балағайып үңгірі”, “Қатын қамал” т.б. жатады.

“Қатын қамал” аңызының желісі мынадай: “Ащысай кенінен Кентауға қатынайтын жолдың бойында “Тассарай” деп аталатын өзенінің сол жақ қапталында үлкен жартас бар. Жартастың беті жап-жазық та, төменгі жағы сүйірленіп келеді. Ал тастың жотасы қып-қызыл, ылғи қуарып жатады.

Ақтабан шұбырынды кезінде ауылдың ер азаматтары соғыс даласында жүргенде, жаулардың бір бөлігі үйде қалған қатын-қалаш, бала-шағаға шабуыл жасапты. Қолға түскен қорғансыз бейшараларды топырлатып ойдан апарып, сол маңдағы бір жартасқа қамапты. Сөйтіп, жазықсыз бейбақтардың көз жасын сорғалата, ебіл-дебіл улап-шулағандарына қарамастан, сол жерде бәрін қойша бауыздап, қырып салған екен...

Содан қып-қызыл қанға боялған әлгі жота күреңітіп, мәңгіге қуарып қалған деседі. Ал қырғын болып өткен жартас “Қатын қамал” деп аталып кеткен көрінеді.

Дәл осылай аталатын “Қатын қамал” деген жер Жаңақорған ауданының “Бірлік” совхозының тұсында бар. Мұнда да жаугершілік замандағы елдің аянышты тағдырынан сыр шертеді. Бірақ бұл аңызда оқиға желісі басқаша. Жауға аттанғалы жатқан батырлардың бірі қасына екі досын ертіп әке-шеше, әйел-қарындастарын бір таудың үңгіріне жасырып кетеді. Батырлардың бәрі сол соғыста еліне оралмай соғыс даласында шейіт болып кетеді. Бірақ жау қолына тұтқынға түскен батырдың әлгі екі досының біреуі опасыздық жасап әке-шешесін, қарындастарын ұстап береді. Әйелін өзі алмақшы болғанда әйелі сол үңгірдің ішінен шықпай қалып қояды. Кейін ел аяғы басылғанын сол маңнан бір еліктің лағын ұстап алып, асырап күн кешіп жатады. Ақыры әйел көп ұзамай сол үңгірде қайтыс болады.

Содан сол үңгір ел аузында аңыз боп “Қатын қамал” аталып кетіпті.

Мысалға келтірілген екі аңыз да топонимикалық, бұл аңыздарда жердің аты шындыққа жақын оқиға арқылы түсіндіріледі. Дәл осы оқиға болды ма, болмады ма ол белгісіз. Бірақ аңызда әңгімеленетін жер аттары мен оқиға өтті деген орын осы күнге дейін әлі бар. Бұл аңыздарға халықтың өткен өмірінен сыр айтып, жердің аты нақтылы беріліп, ешқандай кереметтіліктің жоқтығы көрініп тұр.

Топонимикалық аңыздардың екінші бір түріне - жер-су, мекен атауына нақты бір тарихи фактінің қатысы жоқ, тап басып айтпаса да жауапкершілік замандағы халықтың қиын-қыстау тағдырынан хабар беріп, жалпы шындыққа саятын, қиялға негізделетін әңгімелер жатады. Мұндай аңыз-әңгімелер көбінесе қайғымен аяқталады. Кейіпкерлері бақытсыздыққа душар болады. Мұндай аңыздарға “Хантағы”, “Келінтөбе”, “Қыз әулие бұлақ” т.б. жатады.

1997 жылы ел аузынан жазып алған (Т.Әбілқасымовтан жазылып алынды) “Қыз әулие бұлақ” деп аталатын аңыздың қысқаша мазмұны мынадай:

“Қалмақтың қайта-қайта қазаққа тыныштық бермейтін кезі екен. Тыныштық болмағасын әскер жасақталып, жау шебіне қарай аттаныпты. Әскер ішінде бір бай қызының 18 жасар айттырып қойған күйеу жігіті кетеді. Айлар өтеді, жылдар өтеді, жігіт сол кеткеннен мол кетіп туған жеріне қайтып оралмайды. Қыз қаты қайғырып жүргенде “Сонау үсіктас деген елсіз жерде Тесік тау деген жер бар екен. Оның басына шыққан адам арманын айтса орындалады екен” - деген әңгімені естиді. Содан қасына жеңгелерін ертіп, үлкен көшті бастап жолға шығады. Олар көп күн жүріп Тесік тауға жақындайды. Күн батып көз байланған соң, бір сайдың ішіне тоқтайды. Бірақ қыз тауға бүгін шықпаса болмайды, бір өзім шықсам да бүгін шығамын деп бой бермейді. Қасындағылар жібермейді. Қыз жылап жатып ұйықтап кетеді. Таңертең жеңгесі қызды оятпаққа жақындай бергенде қыздың етпеттей жатқан күйі көз жұмғанын көреді. Қараса қыз жатқан жерден бұлақ қайнап шығып жатыр екен. Әлгі бұлақты қыздың көз жасы деп түсінген ел “Қыз әулие бұлақ” - деп атап кетіпті.

Бұл аңыздағы баяндалған оқиға тарихта болды ма, болмады ма? ол беймәлім. Бірақ бізге белгілісі аңыздағы жердің аты әлі күнге дейін сақталған.

Бұл аталған аңызға біршама қиял араласып аңыздан гөрі әпсанаға жақынырақ. Мұндай топонимикалық аңыздарда тарихи аңыздардан гөрі көркемдік әсірелеу басым болады. Сондықтан мұнда сөз өнерінің нышаны байқалады.

Қорыта келе айтарымыз, әр аңыздың астарында - өткен күннің белгі - бедері, әр кезендердің оқиғасы мен халықтың таным-көзқарасы жатады. Сондықтан да аңыздың түп-төркіні - тарихи шындықтың бастау бұлағы.

Әдебиеттер

1. Бердібай Р. Эпос ел қазынасы. А., 1995. 39-б.
2. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. А., 1972
3. Досжанов Д. Отырар. А., 1995.
4. Бердібай Р. Тарихи роман. А., 1997.

СЕРІК ҚИРАБАЕВ - СӘКЕНТАНУШЫ

Автор статьи в своей работе исследует аналитические труды видного ученого, известного литературоведа, критика С.Кирабаева в изучении и творчества С.Сейфуллина.

Халықтың бір туар перзенттері дегенде, алдымен, осы ұлтты бүкіл елге танытқан ғалымдар мен творчество адамдарын тілге тиек етеміз. Осындай қазақ елін танытқан сыншы, ғалым, педагог - Серік Қирабаев десек артық айтқандық емес. Серік Қирабаевтың ғылымдағы перзенттері-зерттеу мақалалары мен монографияларын саналай жөнелсек, ұзын-қарасы 800-ге жуық еңбегі бұған айғақты дәлел іспеттес.

Серік Қирабаев - сыншы. Сыншы райында оның қарымы кең. Серік Қирабаевтың сын-зерттеу еңбектерінің дені қазақ әдебиеті мәселелеріне арналған. Сыншының бұл еңбектерінде ұлттық әдебиетіміздің іргетасы қаланған алғашқы дәуірінен бастап, бүгінгі биіктеп өскен шағына дейінгі өсу кезеңдерінің сан-сала жайына қатысты келелі пікір өрбиді. Оның сын-зерттеу еңбегінің үлкен бір бөлігі - қазақ әдебиетіндегі ұлы тұлғалар творчествосы туралы жазған монографиялары. Серік Қирабаев сыншы-ғалым ретінде жеке тұлғалар творчествосына қалам тербеп, оның жақсысын насихаттай отырып, керекті жерінде найзаның ұшына ала да білді.

1962 жылы Серік Қирабаевтың алғашқы сүбелі еңбектерінің бірі - “Сәкен Сейфуллин” монографиясы жарық көрді. Ғалым әдебиеттің классик жазушысы Сәкен Сейфуллиннің әрбір көркем туындыларына нақтылы талдаулар жасай отырып, сол бір шығарманың бойынан табылатын шынайы жақсылық сырларын ашып, халық өмірін, қоғамдық даму тарихымен байланыстыра баяндайды және әдебиетіміздің қалыптасу, даму кезеңдерін кең қамтиды.

Монографияда ғалым Сәкен шығармаларының жаңалығын, ерекшелігін, идеясын сол заманның жаңалығына байланысты түрде сипаттайды.

Сәкеннің ақындығын айта келіп: “Қазақ көргің келсе - Сәкенді көр, оның сыршылдығы, әр мінезі мен сыршыл, сезімталдығын білгің келсе - Сәкенге бар, қазақ өнерін танығың, түсінгің келсе - Сәкенді тыңда, оқы дер едік”[1],- дейді ғалым. Сәкеннің қазақтың көп ақындарының бірі емес, өз халқына дәуірінің жаңа сөзін айта алған ақын екендігін баса көрсетті. Халықтың ақындық өнерін жаңа мазмұнымен байытып, өз замандастарының арман-тілегін, мұң-мұқтажын айта алған азамат ақын екендігін дәлелдеді. Сәкеннің бастау алған бұлағы - қазақтың

бай сөз өнері, ауыз әдебиеті, Абай өлеңдері және орыс классиктерінің жырлары болғандығын талдап баяндады.

Төңкеріс жылдарында қолына қалам мен қаруды қатар алған азамат ақынның әдебиеттегі орнын айқындап берді.

Сәкеннің жан-жақтылығын, оның жазушылық ой-сезімінің тарихи қозғалыстың сыры мен мәнін терең түсіне отырып, жаңаша қарқынмен дамуын айта келіп, зерттеуші "...Сәкен-ақын, Сәкен-ұстаз, Сәкен-композитор, Сәкен-әдебиет зерттеуші ғалым, Сәкен-мемлекет басшысы, Сәкен-қоғам қайраткері, Сәкен-журналист редактор, Сәкен-сегіз қырлы бір сырлы, Сәкеннің өмірі-үлгі, ісі-лұғат. Сөзі-ақиқаттың айнасы. Көркем шығармасы-жаңа өмірдің көркем үні, көркем бейнесі. Жаңа әдебиеттің бастауы"[1] - деп көрсетеді.

Зерттеушінің "Сәкен Сейфуллин" монографиясы көлемді кіріспемен басталып, онда еңбектің мақсаты, ерекшеліктері тұжырымдалып көрсетілсе, ал жалпы зерттеуде сол кездегі қазақ өмірінің әр түрлі жақтарын, жалпы сол дәуірдегі әдеби процесті, қоғамдық көркемдік ойдың дамуын жүйелей зерттеп береді. Сонымен бірге сыншы Серік Қирабаев ақын творчествосын зерттеуде хронологиялық принцип ұстана отырып, Сәкеннің әрбір шығармасының реалистік жаңашылдығын оның өзіндік ерекшелігі мен ақындық шеберлігін айқын дәлелдермен ашып көрсетті және оны жинақтап, өзінің ғылымдық қорытындысын әдебиет сүйер қауымға ұсына білді десек, артық айтқандық емес.

Осы айтылған тұжырымдарға айғақ ретінде айта кететін бір жәйт: монографияның "Творчестволық өрлеу жылдары", "Көкшетау", "Қызыл ат" поэмалары туралы тараулары. Мұнда автор Сәкеннің революциялық жаңа үнін, эстетикалық талғамы күшті, жаңашыл ақындық сырларын жан-жақты сөз етеді. Мысалы "Қызыл ат" Сәкеннің отызыншы жылдардың бас кезіндегі ауыл өмірін суреттеуге арнаған поэмасы. Поэмада Сәкен Сейфуллин Қазақстанның ауыл шаруашылығында орын алған асыра сілтеушілік пен партия саясатын бұрмалау негізінде қазақ аулындағы жүдеушілікті өткір суреттейді. Автор "Қызыл ат" поэмасының тарихи мәнін - сол дәуірдегі қазақ халқының бастан кешірген қиын жағдайының шындығын батылдықпен айтып беруімен байланысты деп атап көрсетеді. Ғалым өз зерттеуінде Сәкеннің "Қызыл ат" поэмасы жайында жазған сол кездегі Қазақстан өлкелік партия комитетінің басшы қызметкерлерінің бірі болған І.Қабыловтың: "Қызыл ат" поэмасы - тек көркем әдебиеттік қана еңбек емес, талай себептермен айрықша саяси документ болып саналады"- деген қорытынды сөзін келтіруі және "Қызыл ат" поэмасы туралы жазылған сындарға қорытынды жасай келіп, М.Қаратаевтың "Қызыл ат" және социалистік реализм" атты мақаласы жайында айтуы поэманың маңыздылығын арттыра түседі. Сыншы сонымен қатар "Қызыл ат" поэмасының жазылуындағы образ жасау әлсіздігін айтып, жаңа өмір

үшін күресте, күресші адамдардың жарқын бейнесінің бейнеленбеуін сынга алады.

Ғалым қазақ әдебиетінің негізін салушы әйгілі таланттың творчествосын жан-жақты ғылыми талдауға алады. Автор Сәкентану саласында еңбек етіп жүрген ғалымдардың пікірін бір жүйеге түсірді, Сәкен шығармаларындағы жаңалық, оның өз қатарлары мен кейінгілерге ықпалы, ол жаңалықтың туған әдебиетте дәстүрге айналуы, Сәкен туындыларының тақырыптық ауқымы, тәрбиелік мәні, сондай-ақ оған орыс классиктерінің, әсіресе, кеңес жазушыларының игі әсері бай материал арқылы дәлелденді. Бұл кітап автордың зор табысы болды, оның зерделі, қалыптасқан ғалым екендігін танытты. Сонымен бірге бұл еңбек қазақ әдебиеті ғылымының жетістігі ретінде бұрынғы Одақ көлемінде белгілі болды.

Зерттеуші Сәкеннің әдебиетке әкелген жаңа әуенін, поэзиясының ерекшелік белгілерін оның өлеңдерінің өзгеше құрылысынан, поэтикалық тілінен ғана таппайды, ақын шығармаларының бүкіл рухынан, сарынынан танып айтады. Сәкеннің поэзиясында өршіл ақынның төкаппар үні бар; бірақ Сәкен, Мұхтар Әуезов сөзімен айтсақ, "Өзімен, өз табымен төкаппарлық етеді".

Классик жазушы туралы монографиялық зерттеу жасау мейлінше қиын да абыройлы міндет. Себебі, классик жазушы өзі шыққан әдебиеттің бар проблемасымен, бүкіл ізденіс, өсу, өрлеу жолымен, тіпті айта берсек, сол әдебиетке тән әр алуан кемшіліктерімен де тұтас біте қайнасқан, бір бүтін құбылыс. Басқаша айтсақ, әдебиеттен, өдеби процестен тыс, оқшау тұрған классик жоқ. Сондықтан әрбір зерттеуші классик жазушы туралы еңбек жасай отырып, тұтас әдебиет туралы да тереңдей ой қозғайды, оның күре тамырындай өзекті проблемаларға тоқтамай, олар жайындағы өзіндік бағалары мен шешімдерін білдірмей өте алмайды. Осы тұрғыдан алғанда, ғалымның Сәкен туралы монографиясы - бір мезгілде әрі Сәкен туралы, әрі қазақ әдебиеті туралы бағалы, үлкен зерттеу.

Қорыта айтқанда, "Сәкен Сейфуллин" - Серік Қирабаевтың ғана сүбелі сыбағасы емес, әдеби мұрамызға қосылған қомақты үлес.

"Әдебиет сынының маңызы өлшеусіз арта түсуінің тағы бір себебі - әдебиет сыны қол жеткен табыстарды тіркеп қана отырмай, жазушының шығармасындағы олқылықтарды, кемшіліктерді көрсетіп қана қоймай, сонымен бірге өнерпаздықтың нелер сыннан өткен дұрыс құбыланамасы болып табылатын социалистік реализм принциптерін терең де жан-жақты талдап беру міндет. Сөйтіп, осы принциптерді жазушылардың түгелдей етене меңгеруіне көмектесуі қажет"[1], - деген М.Қаратаевтың сөзін алға тартсақ, С.Қирабаевтың С.Сейфуллинді зерттеуі осы айтылған ойлы тұжырымның дәлелі іспеттес.

Ғылым жолындағы әрбір ғалымның дара тұлғасы өзінің шыққан биігімен асқақтап тұратыны белгілі. Осы орайда өнегелі ғалым, әдебиет сыншысы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҒА академигі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Серік Қирабаевтың әдебиетіміздің өткені мен бүгінін саралап, жарты ғасыр бойы қазақ әдебиетінің өсіп-өркендеуіне әдебиеттің сыншысы, әрі көрнекті ғалымы ретінде елеулі үлес қосып, оны туған халқының игілігіне, ұлттық мұраларымыздың біріне айналдырғанын айтуы бүгінгі өскелең ұрпақтың аға буын алдындағы парыздарының бірі десек әбден болғандай. Ақын-жазушыларымыздың мұрасын терең зерттеп, оны туған халқына, әдебиет сүйер қауымға танытуда ғалым ағаның еңбегі үлгі, өнеге бола алары айқын. С.Қирабаевтың монографиялық зерттеулері: "С.Сейфуллин", "Ғ.Мұстафин", "Ж.Аймауытов" сонымен бірге "Әдебиетіміздің ақтандық беттері" атты еңбектерінің қай-қайсысы да әдебиет әлемінде өзіндік орыны ерекшеленіп, келер ұрпаққа қызмет ете беретіндігі даусыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қирабаев С. Сәкен Сейфуллин. Алматы 1974, 27-31-432 бет.
2. Қаратаев М. Туған әдебиет туралы ойлар. А.1958ж. 413-432 бет.

Т.КӨШЕНОВА
аспирант

ШӘКӘРІМТАНУДЫҢ БІР ҚЫРЫ

В предьявляемой статье на материале сборников стихотворений Шакарима, в первые опубликованных в издательствах "Жазушы" и "Жалын" в 1998 г., рассматриваются текстологические несоответствия и ошибки. В основу научного метода изучения положен стиховедческий анализ Шакарима.

Соңғы жылдары ғана Шәкәрімтану қолға алына бастады. Сонау 1934 жылдың өзінде-ақ Абайдың толық мәніндегі шәкірті екендігі дәлелденгенмен, араға бірнеше ондаған жылдар салып бұған қолымыз жетті. Бүгінде Шәкәрім мұрасы зерттеуге тиым салынған мұралар қатарынан шыға бастады. Өйткені өзінен кейінгі буын өкілдері мұраларының өзі біршама зерттеу нысанасына ілігіп, қозғай түскені бұған айғақты дәлел. Енді ХХІ ғасыр зерттеушілері алдында кезек күттірмес үлкен бір асулар, яғни енді ғана шығармалары жарық көре бастаған, өз халқымен мәдени мұрасы арқылы қайта қауышқан Шәкәрім, Міржақып, Жүсіпбек сияқты алып тұлғалардың әдебиет әлеміндегі орнын нақтылы ғылыми дәлелдермен айқындар міндеттері тұр.

Біз бұл мақалада Шәкәрімтанудың бір қыры, яғни Шәкәрім өлеңдерінің жинақтарда ("Жазушы" және "Жалын", А., 1988) текстологиялық жағынан дұрыс берілуі хақында ой толғамақпыз. Негізгі алынатын нысана ретінде оқушыларға ұсынарымыз Шәкәрім Құдайбердіұлының (ол толығымен ақталған) 1988 жылда жарияланған шығармалар жинағы болмақ.

Абай өлеңдерін текстологиялық жағынан сұрыптап, бастапқы асыл түпнұсқаға келтіру жолын көз алдымызға келтірсек, бұл іс сонау Мұхтар Әуезов бастаған ұзақ та қиын жұмыста басталғалы күні бүгінге дейін Абайтану саласының алынбаған бір қыры ретінде зерттелуде. Әр жинақ шыққан сайын Абай өлеңдерінің текстологиялық жағынан елеулі түрде сапасы артып, өлең тармақтары мен өлең шумақтарында емелік тыныс белгілерінде, сөздерінде көптеген текстологиялық жаңалықтары келіп қосылуда. Ал Шәкәрім өнер намысын мез еткенде, оны зерттегенде Абайдан кейінгі қазақ әдебиетіндегі ірі тұлғаның бірі екендігін еске ала отырып, Абай өлеңдерінің текстологиялық жағынан өткен жолдарынан оның да өтетіндігін, бұл жолда қыруар тер төгілетіндігін еске аламыз. Бұл жазылар мақала сол жолға шығудың алғашқы баспалдағы екендігін ескертеміз. Сонымен қатар Шәкәрім мұрасын тексеру, зерттеу арқылы Абайтану ғылымының шеңберін кеңейте, мазмұнын байыта түсетіндігіне назар аударамыз.

Қазақ топырағында туған осынау реалистік әдебиеттің алғашқы өкілдерінің бірі - Шәкәрім поэтикалық мұрасын сөз еткенде, алдымен оның бастау алған бұлағын - қайнар көзін іздейміз, оны әрине ұлы Абайдың ақындық дәстүрімен байланыстыра қараймыз. Шәкәрім поэзиясының көусар бұлағы - қайнар көзі - ұлы Абайдың жыры, ол бастаған реалистік дәстүр. Шынтуайтқа келгенде, Абайдан кейінгі реалистік әдебиет өкілдерінің бәрінің де Абайдан үйренгені, ол ашқан көркемдік әлемнің мазмұндық және өлең өрнегіндегі сопылық атаулының бар қырын өз шығармаларында қолданғаны, шама-шарқынша жалғастырып дамытқаны ақиқат. "Өйткені Абай айқын да өміршең бағытын әдебиеттік еңбегімен қазақ халқының сана-сезіміне әсіресе көркемдік сезімі бар ақын-әншілеріміздің сезім-санасына өзгерместей, өшпестей етіп мықтап құйып кетті" [1].

Ең алдымен дәстүрге сүйеніп одан үйрену, сол дәстүрдің шеңберінде, соның ғана дәрежесінде қалып қою еместігін Шәкәрім дүние танымы мен оның поэтикалық мұрасы нақтылай түсті. Абай мен Шәкәрім арасындағы шығармашылық тамырластық аса терең. Шәкәрім Абайдан тек үйреніп қана қоймай қайта Абай поэзиясындағы өлең өрнегін қайта жаңғыртып дамытуға тырысқан. Ол құбылысқа өнер иесі көзімен қарап, жаңа бір жасырын сырларды паш ететіндей болды. Мәселен, оның "Жастық туралы", "Кәрілік туралы" өлеңдері ұлы ақынды өлең өрнегі жағынан қайталау болғанымен, оның "Шын сырым", "Ашу мен ынсап", "Кетті - келді", "Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді" т.с.с. өлеңдері өлең құрылысындағы Шәкәрім жаңалықтарының соны бір үлгісіндей. "Жазушы" мен "Жалын" баспаларынан шыққан жинақтарда "Жастық туралы" және "Кәрілік туралы" өлеңдері Шәкәрім творчествосының алғаш әдебиет табалдырығын аттай сала берген жемісі ретінде берілген. Және бір өлеңдердің соңына 1879 жылы жазылған деген белгі қойылған. Осы жерде үлкен бір мәселені шешу керек сияқты. Егер бұл шығармалар жәй қарапайым өлең өрнегімен жазылғанда бұған бола осыншама қалам тербеудің қажеті болмаған болар еді, бірақ мұндай өлеңдегі басты сарындар: бірінде - жастық сыр шерту, бірінде - кәрілікті сөз етсе, өлең өрнегінің классикалық "Сегіз аяқ" қалыбында болуы. Абай атақты "Сегіз аяғын" 1888 жылы жазған. Егер Шәкәрімнің өлеңінің соңына қойылған мерзім дұрыс деген тұжырымға келсек, бұл өлең кестесін әдебиетке Абай емес, Шәкәрім алып келген болады. Аталған өлеңнің өрнегін қазақ өлең құрылысындағы соны өрнек екендігін, мұны қазақ өлеңінің реформаторы ұлы Абай жасағандығы жайлы академик М.Әуезовтен бастап, әдебиет зерттеушілердің бәрі де өлең құрылысы жайлы еңбектерінде дәлелдеп өткен. Шәкәрім жинақтарын бастыруда, әрине асыл түпнұсқа жоқ. Тек баласы Ахат Құдайбердиевті қолжазбаларына ғана сүйенеміз. Ұлы Абайдың өлеңдеріне Мүрсейіт қолжазбаларын тірек ете отырып, осы күні зорға қалыпқа салына

бастағаны ескерілсе, Ахат қолжазбаларына да осындай талап тұрғысынан қарау керек сияқты.

"Бұрынғы қазақ өлең-жырларымен салыстырғанда, Шәкәрім поэзиясында көзге түсетін ең үлкен ерекшелік өлең архитектурасы мен өлеңнің ырғақтық - әуендік бітімінде көрінеді. Абай мен Шәкәрім поэзиясының арасындағы үлкен іліктестік те осында, дәлірек айтсақ, өлең құрауда қазақ көркемсөз тәжірибесінде бұрын-соңды болып көрмеген Абай ұстанған жаңа дәстүрлерді Шәкәрімнің де саналы, сауатты түрде қабыл алуында" [2] - дейді көрнекті абайтанушы Р.Сыздықова. Әрине, онда Шәкәрім поэзиясынан жаңалық нышандарын деп басып көруінде. Мәселен, "Шын сырым" деп аталатын өлеңі "Жазушы" баспасынан (Құрастырған М.Жармұхамедов, С.Дәуітов) шыққан жинақта бір шумақ 8 кейде 7 тармақты етіп берілсе, "Жалын" баспасынан (Құрастырған М.Мағауин) шыққан жинақта 6 тармақпен беріліп отыр. Бір өлең екі түрлі өрнегінде берілген.

"Жазушы" баспасынан шыққан жинақта өлең былай берілген:

Жиырма үш жасымда	6а
Бұл өлең жазылған	6б
Басында табылмай	6в
Өзіне лайық ән	6б
Мұңлы, күйсіз	4г
Жесір боп жатыр еді,	7д
Мінекей, ойланып,	6е
Өз әні табылған	6б

немесе 7 тармақты етіп, былай берілген:

Таң атты бозарып	6а
Жоғалды жұлдыз	6б
Шыдасын о не ғып,	6а
Есі ауысып жығылмай.	6б
Тойға келген таң желі сыбырласып,	11в
Сызылтып ән салып	6а
Шырқады бозторғай.	6б

ал "Жалында" басылған бұл өлең:

Таң атты бозарып,	5а
Жоғалды жұлдыз, Ай	6б
Шыдасын о не ғып,	6а
Есі ауысып жығылмай.	6б
Тойға келген таң желі сыбырласып,	11в
Сызылтып ән салып, шырқады бозторғай.	12б

Қайсысы түпнұсқаға жақын деген сұрақ туады. Әрине, белгілі бір өлең өрнегімен жазылған десе де, Шәкәрімнің өз қолжазбасының табылмауынан бүгінгі күнде талқыға түсіп отыр. Егер өлеңнің ырғақ-өуезділігін сақтай отырып ұйқасына мән берген оқырман асыл түпнұсқаға жақын "Жазушы" баспасынан шыққан шығармалар жинағындағы өлеңді алары даусыз. (Жоғарыда бұл өлеңнің екі түрлі өрнекпен берілгені көрсетілді. Соның екінші, яғни 7 тармақпен берілген нұсқасы). Мұнда шумақтардағы 1,2,3-тармақтарды оқығанда өлең ырғағы бір қалыппен барады да, 5-ші тармақта ырғаққа аздап өзгеріс енгенімен 6,7-тармақтар алдыңғы 4 тармақтың ырғақ-әуенімен үйлесе келіп, жаңа бір өлең өрнегін тудырған. Сонымен қатар ұйқасушы сөздер ақын өлеңіндегі мағына мен мәннің тоғыса қайнасып, қаймағы бетіне шыққан екендігін ескерейік. Егер жоғарыдағы өлең кестесімен шығарманы оқысақ, онда ұйқасы былай болып шығады: а-б-а-б-в-а-б. Кәдімгі ұйқаспен өрілген өлең, 5-ші жол өлең ұйқасын бұзбайды, керісінше 7 тармақтық өлеңнің 5-ші жолынан соң аздаған кідіріс жасалып, 6,7-ші тармақтар алдыңғы сырлы сазбен желдірте өтуге мүмкіндік береді. Осы өлең жайлы белгілі лингвист-ғалым Рабиға Сыздықова "Абайдың сөз өрнегі" атты монографиясында Абай мен Шәкәрім поэзиясын сабақтастыра қарай отырып: "...Көрсетілген екі өлеңінен ("Жастық туралы", "Көрілік туралы" өлеңдерінен - Т.К) басқа тағы бір өлеңін ("Шын сырым") Шәкәрім сегіз тармақты құрылыммен береді, бірақ мұның ұйқас суреті мен өлшем сандары (буын сандары) Абай ұсынған сегіз аяқтан мүлде басқаша. Бұл өлеңде 8 тармақтың барлығы да 6 буынды өлшеммен келген, ал ұйқасы **абвбгдеб** тәртібімен қиыстырған, яғни 2,4,8-тармақтар ғана ұйқасады, ал классикалық (абайлық) сегізаяқта ұйқас формуласы **ааббвбгт** болып келетінін ескерсек, Шәкәрімнің "Шын сырым" өлеңіндегі сегіз аяғы мүлде жаңа ырғақ, жаңа құрылым екені көрінеді" [3] - дейді. Егер өлеңді жоғарыдағыдай 6 немесе 8 тармақты емес, шумақты 7 тармаққа салып оқыған оқырман бұл пікірдің дұрыс-бұрыстығын өзі аңғарады. Және ғалым 5-ші тармақтың 6 буынды емес, 4 буынды екенін ескермегендей. Мәселен, "Жаду көзін" және "басымды айналдырып" деп екі тармаққа бөлгенде, әр тармағы ешқашанда 6 буынды үлгіге сай келмейді. Олай дейтініміз қос тармақты қосып есептесек 11 буынға, ал жеке-жеке тармақ ретінде 4/7 немесе 7/4 (алғашқы тармағы 4 буын, кейінгісі-7, ал 7/4 осының керісі) буынды болып келеді. Мәселен,

Қардан аппақ	4
Әжімсіз маңдайы кең	7

немесе

Жүзін көрмей тұрғанда	7
Өлсем нетті;	4

Бұлай бөлудің қисынсыз екені түсінікті. Сондықтан мұны қос тармақ етіп бөлмей, ең тиімді жолы, әрі өлең өмірінде түрлішелік туғызбас үшін мұны біріктіріп, бір тармақ етіп алған қолайлы.

Тағы бір ескерер мәселе, текстологиялық жағынан қарастырғанда, кейде кейбір сөздердің жаңсақ жазылып кетпегендігіне де назар аудару керек. Осында өлең "Жиырма үш жасымда" деп басталады. Осы жерде көңілге күдік келтіргендей. Өйткені өлең қазақ өлеңінде кездеспеген өзгеше өлең ырғағында жазылған. Әрине, Шәкәрім өлеңде кездейсоқ формаларды таба аламайды демейміз. Бірақ жалпы салған жерден мұндай көркем, үздік туындыларды берді деу шындықтан аттап, жалған сәуегейлік болары даусыз. Көркем әдебиетте, әсіресе поэзия жанырында жаңалық бірден табылып, бірден түйдек-түйдегімен жасала салатын құбылыс емес. Ол сарғая оқып, сарыла іздеудің, суреткердің өмір құбылысын жан-жақты шолып, оны терең тани білуінің нәтижесінде ғана туады. Орыстың ұлы ақыны А.С.Пушкин туралы мақаласында В.Г.Белинский: "1829 жылы шыққан" Александр Пушкин өлеңдері" атты жинақтың екінші бөлімінен гөрі, бұрынғы мектептердің ықпалымен жазылған пьесалар, бірінші бөлімінде көп, үшінші бөлімінде тіпті жоққа тән, ал бірінші бөлімінің жартысына таяуы Пушкиннің өз бетімен жазған өлеңдері екенін біз ескертіп өткенбіз. Міне, осы бірінші бөлімге 1815 жылдан 1824 жылға дейін жазылған өлеңдері сол жазылған жыл тәртібімен кірген, сондықтан, Пушкиннің жыл сайын өзіне нысана болған ұстаздарынан асып түсіп, шәкірттіктен, еліктеушіліктен шығып, өз бетінше бағыт ұстанғанын көруге болады" [4] - дейді. Иә, әрбір ақынның шығармашылық табысқа жетудегі басып өтер сатылары (Ө.Тәжібаев І.Жансүгіров өлеңдерінің мазмұнын таразылай келіп осылай бөлген. Бізде (Т.К.) сол тәжірибені пайдаланып отырмыз).

I-саты - өзгелерге көбірек ұқсайтын еліктеушілік кезеңі; (Бұл Абай басында өткен саты).

II-саты - өзін-өзі баба бастаған тұсы;

III-саты - ақынның жас жағынан да, өнерлік, білім жағынан да толысып, өлеңнің түрі мен мазмұнын келістіре тауып, өзінен кейінгі толқындарға із тастауы; (Абайдың "Сегіз аяғы", Шәкәрімнің "Бұл өн бұрынғы әннен өзгерек" өлеңі).

Шәкәрімнің "Жастық туралы", "Көрілік туралы" өлеңдерінде жоғарыда атағанымыздай алғашқы балауса жырлар, шәкірттік ізденістер, түрлі еліктеулер іздері сайрап жатса, "Шын сырым" өлеңінде поэзия әлемінде өз орнын айқындағанының куәсі боламыз. Сондықтан да болашақта шығарылатын жинақтарда ақын өлеңдері хронологиялық тәртіппен, жазылу мерзімі, сөздердің дұрыстығы қатаң ескерілсе дейміз.

Шәкәрім бұл өлеңдер арқылы Абай енгізген поэтикалық өрнекті бірінде қайталай отырып, бір басқан ізді қайта баспай, өлең арнасын басқа жаққа бұрса, екіншісінде ұлы ақын өлең өрнегіндегі өміршен

элементтерді алумен қатар, өзіндік творчестволық жолы сайрап жатқан сирек кездесер талант екендігін мойындаймыз. Шәкәрімді Абай салған сара жолды шеберлікпен менгере дамытқан өнерпаз ақын деп танимыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мүсірепов Ф. "Қазақ әдебиетінің жолындағы Абайдың тарихи орны". Абайдың өмірі мен творчествосы., А., 1954, 36-б.
2. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. А., 1995, 194-196-б.
3. Тәжібаев Ә. Өмір және поэзия. А., 1960. 116-б.
4. Белинский В.Г. Таңдамалы шығармалары, 1-ші кітап, Қазақтың біріккен Мемлекет баспасы. А., 1948, 83-б.

Б. ПАНЗАБЕКОВА
магистрант

"ЖАҚСЫ АТЫ МӘҢГІЛІК"

(Абай поэзиясы және қарасөздері арасындағы ойөрімі)

В статье рассматривается проблема взаимодействия поэзии и слов назидании великого поэта-мыслителя казахского народа А.Кунанбаева.

Өз құдіретімен Адамды жаратып, оған ақыл, ой, өнер, білім, рызық беріп, жер бетіне тұқымын көбейтіп таратқан Аллаһу тағалаға шексіз алғыспен бастаймын.

Абай шығармашылығына қалам тартпаған адам кемде-кем шығар. Әйтсе де, біздің алып отырған мәселеміз, Абай шығармашылығының ойөрімі, нақтырақ айтсақ, ақынның поэзиясы мен қарасөздеріндегі ортақ ой желісі. Біздің алдымызға қойған мақсат - Абай поэзиясы мен қарасөздері арасындағы ой үндестігінің нәтижесі.

Жалпы бұл тақырыпқа ешкім әлі қалам тартпаған. Әрине, бұл тақырыпты жанр жағынан қарастырмақ емеспіз. Ол бөлек мәселе. Біз ақын шығармашылығының таным тарапындағы ойларының ерекшелігін, түп-төркіні қайда жатқандығына тоқталмақпыз.

Осы сәтте тағы да бір мәселе алдыңнан көлбеңдейді. Ол не нәрсе? Ол - ой. Ой - ежелгі заманнан келе жатқан жеке адамның түйсігінің жемісі. Нақтылап айтсақ, келелі ой Аристотель, Платон, Әл-Фараби сияқты ғұламалардан бастау алары белгілі. Мәселе, сол ой желілері Абай танымында қалай жырланды, қандай шеберлікпен өрнек салды, кестеледі демекпіз.

Абай өлеңдері мен қарасөздерінде ойлар қай кезде үндеседі десек, М.Әуезов:

"Абайдың "Ғақлия" атанған қарасөзі барлық құрылыс қалпымен шебер, шешен тілімен және өлеңдеріндегі ой толғауының көпшілігін тереңдеп, еселеп, өсіріп жеткізумен біздің әдебиеттегі тағы бір соны, қызықты жаңалықтың бірі болған. Мұнда да сыншыл, ойшыл Абай көрінеді,"[1]- деп өз ойын осылай тұжырымдайды. Ал, ғалым Б.Кенжебаевтың пікіріне сүйенсек:

"Абайдың қарасөздері, оның өлеңдерімен, дастандарымен идея, пікір, көзқарас жағынан да сабақтасып жатады. Абай поэзияда қандай терең ойшыл, данышпан болса, қарасөздерінде де сондай ойшыл, данышпан, - [2] деп нақтылай түседі.

Расында да солай. Себебі, ақынның қарасөздері өлеңдерінің заңды жалғасы сияқты.

Жалпы, Абай өлеңдері мен қарасөздерінің ең басты объектісі - Адам, басты мақсаты - Адам тәрбиесі. Абайдың осы тәрбие мәселесінде ұстанған жолы қай жол еді деген заңды сұрақ тууы мүмкін.

Абай заманында исламның екі түрлі ағымы майдандасты деуге болады. Оның бірі - Фарабиден, Ұлықбектен, Маржаниден бағыт алған ғакли ислам, екіншісі Әл Ғазалиден, Бақырғаниден, Софы Аллаярдан бағыт алған нақли ислам.

"Абай жолы - нақли - ғакли исламның бас қосқаны немесе ғылымның, ғадалаттың ақыл, қайрат, жүректің бас қосқан жолы" [3], - дегенді айтады.

Осы тұрғыдан алып қарағанда, әділет, рахым, ақыл жайлы танымын тарату үстінде Абай 38-сөзінде: "Аллаяр Софының бір фәрдеден "жүз фәрде бижай жайлы ой-түйінін ақындықтың кемеліне келген шағында шығарған "Жақсылық ұзақ тұрмайды" деген өлеңінде:

Бір қайғыны ойласан,
Жүз қайғыны қозғайды, -

деп күдіретті поэзия тілімен қазақы қамытқа түсіріп, мүлде жаңа сөз қолданыс тәсілінде құлпыртып береді [4].

"Софы Аллаярдың бұл сөзін пайдалана отырып жаңа ой беру жөйтін М.Әуезов эпопеяда Салтанат пен Абайды сыйластықпен сұхбаттасқанда, Абай тілегіне қалжың, наз айтқан Салтанат: "Болур бір фәрдеден юз фәрде бижай деп еді Аллаяр Сопы" - деген жеңіл өзілмен жұмсалатын Аллаяр Сопы сөзін шариғат рақымнан қол үзбеу, күнәға баспау тұрғысынан көлденең тартады емес пе?" - деп бұл сөздің айтылуын ғалым М.Мырзахметұлы дәлелдей түседі [5].

Қарап отырсақ, Абай танымның түпкі негізінің бастау алар тұсы өріден басталатыны ө дегеннен көрініп тұрады. Абайға Аллаяр Сопының өзекті ойлары әсер етпеуі мүмкін емес, әсер етті.

Аллаяр Сопының әдебиет әлемінде алар орны ерекше. Нәсілі ноғай, 10 жасынан көп ілім үйреніп, Бұқарада белгілі Қадидулла шаихтың тәрбиесінде 12 жыл болып, төрт кітап жазған. Олар:

1. "Маслікін матхайып" // Алладан ("Қорқушылар жолы").
2. "Мурадил аршин" ("Білімділер мұраты").
3. "Мағзунил матағин" // Аллаға ("Табынушылар өкілі").
4. "Шарх сабатил ажазин" ("Ижаз қиындықтырына түсіндірме")

Ижаз-Құран және оның бірегейлігі туралы арнайы ілім.

Аллаяр Сопының осы кітаптар ішінде бетке ұстары соңғы "Шарх Сабатил ажазин" кітабы. Кітаптың алғашқы беттерінде ө дегеннен-ақ Алла күдіретінің шегі жоқ екенін білдіре келіп, дүние тоқталмайтын жел сияқты өткінші екені туралы түйінді пікір айтады. Аллаяр Сопының мынадай пікірлері: "Дүниені жел ұстайды, ақырғы дүниенің бітуі де желмен болады. Алла тағала дүниені желдей өтетін етіп төрт түрлі белгі:

қысты, көктемді, жазды, күзді жаратты дейді. Бұл ойы Абайдың "Ғабидоллаға" деген арнау өлеңіндегі пікірмен сәйкес келеді.

Бір ескеретін жай, Сопы Аллаярдың "Шарх Сабатил Ажазин" кітабында өзіне ұстаз тұтқан сопылық ілімін жалғастырушы А.Яссауидің қазіргі кезеңде белгісіз болып жарыққа шықпаған кітаптарынан "Біздің қолымызға "Тажатил Зақрин" деген кітабы түсті және "Тәнбиел Замин" деген екінші кітабының ішінде мынадай нақылдар", - деп бізді хабарлар етеді. Әрине, бұл қуанарлық нәрсе. Халқы қасиет көріп, пір тұтатын А.Яссауидің артына қалдырған баға жетпес мұраты "Диуани хикметін" ақынның өзі "Дәптер сәни" деп атаған еңбегінің басында:

"Бісмиллә" деп баян еттім хикмет айтып,
Шәкірттерге дүр мен гәһар шаштым міне.
Жанды жолдап, қайғы шегіп, қандар жұтып,
Мен "Дәптер сәни" сөзін аштым міне, -

деп толғайды [6].

Ұлы ойшыл осы аталған еңбегін не үшін "Екінші дәптер" деп санайды? Олай болса "Бірінші дәптер" қайда деген кезінде орынды сауал қойылған. Міне, осы сауалға жауап тапқандаймыз.

Бірақ, әлі де нақтылауды қажет етеді.

Бірді айтып, бірге кетіп жатқан сияқтымыз. Қайта оралсақ, Абайдың дүниетанымның бастау алар негізі Ахмет Яссауи, Аллаяр Сопы еңбектеріне әлі де тоқталамыз.

Түйіндегенде, Абай поэзиясы мен қарасөздеріндегі таным, тәрбие және эстетикалық тарапындағы мақсаты бір деуге болады. Абай мұрасы - рухына рух қосар, айдыныңды ашар, өлемдік ақыл-ойдың күз-қиясына самғатар азығымыз. Абай мұрасы - әлі де үніле түсуді қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әуезов М. "Абайдың еңбегінің биік нысанасы". А., "Жазушы". 1986.
2. Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. А., "Жазушы", 1986.
3. Машанов А. Әл-Фараби және Абай. А., 1994.
4. Мырзахметұлы М. Түркістанда туған ойлар. А., "Санат", 1998.
5. Мырзахметұлы М. Абай және Шығыс. А., 1994.

Ә.ТОЛЫСБАЕВА
магистрант

ПРОЗАДАҒЫ МӘНГҮРТТІК МӘСЕЛЕСІ

В статье рассматривается сущность процесса мангуртизма и феномен отчуждения в современной казахской прозе.

Қазіргі әдебиетте аса күрделі және жан-жақты сөз болып отырған проблемалардың ішінде ең өзектілері және бірегейлері - "мәңгірттік", "көзқамандық", "жатсыну" т.б. сияқты процестер.

XX ғасырдың басқы және соңғы онжылдықтарында көріне бастаған көркем әдебиеттің "мәңгілік" тақырыптары (өлім, өмір, жақсылық, жамандық, жатсыну) өмірдің жан-жақты қырын түсіндіруде үлкен роль атқарады. Әлемнің, кеңістіктің, космостың, өмірдің шектілігі мен шексіздігін драмалық образдар арқылы беру біздің әдебиетіміздің басты проблемаларына айналды. Ғасырлар бойы мына әлемнің, табиғаттың анық иесі кім - тәртіп пе болмаса бейтәртіп (хаос) пе деген тартыс әлі де аяқталған жоқ. Әр идеологиялық система, әр мәдениет өмірдің шындығын, әділеттік, әділетсіздік, міндет, намыс, адалдық сияқты ұғымдарды өзінше түсіндіруге тырысады. Сондықтан да жиі өзгермелі қоғамның тарихы көркем әдебиетте көркем эстетикалық тұрғыда бейнеленетінін ескерсек, бұл проблемаларды зерттеу әдебиетіміздің дамуына, күрделенуіне ықпал етеді.

Біздің зерттеу объектісіне алып отырған мәңгірттік жөніндегі ұғымның табиғаты тым тереңде. Мәңгірттік мәселесі көркем әдебиетте жалпы құбылыс ретінде бейнеленгенімен, арнайы бір ғылым саласында термин ретінде қалыптаспаған. Осы орайда Абайдың 44-інші қара сөзін келтіре кетсек. Онда: "Біз жанымыздан ғылым шығара алмаймыз, жаралып қойған нәрселерді сезбекпіз, көріп ақылмен біліп" [1] деген. Ұлы Абайдың осы түсіндірмесін басшылыққа алсақ, біз де қолдан ғылым жасамақ емеспіз, өйткені мәңгірттік ұғымының мағынасын, дамуын аша түсетін философияда бұрыннан қалыптасқан жатсыну (отчуждения) феномені бар. Қазіргі әдебиетте, қоғамда кеңінен сөз болып, ғасыр проблемасына айналған мәңгірттік мәселесінің түп-төркінін, болмысын түсіну үшін жатсыну (отчуждения) феноменімен байланыстыра қарастыру біздің басты мақсатымыз.

Қазақ әдебиетінің тарихына зер салып қарайтын болсаң, мәңгірттік мәселесі көне түркі жазбаларынан бастап, қазақ ауыз әдебиеті нұсқаларына да, XIX ғасырда ақын-жыраулар поэзияда бір қырынан, мотив ретінде ғана көрініс тапқан. Ал XX ғасырдың басында үлкен бір лек болып келген, қазақтың бір туар ұлдары Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Әуезов т.б. творчестволарына өзек болған бұл проблема адам

болмысының мәңгірттенуі қоғамдық апат, адам болашағына төнген нәубет ретінде астарлы мағынада болса да айтылып келді.

Әдебиеттің өз даму заңдылықтары бар десек те, ол тікелей саясатқа, идеологияға қатысты емес деп айта алмаймыз. Осы тұрғыдан қарастырсақ, мәңгірттік мәселесінің көркем әдебиетте бейнеленуі XX ғасырдың басы мен соңғы он жылдықтарында ғана көркемдік тұрғыда айтылуы заңды құбылыс деп айтуға болады.

Адамның психологиялық, физиологиялық болмысының мәңгірттенуі адамның моральдық құндылықтарының өзгеруіне, іс-әрекетінің, мақсатының өзгеруіне әкеп тіреді. Адамзатқа төнер қауіпті бұрын сезетін жазушылар қауымы бұл мәселені дер кезінде көтере білді. 70-80 жылдары бір-бірімен жарыла шыққан шығармалар мәңгірттік мәселесін көтеруде үлкен роль атқарды. Атап айтсақ, Ә.Кекілбаев, О.Бөкеев, Т.Әбдіқов, Д.Исабеков, Ә.Тарази, Ә.Нүрпейісов т.б. сияқты жазушылар творчествосында бұл проблема көркемдік дәрежеде азды-көпті әңгіме бола бастады.

Ә.Кекілбаев идеологиялық саясат ызғарын төгіп тұрған кезеңде "Күйші" повесі арқылы тарихи тақырыпқа астарлай отырып, мәңгірттік мәселесін әдебиетке әкелсе, заманымыздың заңғар жазушысы Ш.Айтматов өзінің "Ғасырдан да ұзақ күн" романында мәңгірттікке әлемдік сипат берді.

Әрине, мәңгірттік ұғымының көркем әдебиетте образға айналу табиғаты, жазушының бұл ұғымды қолданудағы бағыт-бағдары, мақсат-мұраты өз алдына жеке қарастырып, зерттеуге тұрарлық тақырыптар. Бірақ алдымен мәңгірттік ұғымының болмысын анықтай түсу қажет-ақ.

Мәңгірттік көне жаутершілік замандарда адамды құл етудің, болмысынан айырудың, жауыздықтың құралы ретінде пайдаланылды. Сондықтан да сөз қолданыста: "Сокқының қатғылығы сонша, бір сәтке көдімгідей *мәңгіріп* қалдым." (Б.Сокп. "Бастан кеш"), "Алданған үміт, кесілген (үміт) арман бір адамды *мәңгіртуге* жетіп жатыр." (Р.Нұрғ. "Күретамыр") [2] деген тіркестер қалыптасып кеткен. Мәңгірттік жөнінде Ш.Айтматов: "Мен аңыз-әңгімелерді қазіргі заман талабына сай өзгертіп қолданамын. Мәңгірттік деген қазақ-қырғызға белгілі нәрсе. Адамның басына түйенің төс терісін қаптап, бас сүйегін қысып, адам төзгісіз ауру мен мәңгіртке айналдырады. Сөйтіп мал соңына салып қойып, құл етеді. Мәңгірт дегеніміз - өз ата-бабасын, тегін, отанын, тарихын білмейтіндерді айтамыз",- [3] дейді. Ш.Айтматов мәңгірттік ұғымын сан ғасырдың сынынан өткен, құпиясы мың қатпарлы Азия құрлығы тудырған, сонау Манас дәуірінің ар жағында дүниеге келген сойқан төсілге ешкімнің ойына келмеген шешім тауып, күллі әлемдік проблемаға айналдырды. Сөйтіп, ғаламдық сөздік қорға "мәңгіртизм" дейтін ұғым атауын қосты.

Бұрынғы Кеңес Одағы кезінде тілі мен ділін, салт-дәстүрін ұмытып, тарихи жадынан айрыла бастаған аз ұлттардың трагедиясы Айтматовтың "Боранды бекет" романынан кейін бар дауыспен көтерілді. Мәңгірт болып кетпеу сан жағынан аз халықтардың ұранына айналды. Яғни, тоталитарлық жүйенің тұсында болжамдап болса да айтылған ашық шындық әсіре қызыл идеологиясының шырмауына түскен ұлттар мен ұлыстардың санасын дүр сілкілтіп, марғау қалпын оятты. Тоталитарлық (қоғам) жүйе тұтас қоғамға, ақыл-ойымызға, түсінігімізге идеологиялық шіре салды. Мұның өзі бір режимге бағындырып, бұғаулап ұстаудың мақсатында жүзеге асып жатты.

Жалпы алғанда Кеңес одағы тұсындағы системаның адамзаттан мәңгірт жасаудың болмысы осындай. Ал оның заңдылығы бар құбылыс екендігі, көркем әдебиетте көркем-әдеби образдар арқылы бейнеленуі жөнінде алдағы зерттеу мақалаларымызда кең көлемде қарастырмақпыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. А. Құнанбаев. Шығармалар жинағы. 2-том. А., Жазушы. 1995. 217-бет.
2. Түсіндірме сөздік. А., "Ғылым". 1974. 2-том. 349-бет.
3. Ш. Айтматов, М. Шаханов. Құз басындағы аңшының зары. А., "Рауан". 1997. 122-бет.

М. КЕРІМБЕКҰЛЫ
ізденуші

І. ОМАРОВ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ МӘСЕЛЕЛЕРІ

И. Омаров - автор многих статей о проблемах национальной культуры казахского народа. Как публицист и критик особое внимание в своих работах уделяет развитию национальной литературы, искусству и культуре.

Қазақ әдебиетінің ұлттық өрісі мен халықтық деңгейін арттыруда ақын-жазушылар мен өнер иелерінің еңбегі зор. Қазақстанның мәдениет қайраткері Лияс Омаров 1970 жылы жазған "Парыз" деп аталатын соңғы қоштасу хатында: "Басымда айтылмаған ойларым бар еді. Олардың бәрі - өз қолыммен, өз басыммен орындай алмай кетіп бара жатқан ел, халық алдындағы азаматтық, перзенттік парызым.

Оның ең бастысы - туған халқымның мәдени өрісі, өскелең жолы және оның ғасырлар сақтаған аса бай мұрасын байланыстыра зерттеу еді. Мен бұл салада көп уақыт ерекет, қызмет еткенімді еске алғанымен, ол істердің атқарылуға тиістісінен әлдеқайда аз болғанына өкінемін. Ойлап жатсам, бір дарқан да шалқар мол байлығымызды зерттеп түйіндеп түсіндіруде, жеткізе баяндауда едәуір олқы соғып жатқан шіркін, осылай болса игі еді ғой деген тілек, арман көңілде қала беретін" [1] - деп, өзінің көңіл-күйін, зерделі ойын жазып қалдырады.

Лияс Омаров қазақ халқының көне ұлттық мәдени мұрасына да ерекше мән берген. Әсіресе, ол жоғарыдағы хатында: "Халық мұрасы дегенім - әсіресе, сан дәуір, замандар көшінде өзінің қайталанбас, тозбас, өшпес қасиетімен бізге дейін жасап келген ән-күй, музыка мұрасы, дастандар, жырлар түйдегі. Бұлар менің көзіме де, көңіл сарайыма да халқымның аса мықты тұлғасы, сын-сипаты болып елестейді. Осыларды жаңғырта, жаңарта, осы өз дәуіріміздің қажет-мұқтаждарына, қызметіне бар бояу, кестесімен жеткізе жарату міндеті алдымызда тұра береді. Өйту үшін бізде қазір қаншама мүмкіндіктер бар. Соларды пайдалану, пайдалануды ұйымдастыру - қандай ганибет жұмыс, қандай абыройлы іс дер едім!

Бұл менің өтеп жеткізе алмаған, бірақ өзге азаматтар жеткізеді деген үлкен парыз екенін тағы да айтып жатырмын", [1] - деп оқырманды халық мұрасын қастерлеуге шақырады.

І. Омаров өмірінің соңғы жылдарында, Қазақ ССР Мәдениет Министрі болып істеген кезінде (1967-70 жылдары) еліміздің ұлттық мәдениетін дамыту саласында көп жұмыстарды іске асырды. Ол әдебиет сынының өрісін кеңейтуге атсалысты.

Шығармашылық өмірінде артына өшпес мұра қалдырған І.Омаровтың оқырмандарға белгілі алты жинағы, жүзден астам мақалалары қазақ халқының ұлттық мәдениетіне зор үлес қосты.

І.Омаровтың қоғам қайраткері, ұлттық мәдениетінің жанашыры ретінде жазған шығармалары үлкен шоғыр. Ол: 1). Ұлттық мәдени ошақтарды қалыптастыруға; 2). Ұлттық кино өнерін дамытуға; 3). Ұлттық мектептердің өрісін кеңейтуге; 4). Ұлт театры мен халық өнерінің дамуына; 5). Айтыс өнерінің өсуіне; 6). Әдеби сынның жаңашыл деңгейін көтеруге атсалысты. Ол сыншы, публицист әрі мәдениет қайраткері ретінде зор беделге ие болды. Оның жазып қалдырған "Монераль сапары" туралы жолжазбалары, "Мен жазбаймын өленді ермек үшін", "Сұлулықтың сан қырлы сыр-сипаты", "Көркем сөздің шебері", "Туған халқының төл баласы", "Өнерпаз жолы", "Шабыт шалқары", "Ана тіліміз жөнінде", "Арқалаған жүгіміз әрқайсымызға қымбат", "Сөз қадірі", "Бауырмал құшақ аясы", т.б. мақалалары ұлттық әдебиетіміз бен мәдениетіміздің өрісін кеңейте түскенін байқаймыз.

І.Омаровтың сыншылық әрі жазушылық қабілеті қалың оқырманға белгілі болса да, оның ұлттық мәдениетімізді дамытудағы зор еңбегі көпке дейін сөз болмай келген еді. Оның "Шабыт шалқары"(1973), "Әдеби толғамдар"(1988), "Толғамдар"(1992) жинағы қайтыс болғаннан кейін ғана (1970) жарыққа шықты. Кезінде ірі мәдениет және қоғам қайраткері ретінде зор беделге ие болған І.Омаровтың публицист, әдебиет сыншысы екені шүбәсіз. І.Омаровтың әдеби-сын мұрасы туралы 100-ге жуық мақаласының, естеліктерінің жазылуында да үлкен сыр жатқан сияқты. Бұл І.Омаровтың әдеби-сын, публицистикалық сын мұрасының құндылығын көрсетеді.

Ол кеңес дәуіріндегі қиы кезеңдерді бастан кешірді. Отызыншы жылдардың орта тұсындағы репрессия апатынан аман қалған І.Омаровтың 1937-1945 жылдардағы әдеби өмірі бізге белгісіз. Оның осы кезеңде жазған өлендері, мақалалары, күнделіктері түрлі жағдайларға байланысты сақталмаған. Дегенмен І.Омаровтың 1945 жылы Абайдың 100 жылдығын өткізуге белсене араласып, оны ұйымдастырушылардың бірі болғаны мәлім.

Ол Әуезовтің кеңесімен 1945 жылы "Мен жазбаймын өленді ермек үшін"[2] деген мақаласын қазақ Ғылым академиясының "Ғылыми хабарламасында" жариялады. 1958 жылы М.Әуезовтің "Абай жолы" роман-эпопеясы туралы "Халықтық эпопея"[3] мақаласы "Қазақ әдебиеті" газетінде басылды. Айтыс өнерін дамытуда І.Омаровтың зерделі мақалалары кезінде жиі жарық көрді. "Өміршең өршіл жыр керек" [4], "Айтыс өнерін дамыта берейік [5], "Ақын Сараның әдебиетіміздегі үлесі"[6], т.б. мақалаларында айтыс өнерінің орны мен мәнін сөз етеді. Ол ұлттық мәдениетіміздегі

айтыс өнерін дамытуға атсалысып, қамқорлық көрсеткен сыншылардың бірі болды.

Сыншы - өнерлі жандар туралы мақалалар жазып, халық таланттары туралы ой толғайды. Ш.Айманов туралы "Өнерпаз жолы"[7], С.Қожамқұлов жөнінде "Халықтың төл баласы"[8] деген мақалаларында өнердің өзекті мәселелеріне тоқталады.

І.Омаров атақты жазушылар М.Әуезова пен Ғ.Мүсіреповтің драмалық шығармалары жайында "Өнер мұраты биік болмақ"[9] келелі пікір қозғайды.

І.Омаров қазақ халқы ұлттық мәдениетінің ділгір проблемаларына үн қосады. Әсіресе халқының өн-өлең сахналық өнеріне ерекше мән берді. "Өскен елдің өзіне сай музыкасы болсын"[10], "Халықтың өн мұрасын құрметтеу хақында"[11], "Арқалаған жүгіміз қымбат"[12] деген мақалаларында өнер қайраткерлерінің міндеттері туралы көбірек айтады. Сол сияқты, соғыс жылдарындағы қазақ драматургиясы жөнінде "Мұраты биік болмақ"[13] атты мақаласы, қазақ әдебиетінің онкүндігі туралы "Өнердің өшпес жұлдызы [14] мақаласында ұлттық мәдениетіміздің жай-күйін кеңінен сөз етеді.

Публицист І.Омаров шығыс халықтарының - өзбек, қырғыз, ұйғыр, қарақалпақ ұлттық мәдениетіне де зер салып отырған. Ұйғыр халқының жазушысы Мұрат Хамраевтың "Ұйғыр халқының мәдениетінің гүлденуі" деген кітабы туралы пікір жазған хатында І.Омаров түркі тілдес халықтардың көне ұлттық мәдениетін ерекше бағалайды.

"Түркі тілдес халықтардың көне мәдениеті - кейін халық болып қалыптасып кеткен елдердің түркі көзді бұлағы. Сондықтан ол тарихты қарастырғанда бұл заңдылықты ескермеуге болмайды"[1], -деп ұйғыр халқының көне ұлттық мәдениеті мен қазақ халқының көне мәдениет мұраларымен салыстыра отырып, оларға ортақ ұлттық ерекшелігін ашып айтады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1."Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы..." (І.Омаровтың хаттары, М.Хамраевқа)//"Жалын", N1, 1986. 42-бет.
- 2."Мен жазбаймын өленді ермек үшін"//"Ғылыми хабарлама", Қазақ Ғылым Академиясы, 1945.
- 3."Халықтық эпопея"//"Қазақ әдебиеті", 1958, 12-22 тамыз.
- 4."Өміршең өршіл жыр керек"//"Қазақ әдебиеті", 1958, 14 сәуір.
- 5."Айтыс дәстүрін дамыта берейік"//"Социалистік Қазақстан", 1957, 29 желтоқсан.
- 6."Ақын Сараның әдебиетіміздегі үлесі"//"Қазақ әдебиеті", 1959, 17 шілде.

7. "Өнерпаз жолы" // "Қазақ әдебиеті", 1964, 19 маусым.
8. "Халқының төл баласы" // "Қазақ әдебиеті", 1966, 19 қазан.
9. "Өнер мұраты биік болмақ" // "Шабьт шалқары", "Жазушы", 1973.
10. "Өскен елдің өзіне сай музыкасы болсын" // "Социалистік Қазақстан", 1948, 31-желтоқсан.
11. "Халықтың ән мұрасын құрметтеу хақында" // "Қазақ әдебиеті", 1969, 7-желтоқсан.
12. "Арқалаған жүгіміз қымбат" // "Қазақ әдебиеті", 1968, 29-қыркүйек.
13. "Мұраты биік болмақ", "Қазақ әдебиеті", 1968, 21 қаңтар.
14. "Өнердің өшпес жұлдызы" // "Социалистік Қазақстан", 1968, 21-қыркүйек.

С. АШИМОВА
аспирант

Ө ДЫБЫСЫНЫҢ ТАБИҒАТЫ ТУРАЛЫ (Өзбек тілінің Иқан, Қарнақ диалектілері материалдары негізінде)

В статье рассмотрены основные фонетические процессы фонемы ө в иканском и карнакском говорах узбекского языка.

Өзбек тілі түркі тектес тілдердің ішінде диалектілерінің көптігімен ерекшеленіп тұрады. Тіпті кей диалектілердің фонетикалық, лексикалық ерекшелігі жағынан бір-бірінен алшақтап кеткендігі сондай, екі басқа диалект өкілдері бірі екіншісін түсінбеуі де мүмкін. Көне формасын сақтап, әдеби тілден көп ерекшеленіп тұратын диалектілер де жоқ емес. Сондай диалектілердің бірі Түркістан қаласы маңындағы Иқан, Қарнақ елді мекендерінде тұратын өзбек халқының тілі. Түркістан аумағында өзбек тілі диалектілерінің үш тобына, яғни қарлұқ, қыпшақ, оғыз типіндегі диалектілерге енгізілетін говорлардың өкілдері бірнеше ғасырлардан бері өмір сүреді. Бұл говорлардағы көне формалардың сақталынуы тілдің фонетика және лексика салаларында басым. Иқан және Қарнақ говорларын ғалымдар өзбек тілінің оғыз диалектісіне қосады. Олардың тілінде оғыз тобына жататын тілдермен сыбайласып кететін тілдік элементтер мол кездеседі. Өзбек тілінің оғыз тобына енетін диалектілерінде дауысты дыбыстардың саны 17-18-ге жетеді. Ал қыпшақ диалектілерінде дауысты фонемалардың саны 9-10, қарлұқ тобындағы диалектілерде 6-7 ғана [1].

Оғыз тобындағы өзбек диалектілерінде дауысты дыбыстардың көп болуы оларда көне түркі тілдеріне тән болған созылыңқы дауысты дыбыстардың, яғни комбинатор және фонематик созылыңқы фонемалардың сақталуымен байланысты. Тіпті кей дауысты дыбыстар өзіндік ерекшелікке де ие. Сондай ерекше қасиетке ие дауысты фонема Иқан, Қарнақ елді мекендерінде жасайтын өзбектер тілінде қолданылатын ө дыбысы. Ө дыбысы-жіңішке, ашық, езулік дауысты дыбыс. Бұл фонеманың қолданылу тарихы, дамуы туралы пікір айтқан ғалымдардың көзқарастары бірдей емес. Мысалы, Н.А.Баскаков ө дыбысы қазіргі қарақалпақ, қазақ тілдерінде басқа тілдерден (шығыс тілдерінен) еніп, қалыптасқан десе, И.Батманов, В.Решетовтар қырғыз тілінің ықпалы негізінде қалыптасқан деген ойды қолдайды [2].

Жалпы ө дыбысының түркі тілдерінде, соның ішінде диалектілерде де қалыптасуы, әдеби тіл нормасына енуі араб, парсы тілдерінің ықпалымен болған сияқты. Дегенмен, көне түркі тілдерінде а дыбысының жіңішке сыңары ретінде ә /ə/ дыбысы қолданылған. Бұл

дыбыс мейлінше ашық, тіл алды, езу дыбысы екендігі дәлелденген.

Қазіргі түркі тілдерінде оның осы қасиеттері сақталған.

өзбек	қазақ	қ.қалмақ	түрікмен.	әзерб.
Ака	әдеп	өйнек	бәш	кәзмәк
шахар	сән	әгер	кәшир	әбәд
машхур	әке	әусәт	әдик	зәдә

(өзбек әдеби тілінде ө фонемасы а әріпімен беріледі.)

Біз сөз етіп жатқан говорларда ө дыбысы сөздердің барлық деңгейінде қолданылады.

Мысалы: мән, сән, тәмір, кәсәк, өйгә;

Әд.орф. мен, сен, темир, кесак, уйга;

Қаз. т. мен, сен, темір, кесек, үйге;

Ғалымдардың диалектологиялық зерттеулері өзбек тілінің қарлұқ, қыпшақ диалектілерімен салыстырғанда оғыз тобындағы диалектілерде ө дыбысының қолданылу аясы кеңдігін дәлелдейді [3]. Сонымен қатар, оғыз типіндегі диалектілердің және бір өзіндік ерекшелігі сөз басында ө дыбысының жиі қолданылуы.

Мысалы: өләк, өкә, әбдірә, өсәлай, әркәтай;

Әд.орф. элак, ака, абдира, асалары, эркатой;

Қаз. т. елек, аға, әбдіре, ара, еркетай;

Жоғарыда аталынған ерекшеліктермен қатар, ө фонемасы зерттеу жұмыстары жүргізіп жатқан говорларда төмендегідей фонетикалық өзгерістерге ұшыраған:

Бірінші буында е фонемасының ө-ге өту процесі [ө<е] жиі кездеседі.

Иқан	Қарнақ	Түркістан	Әд.орф.	Қаз.т.
кәк	кәк	кек	кек	кек
кәсәк	кәсәк	кәсәк	кесак	кесек
кәлін	кәлін	кәлін	келин	келін
мән	мән	ме://мен	мен	мен
сән	сән	се://сен	сен	сен
тәмір	тәмір	темір	темир	темір
тәкіс	тәкіс	текис	текис	текис
тәкшір	тәкшір	текшір	текшир	тексер
чәкә	чәгә	чегә	мих	шеге

ө<е процесі Түрікменстан өзбектерінің говорларында (дәп, дәпә, дәң, дәмър, гәнжә), Қаракөл говорында (нәштә, тәнг, кәпәк), Оңтүстік

Қырғызстан өзбектерінің говорларында (кәмір, кәгән, чәләк, чәк) да кездеседі [4].

ө<э процесі ө<е сияқты кең болмасада бір шама кездеседі.

Иқан	Қарнақ	Түркістан	Әд.орф.	Қаз.т.
өләк	әләк	эләк	элак	елек
әкәжі	өкәжі	әкәжі	эгачи	апалы-сіңлі
әрмәк	әрмәк	эрмәк	эрмак	ермек
әсән	әсән	эсән//әсән	эсон	есен

Түрікменстан өзбектерінің говорларында: өләк, әрмәк; мысалдардан Иқан, Қарнақ және басқа аймақта өмір сүретін өзбектердің оғыз диалектілері территория жағынан алшақ болса да фонетикалық, лексикалық жағынан ұштасып кететіндігі көрініп тұр. Түрікменстан жерінде тұратын жергілікті өзбек халқының тіліне түрікмен тілінің ықпал етуі табиғи.

Ө дыбысы жұмсақ түбірлі I, II жақ, жекеше түрдегі тәуелдік жалғауымен тұрған сөздерге қосылып, барыс септігінің жалғауы ретінде қолданылады. Өзбек әдеби тілінде барыс септігінің жалғауы -ға.

Диалектіде	Әд.орф.	Қазақ т.
Іж. үйім+ә	үйім+га	үйме
Іж. үйің+ә	үйіңг+га	үйің
Іж. чешім+ә	сочим+га	шашыма
Іж. чешің+ә	сочинг+га	шашыңа

Бұл түрікмен, әзербайжан тілдеріне тән ерекшелік, өзбек тілінің Ургенч-Хива оғыз говорларында да кездеседі. Көне түркі тіл кезеңінде -ә жұрнақ ретінде I, II жақ тәуелдік жалғауын алған сөздерге қосылған.

Түркі тілдерінде дауысты дыбыстардың созылыңқылық қасиеті бар. Созылыңқылық екі түрде, алғашқы және кейіннен пайда болған созылыңқылық болып екіге бөлінеді (первичная и вторичная долгота гласных). Өзбек тілінің бір қанша диалектілерінде және зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатқан говорларда созылыңқылықтың екі түрі де бар. Ф.Абдуллаев “Фонетика хорезмских говоров” атты еңбегінде барлық созылыңқы дауыстылар мағына ажырата бермейтіндігін, ашық ө-нің фонологиялық мағынасыздығын айтады. Ал енді ө дыбысы комбинатор созылыңқы болуы мүмкін. Комбинатор созылыңқылық белгілі бір фонетикалық өзгеріс нәтижесінде пайда болады.

Иқан, Қарнақ, Түркістан өзбек говорларында көп жағдайда араб және парсы тілдерінен енген, құрамында ‘айн және жұмсақ х дауыссыздары бар сөздерде сол екі дыбыстың түсуі нәтижесінде ө дыбысының созылыңқы айтылуы жиі кездеседі.

Мысалы:

Иқан	Қарнақ	Түркістан	әд.орф.	қазақ т.
сә:т	сә:т	сағат	соат	сағат

шә:p	шә:p	шә:p//шәхәр	шахар	шаһар, қала
мә:л	мә:л	мә:л//мәхәл	махал	кез, уақыт

‘айн, х әріптерінің түсуі нәтижесінде ә фонемасының созылуы қарлұқ тобына жататын Бұхара, Ферғана, Солтүстік-Шығыс Тәжікстандағы кей бір өзбек говорларында да кездеседі.

Өзбек әдеби тілінде сингармонизм, яғни үндестік заңдылығы сақталынбағанымен, көптеген диалектілерде бұл ерекшелік сақталынған. Ә дыбысы өзбек әдеби тілінде қ, ғ, х дауыссыз дыбыстарымен сөз құрамында бірге қолданыла бергенімен, көпшілік диалектілерінде бірге келмейді. Қорыта айтқанда, көпшілік өзбек диалектілері тарихи формаларын сақтап қалған. Солардың бірі сингармонизм заңдылығының сақталынғандығы болса, екіншісі қазіргі әдеби тілдегі е дыбысының орнында ә дыбысының, яғни көне форманың қолданылытындығы [5].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ш.Шоабдурахманов. Узбекский язык и узбекские народные говоры. АДД. Т-1963. 14-16 стр.
2. К.Ш.Хусайнов. В.В.Радлов и казахский язык. А-А. 1984.
3. М.Томанов. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы А-А.
3. Ф.Абдуллаев. Фонетика хорезмских говоров. Ташкент, 1967 40-45 беттер.
4. Х.Шарипов. Узбекские говоры Южной Киргизии. АКД. Ташкент, 1967. 11 бет.
- И.И.Шамсутдинов. Каракульский говор узбекского языка. АКД. Ташкент, 1965
- Рахимова К.Н. Узбекские говоры Туркменской ССР. РД. Ташкент, 1984. 15 бет.
5. Б.Абдурахманов, А.Рустамов. Кадимги туркий тил. Тошкент, 1982. 7-31 беттер.

Teaching Oral Comprehension

В данной статье проводится анализ одного из этапов 3-х годовичного эксперимента в области обучения студентов устному восприятию английской речи. Автор акцентирует внимание на эффективную сторону этой методики при обучении общению на языке.

Oral comprehension ensures the possibility for dealings (contacts) in a foreign language. Good oral comprehension means understanding a wide variety of speech by hearing. We have noticed that our students usually understand only the particular speech of their own teacher and they usually fail to understand other teachers, strangers, and, especially, foreigners. That's why, I teach my students oral comprehension. The oral comprehension skills are formed or may be trained only by repeated listening practice. The process of the oral comprehension is a very active process. The success of comprehension is determined by objective and subjective factors. The objective factors are formed by the peculiarities of the given texts and by conditions under which they are perceived. The subjective factors are determined by the peculiarities of the listener's mind and his abilities and experience. When I choose a text for oral comprehension, I always pay attention to the language peculiarities and to the content. But the main condition in developing oral comprehension is motivation. It is very important to choose a right text for oral comprehension in order to create motivation for learning a foreign language, to create the need for oral comprehension and in this case we are to take into consideration the interest of learners. The selected texts for oral comprehension should arise the learner's interest.

At the beginning stage of learning English (as for my students I mean the beginners - the 2nd-year students) I usually use the texts for oral comprehension, read by non-native speakers of the English language. For example, I use tapes from "Headway" and "Cambridge" which include texts read by Japanese, Turkish, Italians, and Germans. Their speech is more understandable and easier for my students to comprehend because these nonnative speakers of English also speak slowly and have an accent similar to my students, but for my students they are foreigners all the same and that's why being able to understand these foreigners brings them pleasure and joy. When they can understand the speech of these nonnative speakers, then they are interested in listening to more tapes. I divide the speech of nonnative speakers into two levels. The easiest one is the speech of the Japanese and Turkish speakers on the "Headway" tapes. The next level in difficulty includes the speech of Italians and Germans, featured on the "Headway" tapes. Their English is more complicated and harder to understand for my students but not as hard as the speech of native speakers. Then from the beginning stage I move to the speech of native speakers. I divide this stage into several levels. First, I give the students separate

sentences, then they move to short dialogues and after working through all these levels they begin listening to texts. These texts are also divided into levels of difficulty. I group the texts according to their length, lexis and grammar. For instance, in the lowest level I choose short texts with few unfamiliar words and grammar that we have studied before. Step by step I use texts that are more complicated, they are longer and include more unfamiliar words and the given grammar used in them is more difficult. Through dividing materials for listening activities into stages according to difficulty I help my students to develop skills in oral comprehension.

One of the main points in teaching oral comprehension is the correct speed of the speech. It is rather difficult to perceive the rapid speech and the slow speech as well. The average speed is frequently used in the process of dealings. The average speed means using 200-300 syllables a minute and in our case we are to start with the natural speed which is different for different languages. According to the research the French people are the most talkative, they pronounce 330 syllables a minute, Japanese are on the second place (310 syllables a minute) and Germans are on the third place (250 syllables a minute). It is interesting that Americans and English, speaking the same language, use it in different speed. As for English they pronounce 220 syllables a minute, and Americans - 150-170.

The story, which is given for oral comprehension must be composed so, that one can easily determine the main idea of it. More over, if the main idea is given at the beginning of the text, it is understood 100%, if - at the end - 70%, and if - in the middle - 40%.

Control over understanding is one more important thing. There are different kinds of the control. I usually begin with the easiest one, which causes the least usage of foreign language. Usually my students listen to the text three times. The first task in controlling their comprehension skills is to answer the teacher's "yes-no" questions. Then I complicate my questions using the Wh-questions. At last I include such tasks as "correct my statement", "true or false", "characterize...", "explain, why...". These tasks require great skills in using foreign speech and they help to develop habits in English. These assignments train my students for last and the most difficult stage in the process of teaching oral comprehension - retelling the text. Effectiveness of this process is that the learners keep the words and phrases from these tapes in their mind for a long period of time. The students train their hearing for the foreign speech.

ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН РЕФОРМАЛАУ МЕН ДАМУЫНЫҢ КЕЙБІР ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕСІ

В статье рассматриваются актуальные проблемы высшего образования в Казахстане в период рыночных отношений.

Ертеңгі күні ел тұтқасын ұстар азаматтардың бүгінгі өнегелі тәрбиесі, олардың бойына дүниеге жаңа көзқарастық бағдарды - "жекешілі, дербес дүниетанымдық бағдарды, қазақстандық отанын сүйіштік сезімді, нарықтық экономикалық қатынастар жағдайында жемісті еңбектенуге қажетті білімді, біліктілікті, дағды-шеберлікті сіңіру, қатаң бәсекелестік пен бұралаң бұрылысты жаңа бетбұрыстық жолда асқақ адамшылық пен адамгершілік қадір-қасиеттерді, жұғымды мінез-құлық нормалары мен жоғары имандылық құндылықтарды, саяси кемелдік пен әлеуметтік белсенділікті қалыптастыру"[1] - уақыт сұранысы, Ел президенті Н.Ә.Назарбаевтың "Қазақстан -2030" атты еңбегінде жан-жақты негізделіп, нақтыланған міндеттер.

Егемендігін жаңадан алғандығына қарамастан жас мемлекет кезек күттірмейтін мемлекеттік мәні бар тез шешілуге тиісті басты мәселелер мен атқарылуға тиісті істердің негізгілерінің қатарында азаматтарына жоғары сапалы білім беру туралы Заң қабылдады.

"Жоғары білім беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының Конституциясына, "Білім беру туралы" Қазақстан Республикасы Заңы тұғырнамаларына негізделіп жасақталған. Онда студент жастарға жоғары сапалы білім берудегі мемлекеттік саясат принциптері негізделген. Жоғары оқу орындарының ұйымдастырылуы мен қызметінің құқылық, экономикалық және әлеуметтік тұғырнамалары орнықтырылған. Жас азаматтардың жоғары сапалы білім алуға конституциялық құқықтарын іске асыруға мұрындық бола алатын негіздемелік тұғырлар қарастырылған, білім беру субъектілері арасындағы қатынастарды реттеу жолдары көрсетілген, олардың құқықтары мен міндеттері, құзіреті мен жауапкершілігі белгіленген.

Жалпы, Қазақстанда жоғары білім беру саласындағы мемлекеттік саясат мына төмендегідей қағидалық принциптерді басшылыққа ала отырып, жүргізіледі:

-Қазақстан Республикасы барлық азаматтарының жоғары білім алу құқықтарының теңдігі (бұған жынысы, жасы, денсаулық жағдайы жөнінен бұл құқықтардың шектелетін реттері кірмейді);

Б. МҰХАМЕДЖАНОВ. Жоғары білім беру жүйесін реформалау...

-қабылдау жоспарына сәйкес мемлекеттік жоғары оқу орындарында жоғары білімнің тегін берілуі;
 -жоғары білім берудің жекеше жүйесіне жәрдемдесу;
 -үздіксіз білім берудегі сатылардың сабақтастығын қамтамасыз ету;

-жоғары білім беруді барынша ізгілендіру;
 -үздік қабілетін көрсеткен азаматтардың бірегей жоғары білім алуына мемлекет тарапынан жәрдем көрсету;
 -жоғары білімді, ғылым мен білімді етене жақындастыру;
 -білім берудің объективті ғылыми білім алуға кедергі келтіретін партиялар мен қоғамдық қозғалыстардың саяси және идеологиялық ықпалына тәуелсіз болуы, т.б.

Қазақстан жоғары оқу орындарының қызметі мен міндеттері жоғарыда айтылған жоғары білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптік қағидаларын басшылыққа ала отырып, жасақталады. Олар мыналар:

-жеке адамның интеллектуалдық және мәдени жағынан жетілудегі, таңдап алған қызмет саласында жоғары білім мен мамандық алуындағы қажеттерін қанағаттандыру;
 -қоғамның жоғары білімді мамандар жөніндегі әлеуметтік-экономикалық қажеттерін қанағаттандыру;
 -іргелі, қолданбалы ғылыми зерттеулер мен тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды ұйымдастыру мен жүргізу;
 -түрлі салалардың басшы қызметкерлері мен мамандарын қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру.

Жоғары оқу орындары мамандар даярлауды білімді ғылым мен өндірісті ұштастыру, оқытуды белсенді әдістер, жаңа ақпараттық технологиялар кешенін қолдана отырып ұйымдастыру негізінде студенттердің шығармашылық даралығын, интеллектуалдық және практикалық қабілеттерін таныту, қалыптастыру және дамыту үшін мүмкіндіктер туғызу арқылы жүзеге асырады.

Дегенмен, еліміздегі білім жүйесінің барлық білім беру баспадақтарының қазіргі жайына жан-жақты талдау жасау, өзара байланысты төмендегідей өз шешімін күтіп отырған проблемалардың да бар екендігін анықтады.

Олар мыналар:

-білім мақсаты мен оны іске асыруға бағытталған, білім жүйесінің құрылымды компоненттері арасындағы жүйесіздік;
 -интеллектуалды дайындықты жоғары деңгейде іске асыратын жаңа типтегі оқу орындарының (гимназиялар, лицейлер және т.б.) жұмысын реттейтін ғылыми тұрғыда негізделген нақты нормативтердің, талаптардың болмауы;

-қоғамның әлеуметтік тапсырысының өзгеруіне сәйкес білімнің мазмұнына түзетулер енгізудің объективті қажеттілігі мен осы процестің стихиялық түрде жүргізілуі;

-кейбір мамандықтардың (педагог, дәрігер, инженер) мәртебесін көтерудің әлеуметтік қажеттігі мен осы сала мамандарының төмен деңгейде материалдық қамтамасыз етілуі, еңбек ақыларының төмендігі;

-еңбек нарығындағы маман жұмыскерлерге объективті мұқтаждық пен кәсіптік-техникалық білім жүйесі арқылы оларды дайындаудың қысқаруы, т.б.

Олай болса, Қазақстан Республикасында білімді реформалау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасының басты мақсаты: білім жүйесінің әлеуметін сақтау және дамыту, әлемдік білім кеңістігіне дәйекті кіруге бағдарланған ұлттық білім моделінің жаңа үлгісін, қоғамымыздың саяси, экономикалық және әлеуметтік өмірін демократияландырудың ел Конституциясы мен Заңдарында белгіленген талаптарына сәйкес білім саласындағы мемлекеттік саясаттың нормативті - құқықтық, ұйымдастырушылық және мазмұндық негіздерін жасау болып табылады.

Сонымен қатар, мемлекеттік бағдарламада білім жүйесін реформалау мен дамытудың негізгі мақсаттарын анықтағанда мына төмендегі мәселелерді де қамтып өткен жөн болады:

-білімнің қоғамдық өмірдегі мәні мен маңызын көтеру, оны нақты өндіргіш күшке айналдыру;

-Қазақстан Республикасы үздіксіз білім жүйесі моделінің қазіргі жағдайға бара-бар және қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының мақсаттары мен мүдделеріне жауап беретін жаңарған үлгісін жасау;

-әлемдік білім кеңістігіне кіруді қамтамасыз ету, отандық білімді халықаралық стандарттар деңгейіне жеткізу;

-Қазақстан мен ТМД біртұтас білім кеңістігін сақтау және оны күшейту;

-үздіксіз оқу және тәрбие берудің толық және икемді нормативті жүйесін қалыптастыру;

-оқу-әдістемелік базаны қазіргі жағдайға сәйкес өзгерту, білім мазмұнын жаңарту, прогрессивті педагогикалық, ақпараттық технология жасау және оқу жүйесін компьютерлендіру;

-білімді ізгілікке бейімдеу оқушылардың жан-жақты мәдениетін, дайындығын қамтамасыз ету, пән мазмұнын тереңдету.

Бұл ұсыныстарды іс жүзіне асыру төмендегідей проблемалық мәселелердің тиімді шешілуіне мұрындық болады.

Мысалы:

-білім саласындағы мемлекеттік саясатты өмірге енгізуді қамтамасыз ететін заңдық, нормативтік, басқару, ұйымдастыру негіздерін құруға;

- білім кеңістігін аймақтандыруға;
- білім жүйесінде мемлекеттік тілді және басқа Қазақстан халықтарының тілдерін дамытуға;
- шет тілдерін, әсіресе, ағылшын тілін тереңдете оқытуға;
- білімнің мазмұнын, түрлері мен тәсілдерін өзгертуге;
- педагогтар мен оқушыларды әлеуметтік жағынан қорғауға;
- білім беру қызметінің нарығын жасауға;
- жоғары білім мен ғылымның өзара байланысын күшейтуге;
- барлық деңгейде білім мазмұнына, оқу процесін ұйымдастырудың түрлері мен тәсілдеріне жан-жақты, әр тарапты сипат беруге;
- оқу әдістемелік, ғылыми әдебиеттердің жаңа түрлерін жасауға;
- білім жүйесін компьютерлі техникамен қамтамасыз етуге;
- мемлекеттік білім стандарттарын дайындауға және енгізуге;
- оқу орындары ұстанатын білім беру қызметінің ауқымын кеңейтуге;
- білімді қаржыландыру жүйесін реформалауға;
- білім саласындағы халықаралық ынтымақты дамытуға, т.б.

Бұларды іске асыру барысында төмендегідей нәтижелерге қол жеткізуге болады.

- Қазақстан Республикасының үздіксіз білім жүйесінің вариативті және инвариантты компоненттері ойластырылған жаңа моделі;
- барлық деңгейде білім сапасын тексерудің ғылыми-негіздемелік жүйесі жасалады;
- оқу жүйесін басқаруды орталықсыздандыру және демократияландыру іске асырылады;
- білім мекемелері (мектеп, колледж және жоғары оқу орындары) ұтымды жұмыс істейтін болады;
- жоғары білікті, әсіресе нарықтық қатынас пен жоғары технологиялық өндірістің талабына жауап беретін мамандықтар бойынша кадрлар дайындалады;
- жоғары және орта, арнаулы мамандардың өндіріс салалары мен аймақтардағы қажеттілігін анықтайтын ғылыми әдістеме өмірге келеді;

Бұл бір жағынан. Екінші жағынан, жастарға білім мен тәрбие берудің пайда болғалы отырған мүлдем жаңа жүйесі ақпараттық технологиямен, мемлекеттік стандартымен тікелей байланысты болып отыр.

Ал, бұл мемлекеттік стандарттар, ең алдымен, қоғам алдында тұрған міндеттерді зерделеуге негізделуі тиіс. Білім беру құрылымдары қалай және не нәрсеге оқытып жатқандарын анық бажайлауы керек. Ал, дәріс алушылар да осылайша не оқып жатқандарын және кім болып шығатындарын айқын түсінулері тиіс.

Қазір республикада білім жүйесін құрылымдық жағынан қайта құру, негізінен, аяқталды, онда қалың қауымның білім алуына оңтайлы орнықты, берік даярлықтан өткізудің жоғары деңгейі, ғылым мен өндірістің көптеген бағыттары бойынша кадрлар даярлауға қабілеттілігі, жеткілікті түрде оқу-әдістемелік қамыту секілді бұрынғы жүйенің басты құндылықтары сақталып қалды.

Реформалай отырып, біз білімді реформалау мәселесінде ізденістер жүргізіп жатқан Ресейдің және ТМД-ның басқа елдерінің тәжірбиелеріне ғана сүйене алмаймыз. Олармен бірге қателіктерге ұрынудың және оны жөндеу үшін қыруар шығындарға барудың қажеті бар ма? Елде нарық шаруашылығының бағытын ұстанған екенбіз, онда нарық пен демократияны дамытуға білімнің ықпал ететін жағына бет бұрайық.

Білім берудің басты сипаттары алғашқы екі-үш онжылдықта оның тұтастығы, оқытудың мазмұны мен сапасына мемлекеттік талаптардың бірегейлігі, икемділігі мен көп деңгейлілігі, мазмұнын жаңарту мен диверсификациялау, білім жүйесін басқаруды демократияландыру болуға тиіс [2].

Сонымен қатар, біздің пікірімізше, отандық үздіксіз білім беру жүйесін жан-жақты реформалау, ең алдымен, мына төмендегі мәселелерді тиімді шеше білсе ғана іс жүзіне ойдағыдай асырылуы мүмкін:-

- білімнің қоғамда басымдылықпен дамуына бағытталған белсенді және мақсатты мемлекеттік қолдау; нарықтық экономика жағдайына бейімделуіне қажет нақты алғы шарттардың жасалуы; қоғамның қажеттілігі мен әлеуметтік сұранысына сәйкес тепе-теңдікте дамуының қамтамасыз етілуі, кадрларды жаңа, жоғары деңгейде оқыту мен тәрбиелеуге көшудің негізін салу; білім жүйесіндегі иновациялық процестердің дамуын ынталандыра білу, т.б.[3]

Білім беру, соның ішінде, әсіресе жоғары білім беру саласын реформалаудың өте-мөте қажеттілігі, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 1998 жылдың қаңтар айында Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің оқытушы профессорлар құрамымен және студент - жастармен кездесуінде де жан-жақты негізделді.

Бізге деп, атап көрсетті Н.Ә.Назарбаев өз сөзінде, - жоғары, білікті кадрлар керек. Қазір, кезек күттірместен осындай адамдар қажеттілігі өте айқын сезіліп отыр. Ал, ол үшін білім реформасы керек, ол 2030 жылдарға дейінгі мемлекет қабылдаған даму стратегиясының құрамдас бөлігі. Себебі, қазіргі таңда Қазақстанның оқу жүйесі білім беру қызметінің әлемдік рыногы мен еңбек рыногына шығып келеді. XXI ғасырдың табалдырығы алдында білім беру капиталға айналуа.

Жоғары білімді ақпараттауға, жаппай компьютерлендіру негізге алынатын оқытудың жаңа технологияларын енгізуге, бүкіл дүниежүзілік

интернет ақпарат желісіне кіруге ерекше назар аударылуы тиіс. Себебі, қазір бүкіл әлем аса ауқымды ақпараттық инфрақұрылым құру алдында тұр. Ол уақыт пен кеңістікті жеңудің құралы болмақ.

Жалпы, Қазақстанда білім жүйесін дамыту ұзақ мерзімді, басым стратегиялық бағыттың бірі болып табылады. Биыл осы салаға жалпы ішкі өнімнің 3,85 проценті, басқаша айтқанда 72 миллиард теңгеге жуық қаржы жұмсалады. Бұл өткен жылғыдан 12 миллиардқа көп. Оның үстіне, Бүкіл әлемдік банк мектепке дейінгі мекемелерді қолдауға 41 миллион доллардан астам қаржы бөлуді ұсынып отыр. Азия даму банкісі мектептерге құрал-жабдық алу, білімді басқарудың компьютерлік жүйесін жасап, орнату, жаңа оқулықтар дайындап, басып шығару, ақпаратнама, шетел тілдері саласында кадрларды қайта даярлау және біліктілікті арттыру үшін 20 миллион доллар бөлді. Тек өткен жылдың өзінде елімізде 180 мектеп компьютерлендірілді. Ал, биыл мыңға жуық мектеп компьютермен қамтамасыз етілгелі отыр. Бұл мақсатқа 20 миллион АҚШ доллары бөлінді, ЮНИСЕФ пен Темпус бағдарламасы аясында, Сорос қоры тарапынан да едәуір көмек көрсетілуде [3].

Қазір, жоғары оқу орындарының аудиторияларында біздің болашағымыз - таяудағы жылдары ел тұтқасын ұстар, нарық жағдайындағы әлеуметтік өмірге белсене араласуға, еңбектенуге, сөйтіп, бүгінгі күні еліміздің төрінен орын алып отырған әлеуметтік - экономикалық және тұрмыстық ауыртпалықтарды жоюға, қоғамдық қатынастар жүйесін демократиялық талаптар мен нарықтық сұраныстар негізінде жаңартуға, Отанымыз-Қазақстанның тағдыры үшін жауапкершілікті өз мойындарына алып, көтеруге қабілетті ұрпақ қалыптасуда.

Олай болса, жоғары оқу орындарындағы оқу-тәрбие процесі, Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың "Қазақстан - 2030" атты еңбегінде атап көрсетілгендей, ұлттық және жалпы адамзаттық адамшылдық-адамгершілік қадір - қасиеттерді негізге ала отырып, дүниеге жаңашыл жекешіл көзқарастық бағдары бар, бойына азаматтық пен отаншылдық сезімдерді сіңіре білген, іскерлігі нарықтық талаптарға сөйкес келетін ой-өрісі мен білімі, шеберлігі мен біліктілігі жоғары ұрпақты қалыптастыруға тиіс.

Бұл түсінікті де. Өйткені, нарықтық қатынастар жағдайында еңбек ететін маман жан-жақты даярлықты, осы заманғы экономикалық ойлау жүйесін, басқарушылық және ұйымдастырушылық жұмыс дағдыларын, электронды есептеу техникасын өзінің қызмет саласына сөйкес пайдаланудың белсенді әдістерін, жоғары дәрежелі жалпы мәдениетті игеруге міндетті. Оны инициатива мен жауапкершілік, өзінің білімін ұдайы жаңартып, байытып отыратын қажеттілік, жаңашыл шешімдерді батыл қабылдап, оларды белсенді түрде жүзеге асыра білу қабілеті ерекшелеп тұруы қажет.

Осыны ескергендіктен бе, Қазақстанның Оңтүстік өңіріне орналасқан жоғары оқу орындарында барлық мүмкіндіктер студенттерді жаңа заман талаптары сұраныстарына сай оқытып, тәрбиелеуге жұмылдырылған. Бұл жоғары оқу орындарында оқу процесі түбірімен қайта құрылып, барлық мамандықтар бойынша жаңа бағдарламалар қабылданды, тәрбиелік шаралардың іс жоспарлары бекітілді. Профессор-оқытушылар, деканаттар мен кафедралар оқу процесінің деңгейін көтере отырып, жалпылама топтап оқытудан жеке-жеке жұмыс жүргізуге біртіндеп көшірілуде. Болашақ мамандардың творчестволық қабілетін жан-жақты дамыту мақсатымен оқытудың белсенді формалары мен әдістері, проблемалық сабақтар, өндірістік және практикалық жағдайларды модельдеулер, кәсіпкерлермен, фермерлермен және шетелдік бизнесмендермен "дөңгелек стол" басында кездесулер, пікірталастар өткізу әдістері кеңінен пайдалануда. Оқу процесіне студенттердің өздерінің қалаулары бойынша жүргізіліп, кәсіптік бағдар алуларына әсер ететін жаңа оқу программалары, атап айтқанда, "Кәсіптік бағдар", "Педагогикалық біліктілік негіздері", "Макроэкономика", "Микроэкономика", "Фермерлік жеке шаруашылық негіздері", "Семьялық өмір этикасы мен психологиясы", "Электронды есептеу техникасы және ТСО (оқытудың техникалық құралдарын пайдалану)" атты факультативтік курстар, ұлт мектептерін бітіргендер үшін қазақ тілін оқытып, үйретуге арналған 500 сағаттық практикалық сабақтар және басқалары енгізілді. Сонымен қатар, бұл жоғары оқу орындарында студенттермен жеке жұмыс істеуге айрықша назар аударылып отыр. Бұл үшін аудиториялық сабақтар қысқартылып, дербес жұмыс істеуге барлық жағдайлар жасалуда. Оқытушылар тарапынан методикалық көмек көрсетіліп, оқыту жеке оқу жоспарлары бойынша жүргізілуде. Барлық курс студенттері педагогикалық практикаға тартылған. Ал, ғылыми жұмыс пен оқу процесінің ұштастырылуы, студенттердің ғылыми зерттеулерге, нақты жобалау және конструкторлық-технологиялық талдауларға міндетті түрде қатыстырылуы олардың талдағыштық және творчестволық ой жүйелерінің жан-жақты дамуына кәдімгідей-ақ ықпал етуде. Бір сөзбен айтқанда, оқу процесін жан-жақты интенсификациялау мен оның сапасын арттыру болашақ мамандардың сапалы кәсіптік білім алуларына игілікті әсерін тигізіп, жоғары оқу орындары бойынша студенттердің сабақ үлгерімін 94,2 процентке жеткізді.

Нарық жағдайында қызмет етуге қабілетті маман кадрларды оқытып даярлаудағы келесі бір күрделі сала, ол болашақ мамандардың өнегелі тәрбиесі, олардың сана-сезімін нарық жағдайына икемдеп, қалыптастыру. Бұл міндет жоғары оқу орындарында тәрбие мәселелерін уақыт сұранысына орайластырып, түбірімен қайта құруды талап етеді. Ол үшін, ең алдымен, бірыңғай перспективалық іс-жоспар жасалуы шарт. Онда басты міндеттер мен мақсаттар жүйеленіп, белгіленген тәрбие

шараларын іске асырудың ықтимал тәсілдері мен жолдары көрсетіледі. Профессор-оқытушылардан, деканаттар мен кадрлардан тәрбиелік шаралардың пәрменділігін арттыра отырып, студенттерді білімдарлығы, біліктілігі және іскерлігі еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, бойларына аға ұрпақтың алдыңғы қатарлы өкілдеріне тән ең асыл мұраттар мен абзал адамгершілік қадір-қасиеттерді жинақтаған ой өрісі биік азаматтар етіп тәрбиелеу сұралады. Студенттер арасында тәрбие жұмыстарын жүргізу үшін Кураторлар тобын құрудың жолдары көрсетіліп, барлық оқытушыларды тәрбиелік істерге тартудың мәселелері нақтыланады.

Студенттерге өнегелі тәрбие беруде, олардың сана-сезімін нарық жағдайына орайластырып, қалыптастыруда қоғамдық-гуманитарлық және экономикалық пәндерді оқытудың атқарар ролі зор. Өйткені, бұл пәндерді, атап айтқанда, философияны, социологияны, саясаттануды, экономикалық білімдерді, мәдениеттануды, педогогиканы және психологияны оқыту жан-жақты ойлауды, танымдық ізденімпаздық қабілеттілікті, өндірістік міндеттерді өз бетінше шешуді, жағдайдың өзгеруіне тез бейімделуді, теориялық білімін нарықтық даму кезеңіндегі өмірде қолдана білуді қажетсінетін дүниеге жаңаша көзқарастық бағдарды қалыптастыруға мұрындық болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н.Ә. Назарбаев Қазақстан - 2030. Алматы, 1998.
2. Н.Ә. Назарбаев 2030-стратегиясын жүзеге асыру жастардың еншісінде. "Егемен Қазақстан", 1998, Қаңтар.
3. Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның болашағы-қоғамның идеялық бірлігінде.- Алматы, "Кітап", 1993.
4. Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы. Алматы, "Қазақстан", 1994.
5. Қасымова Л.Н. Проблемы социализации казахской студенческой молодежи сельского происхождения в условиях переходного периода. Алматы, 1997.
6. Құсайынов А. Білім бағдарламасы, ел ертеңі.-Егемен Қазақстан, 1998, Ақпан.

Ж.ӘЙМЕНОВ
техника ғылымының докторы,
профессор

Е.ОМАР
педагогика ғылымының кандидаты,
доцент

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ДАМУДА ХАЛЫҚТЫҚ ӘДЕТ- ҒҰРЫП, ДӘСТҮР ТҮРЛЕРІН ПАЙДАЛАНУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Одним из условий эффективного влияния на формирование и развитие экологической культуры подрастающего поколения выступает широкая и разносторонняя образовательно-просветительская работа, связанная с расширением знаний о сущности экологических знаний, где немаловажную роль играют мировоззренческие взгляды и понимание казахского народа об окружающей среде.

В статье даны пути совершенствования форм и методов образовательно-воспитательной работы экологической культуры.

Қазіргі таңда тұтас алғанда өмірімізді экологияландыру аңсары үлкен маңыз алып отыр. Адамдар тіршілік ететін органы, қолайлы табиғи жағдайларды сақтау, табиғатқа деген өркениетті дүние танымды, азаматтық құнды ұстаным бағдарын қалыптастыру, бір ғылым саласының, мемлекеттің, саяси жүйенің ішкі шеңберінен шығып жалпы әлемдік мәселеге айналды. Өйткені адамдардың табиғат бермесін тартып алуға дағдыланған өзімшіл әдеті мен табиғатты тек бір сәттік мақсат үшін пайдалану психологиясы әлі де өрші түсуде. Әсіресе кешегі кеңестік жүйеде материалдық игіліктерді өндіру базасына айналған Қазақстан тұрғындарының бейнесіздік қызметі мен табиғатқа рахымсыздығы тоқталар емес. Нарық қыспағы, шаруашылық қамы деген желеулермен табиғаттың жекеленген жаратылыстары қолды болып, бау-бақшалар оталып, жол жағалай жайқала өскен тал, терек, дарақтар кесіліп, тұлдануда. Мысалы, соңғы бір жыл аралығында Шымкент-Түркістан тас жолы бойында жайқалып, көше сәнін түзеп ыстық аптаптарда жолаушыларға сая болған қалың ағаштар кесіліп, бұл күнде сурқы кеткен, келбетсіз тіршілікке айналды. Мұндай табиғатқа деген рахымсыз көз-қарастан арылу ең алдымен адамдардағы (әсіресе жас буындардағы) туған өлке табиғатына жанашыр сезім мен ұлттық дүниетаным, азаматтық намыстың оянып, олардың мінез-құлық негізі берік қалануына байланысты болып отыр. Олай етпейінше табиғатты қорғаймыз деу жалаң

уран болып, экологиялық мәдениетті дамыту жансызданып қала береді. Ендеше экологиялық түсінікті, мәдениетті қалыптастыру тек жаратылыстану мамандарының ғана емес баршаның, әсіресе мәдени-ағарту мекеме қызметкерлерінің де жауапты парызы болып отыр. Себебі “экология” деген сөздің түсінігі жаратылыстану - биологиялық мағынамен шектелмей жалпы адамның мінез-құлқы, яғни адам табиғаты, адам экологиясы мәдениеті мәселесін де қамтуында. Адам экологиясы оның рухани мәдениетінің түп деңгейіне тікелей байланысты. Ал рухани мәдениет дүниетанымы қайнарының бастауында мәдениет қызметі адамдарының көбірек жүретіні дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат дүние. Ендеше қалыптасқан экологиялық ақуал жағдайында - тіршілік тірегі табиғатты сақтау, онымен ғылыми тұрғыда қарым-қатынас жасау дүниетанымын орнықтыру, табиғат сырына үңіліп түсінетін, сезетін қабілет дамыту іс-шараларында өзіндік тәлім-тәрбие жұмыс түрлері мен әдіс-құралдары сан-алуан мәдени-ағарту мекемелерінің ролі артып атқаратын қызметі ерекше болмақ.

Ұсынылып отырған мақаланың негізгі мақсаты мектеп және мектептен тыс мәдени-ағарту мекемелерінде жас ұрпақтарды табиғат қорғау әдебіне тәрбиелеуде экологиялық мәдениетті сақтаудың халықтық әдет-ғұрып, дәстүр түрлері мен әдістерінің бұрын қолданыста болмаған озық тәжірибелері орнын анықтап, пайдаланудың жолдарын көрсету болып табылады.

Табиғаттың саналы да, сауатты да қорғаушыларын тәрбиелеуде табиғаттан бастау алатын ұлттық тәрбие көзі халықтық педагогиканың орны ерекше. Халық педагогикасын қолдауға алу тәуелсіздік келгеннен соң жүзеге асырыла бастады. Сонда саласы мол халық педагогикасына, оның бір тармағы табиғатты қорғау дәстүрі, оған сену, сыйыну ырымдары мен жан-жануар, өсімдік түрлеріне байланысты қалыптасқан әдет-ғұрыптарға айрықша мән берілудің себебі неде? Оның мәні біздің түсінігімізше мынада болып отыр.

- Халқымыздың әдет-ғұрып, дәстүр, наным-сенім, ырым, рәсімдері, оның әлеуметтік өмір салтын реттеуші заңдары, ережелері болды.

- Халық өмірінде тұрмыстық ереже болып санаға сіңіп, салтқа айналған соң, әдет-ғұрып дәстүрлер ұрпақ тәрбиесінің қайнар көзіне айналып, тұтас қарым-қатынас мәдениет құралына айналады.

- Әдет-ғұрып, дәстүр, ырымдар қоғам мүшелерінің әлеуметтік-белсенділік шамасын, адамгершілік, моральды-эстетикалық ұстаным деңгейін анықтап беруші өлшемі болды. Халықтың тұрмыстық өмір салты мен әлеуметтік болмысында, тіршілік дағдысында үлгілі істер қашан да көп болған. Олар үйреншікті дағдыдан әдетке, одан қалыптасқан дәстүрге, ғұрыпқа, салтқа ұласады да қоғамдық заңға айналады.

Заң бұзылса қоғам ыдырайды. Ұзақ жылдар бойы қазақ елінде өктемдік құрған жат жүйенің жойымпаз саясаты мен идеологиясы халқымыздың ғасырлардан жалғасын тауып келе жатқан ұлттық заңын, қасиетті асылдарын тәрк етіп, тәрбие ісінен, тұрмысынан шеттетіп келді. Әсіресе, ұлтымыздың табиғат қорғауда қалыптастырған әдет-ғұрыптары, дәстүрі, наным-сенімдері тұрпайылық сипатта әшкере нысанына айналдырылып, толығымен өмірден шеттетілді.

Сол себептен де табиғат болмысына қайшы келмейтін, одан керегін залалсыз пайдаланған әдістері бар шаруашылық пен экономикалық өзіндік өндіргіш кәсіптері мен материалдық шикізат игіліктерін өңдеу дағдылары ұмыт дүниеге айналды.

Енді қазақ халқының ежелден қалыптасқан табиғатты қорғау әдет-ғұрып дәстүрлерінің кейбір түрлеріне тоқталайық. Ол үшін алдымен халықтың туған табиғатқа қатысты рухани түсініктерімен табиғатқа сену мен сыйыну ырымдарының аң-құс, жан-жануарларға қатысты қалыптасқан әдет-ғұрыптардың пайда болуы, оның ішкі мәні, сипаты туралы қысқаша түсінік беріп кетелік. Мұндай қажеттіліктің туу себебі кешегі кеңестік ғылыми-көпшілік, оқулық т.б. әдебиеттерде халқымыздың табиғатқа қатысты тудырған жаратылыстану білімдері бұрмаланып, тұрпайы көрсетілуінде болып отыр. Ал шын мәнінде халықтың табиғатты тануы мен көзқарасы саналы, ұзақ жылдар бойы қоршаған ортаға жүргізген бақылау нәтижесінде, тәжірибе сынынан өтіп шыңдалған сұрыпталған қызметі негізінде пайда болған еді. Бақылау тәжірибесінде жинақталған жаратылыстану түсініктері мен білімдері негізінде, халқымыз табиғат жемісін пайдалану әдістерін, дағдыларын ғана емес, оны қорғау дәстүрлерінде үнемі дамытып отырды. Бұл рухани мұраларды халқымыз негізінде өсиет-нақыл, мақал-мәтелдер түрінде қалдырған. Ал мақал-мәтелдер, өсиет нақылдар халқымыздың бастан кешірген оқиғаларды бейнелеген шежіресі ғана емес, әлеуметтік ой-санасы, аңсар-арман тілегі, дүние танымы мен оған деген табиғи көзқарасы. Мақал-мәтелдер тәжірибелерден туып, уақыт сынынан өткен, өшпес қоғамдық ережелер, халықтың әлеуметтік өмір салтын реттеуші заңдары, өркениетті ұстаным нормаларын анықтап беретін параметрлері. Мәселен табиғаттың өзирге адам білмейтін құпиялары болуы мүмкін, бірақ білуге болмайтыны болмайды дейтін кемеңгерлікті “көтерілген ауыр емес, көрінген алыс емес” - деген өсиет-мақалымен басын ашып көрсетуі жалпы сол сияқты сансыз мақалдар жоғарыдағы пікірімізді дәлелдейді.

Табиғат қорғаудың халықтық дәстүр аңсарының қалыптасу жолының:

- қазақ халқының табиғи-географиялық жағдайда өмір сүру салты мен қоршаған орта ерекшелігінің лайықты үйлесімдік заңын сақтау, оны бұзбау дүниетанымына;

- табиғатпен жанды қатынаста туған, дамыған шаруашылық мәдениет түрлерінің аймақтық ерекшеліктерді ескеру тәжірбиесіне;

- қоршаған ортадағы құбылыстарды түсінуге деген ізденістік сұрақтарға жауап табу, құмарлық қанағаттанымын табу әрекеттері нәтижесінде қалыптасқан көзқарас ұстаным жетістіктеріне;

- табиғаттан керегін залалсыз пайдалану әдісіне сүйенген өндіргіш кәсіптер мен шикізат өңдеу дағдыларының озық үлгілерін жүйелі дамыту үрдісіне;

- қанағатшылдық, қайырымдылық психологиясы миастығын жалғасымды дамыту идеясына, іс-әрекеттерде жинақтаған тәжірбиенің тиімді үлгілерін әдет, дағды, дәстүрге ұластырып отыру талаптарына негізделе жасалғаны өміршең тәрбие құралдарына айналып отырған ұлтымыздың рухани осы ұлы мұрасы мақал-мәтелдерден көрінеді. Қазақ халқының байырғы ата кәсібі - мал бағып өсіруі, одан өнім өндеуі, сақтауы әсте тұрпайы әдіске емес, керісінше табиғат пен тіршілік иелері арасындағы қарым-қатынас жүйесінің орнықты реттілік заңына негізделгенін көзбен көріп, кітаптан оқымай-ақ халықтың дана сөздері, сөз көркі мақал-мәтелдерден оңай аңғаруға болады. “Мал жайсаң өрісін тап”, “Жерің отты болса, малың сүтті болады”, “Елің бай болсын десең, жеріңнің бабын тап” деген өсиеттері халқымыздың табиғат жемісіне көзсіз қожалық жүргізіп, табиғатты адам тұрмысына қызмет еткізуге болмайтындығын ескертетін, табиғат анаға залал келтіруден сақтандырып, керісінше оның мінезінің ыңғайымен өмір сүруді насихаттайтын дүниетанымын танытады.

Төрт түлік мал мінезі мен сырында ғылыми негізде меңгерген мал маманы халқымыз, мал мінезіндегі өзгерістер арқылы табиғат құбылыстарына болжам жасап, бейімделуді, сақтану амалдарын қолдануды әдетке алған. Жан-жануарлар дүниесін, қасиеттерін, даралық белгілері мен ерекшеліктерін білген халқымыз олардың қоршаған орта үшін маңызын, мәнін бағалап, қашан да ұрпақты әрі жөнсіз әрекеттерден сақтандырып, әрі сақтау амалдарына үйретіп келді. Табиғат берген игілікті пашпай-төкпей бағалауға, жаратылыс түрлерінің әрбірінің өз орны барын, оны басқамен толтыруға болмайтынын, өмірде барлығы да өзара байланыста болатындығына үйретті. Жер бетіндегі жаратылыстың жекелеген түрлерін киелі санап, оларды құрметтеуді әдетке айналдырды.

Табиғаттағы жаратылыстың барлық түрлері адам баласы сияқты жер ананың төл перзенттері - деген ұғым қалыптастырып, оларды қорғау үшін жөн-жорық ырымдар ойлап тапты. Ырымдар арқылы жастарды серектікке баулып, қатерден сақтандырып отырды. Табиғатты ардақтауға байланысты қалыптасқан ұғымдарға қайшы келетін іс-әрекеттер айып саналып қатаң тиымға алынады. Сөйтіп халық табиғат жүдеуіне жол бермейтін тиым ережелерін қоғамдық сана деңгейіне дейін көтерді.

“Суға түкірме”, “күл шашпа”, “дәрі шөптен шығады-шөпті жұлма”, “көкті таптама”, “тал кеспе” т.с.с. толып жатқан тиым сөздер мен ескертпе өсиеттер экологиялық мәдениет сақтаудың халықтық ережесі, табиғаттың әдемілігіне, әсемдігіне кір келтірмес салауаттылық өлшемі болды. Әсемдік пен сұлулықтың адам өміріндегі маңызын “Ер елдің көркі, орман-тоғай жердің көркі” - деп көрсетті. Табиғатқа зөбір жасаған адам, қоғамға қиянат жасаған болып саналған. Мәселен “Тал кескенше қолыңды кес”, “Қарағай кессең қаңғырып қал” - деп қоғамдық санаға, төртіпке қайшы келудің қасірет боларын атап көрсетті. “Судың да сұрауы бар”, “Балық аулай алмаған суды лайлайды”, “Аққан судың арамы жоқ”, - деп ұрпақты үнемділікке, ұқыптылыққа, барды бағалай білуге, қастер тұтуға, аялауға үйретті. Жалпы өміршең өсиеттердің табиғатты ардақтау мұраттарынан пайда болғаны танылып тұрады.

Жас өрендердің қашан да көңілдері пөк. Сондықтан да олардың жөнді тіршіліктерге қамқор сезімін оятып, қатыгездікке жібермеу үшін ойда бірден қалатын әсерлі өнеге өсиет сөздер мен үлгілі істер арқылы тәрбиелеп отырды. Аңыз-өңгіме, ертегілер, өн-жыр, мақал-мәтел айту арқылы аң-құс, жан-жануарларды, табиғатты ардақтауға, олардың әдемілігіне, әсемділігіне сүйіну сезіміне баулыды, табиғат игілігіне мәпелі мүдделік көзқараспен қарау үрдісіне үйретті. Әсіресе халқымыздың құстарды қорғау жолында қалыптастырған дәстүрлері ерекше. Ата-бабаларымыздың құстардың атымен ұрпақтарына ат қойуы, сүйген кісіні құсқа, оның сымбатына теңеуі, адам бойындағы, мінездегі, өнер-өміріндегі ерекше қасиеттерді құс мінезі, сән-сымбатымен, үнімен шендестіруді, құстарды әдемілік нышаны деп бағалаудан келген құбылыс. Ал бұл көзқарас қорғау амалдарының белгілерін ажыратып отырған. Құстарға деген сүйіспеншіліктен туған қаншама сырға толы сазды өндер мен күйлердің шығуы да осы себептен деу ләзім. Құстарды сақтау үшін қаншама ырым дүниеге келді. Қазақ халқы құстың батылдығын, жүректілігін де жоғары бағалап адамға аса тән қасиеттерді олармен теңестіруді әдетке алған. Әбжіл, сайыпқыран, қайратты, өжет, батыл азаматтардың іс-әрекет, амал-айлаларын халқымыз қыран бүркіт, қаршыға, лашын, түйғын т.с.с. құстар мінезі мен істеріне теңеп жас ұрпақты ерлікке баулып отырған. Осы сияқты өнегелі істермен, өміршең өсиетпен халқымыз жер бетіндегі тіршілікті қадір тұтуға үйретті. Барлық табиғат жаратылыстары сияқты құстардың да адамзат сән-салтанатындағы ерекше орнын белгіледі.

Қазақ халқының табиғат қорғау дәстүрінің қалыптасуына халықтың наным-сенімінің де ықпалы зор болды. Халық санасында жаратылыс дүниесі адамдардың тұрмыс-тіршілігіне ұқсас деп топшыланды. Қазақтың көне дәстүрі бойынша жер жалпы жаратылыс анасы, аспан атасы есептелінген. Аспанды “көк тәңірі”, ол күллі табиғат,

тіршілік атаулыны жаратушы деп, оған тәу етудің жораларын қалыптастырды. Солардың бірі ай мен күнге тағзым ету, үйдің есігін күн шығысқа қарату әдеті. Осындайдан бірте-бірте табиғатты ардақтау көзқарасы қалыптасты. Жаңа шыққан көк шөп, ағаш бұталардың бүрлері өмірдің үздіксіз жалғасы және өркені саналып, көк шөпті жұлға, көркем шыбықты сындыруға, жалпы өсімдіктерді бүлдіруге тиым салды. “Көк шөпті жұлма”, “бұлақ көрсең көзін аш”, “жалғыз ағашты шаппа” т.с.с. өсиет сөздер табиғат қорғаудың адамгершілік нормаларына айналды. Табиғатты қастерлеуге байланысты туған ырымдар - әдет-ғұрып дәстүрлер дін жасап берген игіліктер - деп түсіну қате ұғым. Мәселен күн күркірегенде “сүт көп, отын аз” - деп үйді айнала ожаумен қаққылап, есік алдына іліп қойу ырымы діни нанымнан емес, керісінше мал басы көбейіп, ақтың мол болуын табиғат септігіне балаудан туған ырым. Табиғатты қастерлеуге байланысты наным-сенім, дәстүрлер белгілі бір қарым-қатынас байланыс жүйесінде (адам+табиғат) тәжірибеден өтіп, оның пайдалы не зиянды сипаттары мен қасиеттерінен болған септігінен танылған ой байламы деп түсінуіміз керек. Табиғат құбылыстарына ырымдануда оларға ерекше қасиет беру олардың сырын танып-білуден келген игілік, адам табиғат арасында өзара жанды ықпалдастықтың, ажырамас байланыстың барын түсініп меңгеру жатыр. Наным-сенім, ырымдар арқылы халық адам баласы мен табиғаттың біртұтас жүйе екендігін баяндап, тұтастықтың бұзылу қасиеттерінен ұрпақтарды қашан да сақтандырып отырды. Оларға мейірбандылық, жауапкершілік, өсемдік, әдептілік қасиеттерін дарытты... Табиғат жаратылыс түрлері: жан-жануарлар дүниесі, өсімдіктер, орман-тоғай, өзен-сай, тау-тас, дала бөрі ойға сана, іске бағыт, дертке қуат, өнерге шабыт беретін қайнар-күш екендігін ұрпақтарға сәби жастан танытты. Халықтың туған табиғатпен тамырластығын дәріптейтін, дүние түлеп жаңғыратын маусымдарға бағышталған “Наурыз”, “Қымыз мұрындық”, “Сабантой”, “Күзем”, “Мизам”, “Соғым” сияқты тәлім-тәрбие, танымдық құндылықтардан құралған той-думандарды тұрмысқа кіргізіп, оларды табиғат қорғау тәрбие құралдарына айналдырды. Табиғат жаратылыс түрлерінің жөбірленуден сақтау амалдарын ойлап тапты, оларды өмір салты мен үлгісі іс-әрекет дағдысына айналдыра отырып, қоғамдық сана деңгейіне дейін көтерді. Қорыта айтқанда, қазақ халқы табиғат қорғау ісінде онымен қарым-қатынас мәдениетін қалауда бай дәстүр, әдет-ғұрыптар қалдырды. Оларды бүгінгі ұрпақ тәлім-тәрбиесіне пайдалану уақыт талабы, егенменділік мұраты. Бұл салада мәдени - ағарту мекемелері мынадай:

- жас ұрпақтардың табиғаттың үйлесімді заңдары мен сұлулық сыны танымынан білімділігін көтеру іс-шараларында табиғаттан бастау алатын ұлттық тәрбие көзі, халықтық педагогика жетістіктерін насихаттауға көшу;

- экологиялық мәдениет саласына қатысты сауықтыру т.б. көркемдік-танымдық мәдени шараларды жүйелі түрде жүргізу;

-табиғат үйлесімділігі мен сұлулық сыны танымы толымдылығын қалау үшін экологиялық білім беру бағдарламасы негізіне табиғат қорғаудың қазақ халқындағы тәрбие түрлерін енгізу;

- экологиялық білім беру мақсатында арнайы бірлестіктер мен ынтызарлар топтарын ұйымдастыру;

- бұқара арасында көпшілік - насихат жұмыстарын табанды жүргізу үшін тарихи тәжірибе үрдісі “Экологиялық университеттерді” қайта жаңғыртып игілікке айналдыру;

- экологиялық үгіт бригадаларына оқушыларды жаппай тарту міндеттерін жүзеге асыруы керек;

Осылайша ұрпақтың табиғатпен сыйластық мәдениетін қалыптастыруға біршама қол жеткізуге болады.

А. МАЛДЫБАЕВА
ізденуші

А. ОРАЗОВА
ізденуші

ПСИХОЛОГИЯ ПӘНІ БОЙЫНША ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЛАБОРАТОРИЯЛЫҚ САБАҚТАРДА СТУДЕНТТЕРДІ ӨЗІН-ӨЗІ ЖЕТІЛДІРУГЕ ДАЯРЛАУ

Подготовка студентов к самообразовательной деятельности осуществляется по трем направлениям: лекции, семинарские, лабораторно-практические занятия. На лабораторно-практических занятиях студентов знакомят с психолого-педагогической прессой, с эмпирическими методами.

На основании полученных знаний студенты могут анализировать не только свою деятельность, поведение и характер, но и заниматься самосовершенствованием.

Соңғы жылдары жастарды өзін-өзі жетілдіруге даярлау, жоғары оқу орындарының қызметкерлері мен мектеп ұстаздарын көп толғандыруда. Студенттерді өзін-өзі жетілдіруге даярлау негізгі іс-әрекетке деген психологиялық дайындықтан, білімнің, мәдениеттің түрлі салаларына деген қажеттіліктен туындайды. Студенттерді өзін-өзі жетілдіруге дайындықты 3 негізгі бағыт бойынша жүзеге асыруға болады: лекция, семинарлық және лабораториялық-практикалық сабақтар. Осы бағыттардың әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар. Оқу процесінің бір бөлігі іс-әрекетке студенттерді психологиялық тұрғыдан дайындаса, екіншілері өзін-өзі жетілдіру мәдениетіне үйретеді. Психология пәні бойынша жүргізілетін семинарлық және лабораториялық сабақтардың студенттерді жетілдіруде өте үлкен мүмкіншілігі бар. Олар өз бетінше оқу жұмыстарын орындау барысында оқулықтармен, басқа да түрлі басылымдармен жұмыс істеуге, мектепте, мектептен тыс балаларды бақылауға, оларға педагогикалық тұрғыдан ықпал студің түрлі аспектілерін меңгеруді үйренеді. Бірінші сабақта оқытушы студенттерді, олардың іс-әрекеттерінің негізгі бағыттарымен таныстырады. Бұл психология курсы бойынша қиын теориялық тақырыптарды талдау, мектепте жүргізілетін жұмыстар (бақылау, әңгімелесу, оқушылардың танымдық, ерікті әрекеттерін зерттеу), психологиялық-педагогикалық баспасөздермен танысу, өздерінің негізгі мамандықтары үшін психологиялық материалдарды жинау.

Біз педагогикалық және психологиялық баспасөздермен жұмыс істеуге көп назар аударамыз. Себебі, олар студенттердің қиялына, ойлауына, сезімдеріне әсер ете отырып, мектеп проблемаларының өте күрделі екенін, ұстаз бен оқушының ара-қатынасын, ұжым және оның құрылуы, балалардың психологиялық дара ерекшеліктерін ашып көрсетеді. Белгілі проблема бойынша көркем әдебиеттерді талқылау, педагогикалық сұрақтарды студенттерге жақын танытады.

Педагогикалық, психологиялық басылымдарға арналған алғашқы сабақта, газеттер мен журналдың роліне ерекше назар аударылады. Олардың болашақ мамандардың білімін және шеберлігін жетілдіруде орны ерекше. Себебі, педагогикалық іс-әрекет теориясы мен практикасында пайда болған жаңалықтар, басылымдарда жарық көреді, сондықтан да негізгі мерзімді басылымдармен үнемі таныс болып отыру қажет. Біртіндеп студенттер педагогикалық, психологиялық газет-журналдармен жұмыс істеу техникасын меңгере бастайды.

Мерзімді баспасөздермен жұмыс істеу барысында студенттер газеттерге, журналдарға шолу жасайды. Басылымдарға шолу жасалынғанда, студенттердің назары басылынған материалдардың мазмұнына емес, оларды анализдеуге аударылады. Лабораториялық-практикалық сабақтарда эмпирикалық әдістер толық талқыланды. Осы әдістер арқылы жеке адамның барлық таным процесі, дара ерекшеліктері, ерікті іс-әрекеттері зерттелінеді. Осы әдістерге жататындар: бақылау, эксперимент әдісі, психодиагностикалық тәсілдер (тест, анкета, социометрия, әңгімелесу), қызмет нәтижелерін зерттеу әдісі (оқушылардың түрлі жұмыс дәптерлерін анализдеу), биографиялық әдіс (жеке адамның өмірбаяны - күәлігі, құжаттары т.б.)

Студенттер практикалық сабақтар барысында, жоғарыда көрсетілген зерттеу әдістерін қолдана отырып, өздерінің талап дәрежелерін, өзін-өзі бағалау дәрежесін, ұжым ішіндегі адамдардың ара-қатынасын, өздерінің зейін ерекшеліктерін, ес, ойлау, қиял процесітерін, темперамент типтерін анықтайды. Осы сабақтар студенттердің өзін-өзі жетілдіруіне әсерін тигізеді.

Жоғарыда оқу орнында студенттердің өзін-өзі жетілдірудің бір түрі - ғылыми үйірме болып табылады. Үйірменің негізгі мақсаты-теориялық білімді кеңейту және тереңдету ғана емес, сонымен қатар зерттеу жұмыстарына студенттерді баулу.

Педагогикалық ғылыми үйірмеде студенттердің өзін-өзі жетілдіруін ұйымдастыруда, бірнеше мақсаттарды шешуді көздейміз: өзін-өзі жетілдіруді толық сезіне білу, студенттердің жеке қызығуларын, бейімділігін айқындап, оларды өз бетінше іс-әрекет жасауға тарту, олардың бойында зерттеу ептілігі мен дағдысын қалыптастыру.

Ғылыми үйірмеде жұмыс істеу, көркем әдебиеттерді, ғылыми еңбектерді, мерзімді баспасөздерді оқып-білуде ұтымды ептілікті

қалыптастыруда үлкен мүмкіншілік туғызады. Үйірменің әр мүшесі жыл сайын өтетін студенттердің ғылыми конференциясына баяндама дайындап, көптеген ғылыми әдебиеттер мен газет-журналдарға шолу жасайды. Осы жұмысты атқарғанда, студентер анықтама әдебиеттермен, картотекамен, библиографиялық оқу-құралдарымен, керекті материалды тандап алуға, қажетті көшірмелер жасауға, конспект жазуға үйренеді.

Психология пәні бойынша өткізілетін лабораториялық-практикалық сабақтарда студенттер өздерінің болашақ мамандықтары үшін өзін-өзі жетілдірудің маңызын жете түсіне бастайды. Сабақ барысында алынған психологиялық білім, студенттерді өздерінің іс-әрекеттерін бақылауға, анализдеуге, өздерінің түрлі-түрмыс жағдайларында жүріс-тұрыс, беталысын, бағытын меңгеруге үйретеді. Сонымен қатар, өзін-өзі тәрбиелеуге, өзіне-өзі анализ жасауға кәсіптік қызығуды қалыптастыра отырып, эксперимент нәтижесінде алынған фактілерді жинақтап, қорытып, баяндама жасау ептілігін, өз көзқарасын дәлелдеу ептілігін, ақыл-ой әрекетінің сапаларын дамытуға дағдыландырады.

С.ФАЙЗУЛИНА

*педагогика ғылымдарының докторы,
профессор*

У.МАҚҚАМОВ

*педагогика ғылымдарының кандидаты,
доцент*

М.СМАЙЛОВА

аспирант

ИАССАУИ ТӘЛІМІНІҢ ТАҒЫЛЫМДАРЫ

В статье рассматриваются воспитательные аспекты хикметов великого мыслителя Ахмеда Ясави.

Сонау он екінші ғасырда өмір сүрген дана шайыр Қожа Ахмет Иассауи көне түрік әдебиетінің негізін қалауға зор күш-қуат берген ғұлама. Ол ойшыл ақын ғана емес, ұлылықтың үлгісін танытқан ерекше дарын иесі десек те болғандай.

Елімізде егемендіктің жылы лебі ескен шақта Ахмет Иассауи шығармашылығына, тағылымына молырақ көңіл аударып, зер салуға мүмкіндік алып отырмыз. Иассауи туралы зерттеулер аз деп айта алмаймыз. Әсіресе, ағылшын ғалымы Дж. С.Тримингэм, түрік ғалымдары Н.М.Самойлович, А.Н.Бороков "Даналық кітабының" авторы Ахмет Иассауидің терең ойлы хикметтерін зерттеуге зор үлес қосқандар.

Көне заманның көрікті бір көрінісіндей әсер қалдыратын Қожа Ахмет Иассауи кесенесінің сан ғасырлық тарихы кім кімді де таң қалдырмай тұрмайды. Ал, данышпанның даналық өсиеттері ше? "Құдай жоқ, дін-апиын" деп келген кешегі коммунистер дәуірінде шынныда да ақынның шығармаларын өз дәрежесінде зерделей алдық деп айта алмаймыз. Өйткені, Иассауи ілімінің өзі ғылымның үлкен бір саласы болуға лайық. Әлі қыры-сыры зерттелмеген тың сала.

Өз хикметтерінде иманды, парасатты болуға шақыратын шайыр шындық, тазалық сезімін жоғары тұтып, өсиет етеді. Қадам басқан әрбір жолында ақиқатты, әділеттілікті ту етуге, пейілің мен көңіліңнің тазалығын сақтай білуге ұмтылдырады.

Сопылықтың жолына шындап түскен ол әдептіліктің мынадай жолдарын насихаттайды:

1.Шаригат әдебі - бұл пайғамбар шаригаты мен сүндетіне сүйену.

2.Тарикат әдебі - бұл бір тарикатқа жалғанып, әдептілікті үйрену.

Соның негізінде іс-қимыл жасау.

3.Мағрифат әдебі - бұл нәпсіні жеңіп, ілімді, дінді үйрену. Пиғылы жамандардан жирену.

4.Шындық әдебі - бұл Алладан басқа құдіретті күштің жоқтығына шын сену. Шарифат талаптарын орындамастан тариқатқа өтуге рұқсат берілмеген. Яғни, ислам тағылымы негізінде әрбір істе шарифат, тариқат, мағрифат, ақиқат әдептерін меңгеруі тиіс.

Жақсылық пен жамандықты ажырату, адалдық пен арамдықтың не екенін білу, міне, ақын шығармашылығы осыған жетелейді.

Халық арасында қарапайым киініп, жетім-жесірлерге ішкізіп-жегізіп жүретін Ахмет Иассауи мейір-махаббатымен кедей-кепшіктердің адал досы болған. Адамның дүниесі адамдықпен жарық дейді ол. Мал-дүние, мансап үшін өзін жоғалтқан имамдарды, әкімдерді әшкерелейді. Оның пікірінше, сезімі бар адам ғана сауап істі істей алады. Білімді адамның көңілі жарық, назары ашық екенін айтады.

Ғалым ол намаз оқып, құлшылық етсе,

Хақтан қорқып, ақиреттің қамын жесе.

Құран оқып, хақтан қорқып, зар еңіресе,

Жан сезімі ақиқат, зікір айтсын достар",- дейді ол.

Надандық - халықтың қайғысы. Надандықтың түбі жауыздықпен пара-пар. А.Иассауи нандандардың әдепсіздігі жайында күйініп жазады. Ұрлық жасауды, өтірік айтуды, жалқаулықты індет деп біледі ақын. Мұндай жаман әдеттерден аулақ болуға шақырады.

А.Иассауи дүниені көріп, оны данышпандық елегінен өткізіп, сұрыптайды өз жырларында. Оның хикметінің бірінен күнәкәр адамның дауысы естілсе, екіншісінен данышпанның дауысы естіледі. Өз күнәсін түсіну, оны мойындау - тазалыққа бас июшілік деп біледі. Өз күнәсін білу - шындық есігін кілтпен ашу делінеді.

Осындай ұлы бабаның өнегелі тәлім-тәрбиесін жас ұрпақтың бойына сіңірудің маңызы өте зор. Ол үшін мектептерде, жоғары оқу орындарында Иассауи тағылымын дәріптеу қажет-ақ. Бұл ретте біз төмендегідей бағыттағы бағдарламаларды ұсынуды жөн көріп отырмыз:

1.Ислам дүниесінің ұлы өкілі Ахмет Иассауидің өмірі мен шығармашылығын таныстыру;

2.А.Иассауи тариқаты жайындағы тағылым туралы мағлұмат беру;

3.А.Иассауи хикметтерін және ондағы әдет-ғұрып мәселелерін тереңдете түсіндіру. Ақиқат пен шындыққа жету, оның адам өміріндегі тәрбиелік маңызы туралы;

4.Ахмет Иассауи хикметтері бойынша иман, адамгершілік, отансүйгіштік, ар-ождан, достық тақырыптарында шығарма жаздыру.

5. Күнделікті өмір тіршілігі мен хикметтер тәлімін сәйкестендіре отырып, мысалдар келтіру.

6.Ахмет Иассауи, Ибраһим ата, Қарашаш ана бейіттерінің тарихы, олардың есімдеріне байланысты туған аңыздар туралы материалдар жинақтау.

7.Түркістандағы алып кесене - Қожа Ахмет Иассауи ғимаратына саяхат жасау.

Міне, осы секілді нақты-нақты бағдарламаға сәйкес жұмыс істеу біршама жүйелі іс-шараларға мазмұн беретіні анық.

Рас, соңғы жылдар көлемінде қасиетті Түркістанда тұсауын кескен білім ордасында Яссауитану ғылымынан ірі ғалымдар дәріс беріп жүр. Алғашқы курс студенттері міндетті түрде осы саладан білім алады. Десек те Қожа Ахмет Иассауи есіміне қатысты мол мағлұмат білу өз дәрежесінде шешімін тапты деп айта алмаймыз. Ол алдағы күндердің еншісінде.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Иассауи А. Хикматтары. Ғ.Гулям атындағы әдебиет және өнер баспасы. 1991.

2.Шох И. Хожагон хикматтары. "Өзбекстан әдебиеті және өнері". 1993.

3.Яссауи тағылымы. Түркістан "Мұра". 1996.

4.Әбдірашев Ж. Даналық кітабы. Шымкент. 1995.

І.СМАНОВ

*педагогика ғылымдарының кандидаты,
доцент*

Б.ОРАЗЫМБЕТОВА

ізденуші

ЕҢБЕК ҰЖЫМДАРЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ

В данной статье приведены данные по трудовому воспитанию молодежи в настоящее время.

Халқымыздың болашағы - ұрпақ тәрбиесінде екендігі постулаттай дәлелдеуді қажет етпейтін шындық. Тәрбие жетілген сайын, халық соғұрлым бақытты болатындығын адамзат тарихы дәлелдейді.

"Тәрбие - халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, дүние танымын, өмірге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру", - делінген тәлім-тәрбие тұжырымдамасында.

Біртұтас еңбек және политехникалық мектеп принциптерімен жұрттың бәрі келіседі, әрине тәрбие мәңгілік тақырыптың бірі, себебі өз мүшелерін тәрбиелемейтін қоғам болмайды. Сабақ беруде, оқытуда үш міндет сөзсіз орындалады: білім беріледі, шәкірт дамытылады, тәрбие беру жүзеге асырылады. Ал қазіргі таңдағы ұлттық сана сезімінің өсуі, ұлтаралық қатынастарда болып жатқан процестер тәлім-тәрбие мен білім беруге жаңа талаптар қойып отыр.

Тәрбиенің ең маңызды түрінің бірі - ең алдымен өз халқын, өз Отанын сүюден басталуы тиіс. Саяси тәрбие - қоғам мүшелерінің саяси мәдениеттілігінің көрсеткіші, егеменді, тәуелсіз мемлекеттің өсіп-өркендеуінің негізі. Егеменді, тәуелсіз республиканың пішінделуі, дамуының барлық кезеңі, жолы негізгі Ата Заңымыз арқылы реттеледі. Олай болса, жұмысымыздың елеулі бағыты құқықтық (праволық) тәрбие беруді сапалы, жүйелі жүргізу, оны оқып-біліп, жүзеге асыру, міндетті түрде орындау мұраттарымыздың бастысы.

Қоғам алдындағы жауапты міндеттердің бастысы - адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу, бұл міндет орындалса, әділетті, адал, кішіпейіл, еңбекшіл, ар-ұяты мол, мейірімді, қанағатшыл, жақсылық, ізгілік, қайырымдылық жасауға ұмтылушы адамдар тәрбиеленеді. Олар халқымыздың мақтанышына айналады.

Имандылықты насихаттайтын, өмір мен өлімді, еңбек ету мен зұлымдықты салыстыруды үйретіп, өткен тарихты түсініп, бүгінгі күнді бағалауды ұқтырып, дарытатын діннің тәрбиелік қасиеті едәуір екені белгілі. Халқымыз ғасырлар бойына жинақтаған мол өмір тәжірибесін, сарқылмас байлық, рухани қазынасын, халықтық педагогика деп аталатын мөддір бұлақтан сусындау арқылы сана-сеніміміз тазарып, өсе түсеміз.

Тәрбие жүргізілетін орындарының бірі - еңбек ұжымы, онда көп салалы әлеуметтік функциялар орындалады. Жоғарыда аталып өткен тәрбие жұмыстарын жүргізетін орталық - ұжым. Еңбек ету тәртібін нығайтуға маңызды үлесін қосатын орын - еңбек ұжымы. Себебі еңбек ұжымы қоғам мен оның мүшелері арасындағы байланыстарды нығайтып, дамытушы буын.

Әрбір қоғам мүшелеріне, жеке адамдарға қоғамдық ықпалдар - саяси және идеологиялық институттар жүйелері, мемлекеттік өкімет ұйымдары, заң орындары, тәртіп сақтау басқармалары, ақпарат және өнер компаниялары арқылы беріледі. Алайда, олар өз кезегінде адамдарды өсіруші, қорғаушы, тәлім-тәрбие, білім беруші, еңбек етуші отбасы, мектеп, лицей, гимназия, колледждер т.б. әлеуметтік орталар арқылы жеткізіледі. Әлеуметтік топтар ішінде жетекші орынға еңбек орындары ие болып, жеке адамдардың өніп-өсуіне тікелей өздерінің үлгі істері әрбір жеке адамның іскерлігі, біліктілігі, қабілеті дамуға ие болып, мақсаттары мен өмірлік бағдарламалары орындалуға жеткізіледі. Отбасында алған тәрбие, бала-бақшаларда дамытылып, мектептерде нығая түседі, басқа оқу орындарында жалғасын тауып, еңбекке араласады, осы баспалдақтарда еңбек ұжымдарының сапалы жұмыстары ғана табыстарға жеткізеді.

Әрбір еңбек ұжымдарындағы: топтардағы, кластардағы, бригада, звено, экипаждардағы әдет-ғұрыптар, дәстүрлі мерекелер, пәндік, кәсіптік жарыстар, әртүрлі көрмелер, олимпиадалар, кештер, оларға дайындық ұжымды еңбекке, тәртіпке, кеңесуге, ынтымаққа шақырады, жақсы мен жаманды бағалай білуге үйретеді. Оқу орындарында еңбек семестрлерінде, өндірісте, қоғамдық орындарда, сондай-ақ күнделікті өмірде еңбек ұжымдарын ешкім алмастыра алмайды. Еңбек ұжымы үйретеді, талап етеді, бақылайды, бағалайды, сынайды, байланыстырады, дамытады, шындайды, өсіреді.

Тәрбие беру өлшемі және бағытының әсері әрбір азаматқа бірдей емес. Ол әрбір ұжым мүшесінің санасына, түсінігіне, ұғынуына, адамгершілігіне, даму сапасына тәуелді. Ұжым мүшелеріне бөлініп, берілетін жұмыстар, талаптар бірдей болып, ол жүйелі талданып, сарапқа салынып, бағаланып отырса, әрине реті, көлемі ескерілсе, еңбекке саналылығына әрбір еңбек ұжымының мүшесі әділ пікірін айтып,

үйретсе, ақылдасса, онда ұжым нағыз тәрбие көзі бола алады. Тәрбиедегі жауапкершіліктің төмендеуі тәртіпсіздіктен, еңбек тәртібінің төмендігінен, тәрбие жұмыстарының осалдауынан, біліктілігін арттыруға деген немқұрайдылықтан, білімге ынта-ықыласының төмендеуінен бос уақыттарын зая өткізуден.

Әрбір ұсынысты ескеріп, тілектерін мұқият тыңдап, ой елегінен өткізіп, ақылдаса келе бағдарламалы жұмыстарды орындау, оларға бағалаулар беріп, қорытындылау қажет. Әрбір ұжым мүшесі немен айналысады, нені қызықтырады, күнделікті күн тәртіптері қандай, үй тұрмысы - бәрін біліп, ұжымның ынтымағын арттыру, біріне - бірі көмек беруге үйретудің қажеттілігі үлкен.

Қазіргі кезеңде - өтпелі уақытта, нарықтық экономика, жекешелендіру даму алғанда, акционерлік қоғамдар, фирмалар, компаниялар, гимназия, лицей, колледждер өмірге келіп, егемен, тәуелсіз еліміз қилы-қилы кезеңдерді басынан өткізіп жатқан ауыр кезеңде тәрбие, тәртіп нығайтылмай ілгерілеу болмайтындығын әрбір еңбек ұжымы тиіс. Еңбек тәртібінің деңгейін көтеру үшін еңбекті ұйымдастырудың формаларын жетілдіру қажет, атап айтқанда:

1. Ұжымдық қызықтыру;
2. Ұжым мүшелерінің жауапкершілігін арттыру;
3. Шаруашылық есепті жақсарту;
4. Өздерін-өздері басқару тетігін дамыту;
5. Еңбек өнімділігін, сапасын арттыру;
6. Өзара талап қойғыштық;
7. Өзара көмек ұйымдастыру, дамыту;
8. Міндеттерін сезу, ұжымдық тәртіпті нығайту нәтижесінде ынтымақтастықты жетілдіру;
9. Бригадалық жүйе жұмыстарын жақсарту;
10. Өзара бақылау, нәтижелерін шығару жұмыстарын жалғастыру;
11. Искерлік байланыстарды жақсарту және біліктіліктерін көтеруге ұмтылу;
12. Еңбектеріне лайықты бағалау жасау;
13. Апаталық, айлық, тоқсандық, жылдық еңбек нәтижелерін шығарып, орынды, бағалау жасап, жариялап отыру.

Оқуда, еңбекте ұжым және ұжым мүшелерінің ұсыныстары, пікірлерін ойлы талдау жасап, бақылау жұмыстарын, тәртіпті жақсарту жолында еңбекті жандандыру.

Еңбек ұжымының тәрбие саласындағы қажетті құрамды бөлігі - құқықтық тәрбие. Еңбек ұжымы әрбір мүшелерінің құқық нормаларын, еңбек тәртіптерін бұзбауға ұмтылып насихат, үгіт жұмыстарын нақты іс-әрекеттер негізінде жүзеге асыру және әрбір мүшесі ынталы болып, үлес қосуларына байланысты. Еңбек ұжымының тәрбиелік тәсілдерін жақсарту түсу үшін саяси тәрбиені қолға алудың маңыздылығын өмір тікелей көрсетуде. Жалпы адамзаттың саяси тәжірибені, саяси қатынастарды, саяси процестерді, саяси теорияларды оқып-үйреніп, меңгеруге қол жеткізуі - азаматтық борыш. Ұжым мүшелерінің саяси мәдениеті жетілген сайын өмір мәнін, еңбек етуді жақсы түсінеді.

Қазіргі кезде еңбек тәртібін жақсарту, еңбек өнімділігін арттыру, орындаушылық іс-әрекеттерін жақсарту өткір сезілуде. Бұл бағыттағы жұмыстарды жақсартуға еңбек ұжымдары елеулі үлестерін қоса алады, сондықтан әрбір еңбек ұжымдарының мүшелерімен жүргізілетін жұмыстар бағдарламаға сай болып, бос уақыттарын ұжым мүшелерімен мәдениетті және отбасыларымен бірге өткізудің маңыздылығын сезіп, түсіну қиын емес. Ұжымның әрбір мүшесіне ұжымның өсер ету ықпалы орасан екендігі мәлім: ұжым тәрбиелей алады, ұжым өсіреді, кез-келген уақытта ұжым көмек бере алады және т.б.

Ұжымдағы еңбекке тәрбиелеу жұмыстары әртүрлі жолдар мен әдістер арқылы орындалады. Солардың ішінде бірінші орында, әрине еңбек ұжымы - сынып оқушылары - топ студенттері. Олармен саяси-тәрбие жұмыстарын жүргізу қажет, ол үшін төмендегідей ұйымдастыру жұмыстары жүргізіледі:

а) мереке күндерін атап өтуге дайындық және бірігіп атап өту, мысалы, 1-2 қаңтар - жаңа жыл, 8 наурыз - әйелдер күні, 22 наурыз - наурыз мейрамы, 1 мамыр - Қазақстан халықтарының бірлігі күні, 9 мамыр - жеңіс күні, 16 желтоқсан - Республика күні, сондай-ақ басқа да айтулы күндер;

ә) мерей тойларды көпшілік халықпен бірге арнайы атап өту, мысалы Абайдың 155 жылдығы, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би күндері - сөзі ұран, ісі өсиет бабалардың: халықтың қаһарлы соғысы - Орбұлақ шайқасындағы ұлы жеңіске 350 жыл - Орбұлақ ерлік ұраны, ғарышта қазақ азаматтары - Т.Әубәкіров, Т.Мұсабаевтардың ерліктерін үлгі өнеге ету, мемлекеттік рәміз туралы, республикамызға еңбегі сіңген азаматтарының үлгілі - ізгі іс-әрекеттерін өнеге ету мақсатындағы жұмыстар;

б) жалпы саяси шаралар өткізу (жиындар, жарыстар, конференциялар);

в) еңбектері бойынша: кітап көрмелері, рефераттар жазу, қабырға газеттерін шығару, баспасөз материалдарының көрмелері, ғылыми-көпшілік кинолар көру, кездесулер ұйымдастыру;

г) концерттер, жарыстар, айтыстар т.б. ұйымдастырып өткізу; бейнежазуға түсіріп, бірге көруді ұйымдастыру; концерт, кино көруге, театрға, үлкен мерекелік кештерге, қойылымдарға, циркке, ипподромға, зоопаркке, басқа да туристік сапарларға бірігіп бару;

д) жастарға ақыл-кеңес берерлік ұлағатты сөздер, белгілі бір тақырыпқа сай мақал-мәтелдер жинақтап, түсінік беру, үйрену, белгілі бір тақырыпқа қатысты пікір сайыстарын өткізу, талдаулар жасау.

Бүгінгі қиын кезеңде тірліктің тынысы тоқсан тарау, сексен сала болса да, әрбір уақытты қалт жібермей, өмір тынысын дер кезінде түсініп, бірінен-бірі үйрену үшін жан-жағына қадағалай қарап, үйренуден жалықпай, тәрбие жұмыстарын жүргізу керек. Жоғары оқу орындарындағы әрбір тәлімгер шәкіртке, яғни болашақ маманға жауапкершілікпен қарау әрбір ұстаздың басты міндеті екендігін түсінгеніміз абзал.

Жылдар жылжып, заман жақсарып, ұрпақ жалғасып өтпелі кезең де тарихқа енер, сонда да ұжымдағы тәрбие жұмыстары жалғасып таба береді. Бүкіл әлемге танымал, заманның кемеңгері Әбу-Насыр Әл-Фараби бабамыз "Өткенді білмей, қазіргінің қадіріне жету мүмкін емес" - деген екен. Олай болса халық педагогикасын үйреніп, пайдалану табыссыз болмас. Халық қашан да ұлы, халық - қашан да дана, білгір. Халық даналығымен өсіп, халық даналығының жүрегімізден орын алуы - өркімнің еншісіне тие бермейтін бақыттылық.

Қ.ҚУАНДЫҚОВ

заң ғылымдарының кандидаты

А.ЕСЕНӨЛИЕВ

аспирант

ЖЕРГЕ ЖЕКЕ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ ТУРАЛЫ

В данной статье авторы рассматривают некоторые вопросы частной собственности на землю в Республике Казахстан. Анализируется земельное законодательство зарубежных стран.

Жер - әрбір мемлекеттің ең негізгі ұлттық байлығы. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында ең басты экономикалық мәселелердің бірі жер ресурстарын пайдалану мен қорғауды дұрыс ұйымдастыру болып табылады. Бұл мәселенің нақты шешу жолдары мемлекеттің ұлттық-тарихының дамуына, табиғи-географиялық жағдайына және экономикалық даму ерекшелігіне байланысты болады.

Жерге меншік құқығының әртүрлі формаларының дамыған орталығы Батыс Еуропа елдері екендігі көпке мәлім. Аталған мемлекеттерде меншік құқығының түрлері жер ресурстарына рационалдық негізде қолданып, экономиканың дамуына жақсы жағдайлар туғызған. Жер қатынастарын құқықпен реттеу саласында үлкен жетістіктерге жеткен мемлекеттердің де нарық экономикасына тез өту процесі мен жылжымайтын мүлік, жер нарығын жасауда табысқа жетуі ешкімді де таң қалдырмайды. Өйткені, жер ресурстарын неғұрлым тиімді пайдаланған мемлекеттер дамыған, өркениетті мемлекеттер қатарына жатады.

Қазақстан Республикасы өз егемендігі мен тәуелсіздігін алғаннан кейін, нарықтық экономикаға өту процесінде жер реформасын жүргізуді басты мәселе деп таныды. Кеңес Одағы кезінде көптеген одақтық министрліктер мен ведомствалардың алдын-ала ойластырмаған жерге байланысты нормативті-құқылық актілер мен өкімдері Қазақстан мемлекеттінің жеріне және мемлекеттің мүддесіне нұқсан келтірді. Соның салдарынан жерді пайдалану кезінде салық төлемдерінің болмауы, әртүрлі шаруашылықтардың сақталмауы сияқты келеңсіз оқиғалар орын алды. Ал, экономиканың құлдырауына негізгі себеп болған жағдай, жердің тек қана мемлекеттің меншігінде болуы, шаруалардың жерден аластатылып, нағыз жердің иесі болмауында.

Айтылған жағдайлар мен себептер республикадағы жер қатынастарына өзгерістердің қажеттілігіне және жер реформаларының

жүргізілуіне әкеп соқтырады. Сол себепті мемлекетімізде жер қатынастарының жүйесі мен көптеген меншікте жерді пайдалану нысандары қалыптаса бастады.

Қазақстан Республикасында жер реформасы 1991 жылдың 28 маусымында қабылданған "Қазақ ССР-інің жер реформасы туралы" заңының негізінде басталды. Бұл заң республикамыздың аграрлық секторына жаңа шаруашылықтардың түрлерін және шаруашылықты жүргізудің жаңа тәсілдерін алып келді. Мемлекеттік ауылшаруашылық кәсіпорындарын жекешелендіру және азаматтарға жер учаскелерін бөліп беру мақсатында Қазақстан Республикасының Президенті 1994 жылдың 24 қаңтарында "Жер қатынастарын реттеудің кейбір мәселелері" және 1994 жылдың 5 сәуірінде "Жер қатынастарын одан әрі жетілдіру" туралы жарлықтар қабылданды. Президенттің бірінші жарлығы заңды және жеке тұлғаларға жер учаскелерін 5 жылға дейін (қысқа мерзімді) және 99 жылға дейін (ұзақ мерзімге) жалға беруді көздеді. Президенттің екінші жарлығы жеке азаматтар мен мемлекеттік ауылшаруашылық кәсіпорындарынан басқа заңды тұлғаларға жер учаскелерін пайдалану құқығын сатуға, жалға беруге және кепілдікке беруге рұқсат берді. Бірақ, жер тек қана мемлекет меншігінде қала берді. Президентіміздің бұл жарлықтары жаңа жер қатынастарының қалыптасуына және нарық экономикасына өту процесін жеделдетуге үлкен септік тигізді.

Елімізде жер реформасының формасының тереңдеуі мен жер қатынастарының түбегейлі өзгеріске ұшырауы 1995 жылдың 30 тамызында бүкілхалықтық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясымен тығыз байланысты. Онда жерге меншіктің жеке және мемлекеттік түрлері бірінші рет көрсетілді. Конституцияның 6 бабына сәйкес, "жер, оның қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекеттің меншігінде болып табылады. Жер сонымен бірге заңда көрсетілген негіздерде, жағдайларда және шектерде жеке меншікте болуы мүмкін".

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылдың 22 желтоқсанында қабылдаған "Жер туралы" заң күші бар жарлығы көп укладты экономикамыздың құқықтық негізін құрудың жалғасы болып табылады. Бұл жарлық жер қатынастарын реттеуде заңдылықтардың күшеюіне, жылжымайтын мүлік нарығының пайда болуы мен дамуына, азаматтар мен заңды тұлғалардың жер құқықтарын сақтауға, әртүрлі шаруашылықтардың дамуына және соларға бірдей жағдай жасауға бағытталған.

1995 жылы ауылшаруашылығында жасалған жұмыстардың қорытындысы туралы республикалық жиналыста Қазақстан Республикасының Президенті Н.А.Назарбаев былай деді: "Қазақстандықтарды толғандыратын негізгі мәселе - жер мәселесі.

Өйткені, халықтың тағдыры мен дәстүрі, келешек ұрпақ алдындағы жауапкершілігі жермен тығыз байланысты. Республикамызда жерге жеке меншікті енгізу шектері заңдастырылды. Бұл өзгерістерді біз асықпай, ішкі жағдайларға байланыстыра жүргіземіз". Елбасының айтылған сөздері мемлекетіміздің келешекке бағытталған бағдарламасына сәйкес келеді. Қазіргі уақытта, жаңа Конституциямызға сәйкес, тек мемлекет қана емес, сонымен бірге Қазақстан Республикасының азаматтары мен мемлекеттік емес заңды тұлғалар заң бойынша жерді иеленуге, пайдалануға және билік етуге құқығы бар. "Жер туралы" жарлықтың 30-бабына сәйкес, жерге мемлекеттік және жеке меншік мемлекет тарапынан қолдау тауып, қорғалады. Жеке меншікке берілген жер учаскелерін басқа барлық жерлер мемлекет меншігінде болып табылады. Мемлекет жерге меншік құқығын субъектісі территориялық үстемдік құқығының иесі. Территориялық үстемдік құқығы Қазақстан Республикасының барлық территориясында жүргізіледі. Яғни, Қазақстан Республикасының территориялық кеңістігінде жүргізілетін саяси билігінің таратылуы жердің меншік нысандарына тәуелсіз. Ал, жердің меншік құқығының объектілері меншік нысандарына тәуелді болады.

Президент Жарлығы жерге мемлекеттік меншік құқығының іс жүзіне асыру механизмінде ашып көрсеткен. Мысалға алатын болсақ, жарлықтың 32-бабына сәйкес:

-мемлекет меншігіндегі жер учаскелері жеке меншікке сатылуы немесе өтеусіз берілуі мүмкін;

-тұрақты немесе уақытша пайдалануға берілуі мүмкін;

-заңда көрсетілген басқа да мақсаттарға пайдалануы мүмкін;

Қазақстан Республикасында аграрлық секторда жүргізіліп жатқан реформаларға байланысты жеке және заңды тұлғаларға 70 млн. га жуық ауыл шаруашылығы дақылдарын етуге арналған жерлер мен 20 млн. га жуық мал жайылымы үшін жерлер жеке меншікке берілу көзделіп отыр. Бірақ бұл жерлердің құқықтық режимі, топырақ құнарлығы мен құрамы әртүрлі. Осы жерлердің 20 млн. жуығы су және жел эрозияларына ұшырағандықтан, тұздалынып кеткендіктен және шаруашылық айналымынан шыққандықтан, оны қайта қалпына келтіру үшін көптеген күрделі қаржы жұмсауды қажет етеді.

Қазақстан Республикасындағы жерлерді пайдалану мақсатына байланысты 7 категорияға бөлінеді. Бұл категориялардағы жерлердің құқықтық режимдері де әртүрлі. Осы жерлер Қазақстанның жалпы жер қорын құрайды. Конституциямызға сәйкес, республикамызда жерге мемлекеттік және шектеулі жеке меншік бар. Қазіргі таңда бұл жер мәселесінің тиімді шешімі. Жер реформасын тек жер ресурстарын жеке және заңды тұлғаларға бөліп беру деп түсіну дұрыс емес. Жер реформасы - құқықтық, экономикалық және әлеуметтік мәселелерді қамтитын күрделі де комплексті бағдарлама. Сонымен қатар, шаруашылық

жүйесінің қызметін қамтамасыз етумен бірге оның негізін қалайды. Сондықтан шет мемлекеттерде жер реформасы фермерлерге жерді жеке меншікке бере отырып, оларды меншік иесі ретінде қорғайды.

Өркениетті Батыс Еуропа мемлекеттерінің Конституцияларында да шектеулі жерге жеке меншік құқығы көрсетілген. Бұл мемлекеттерде заңдылық актілер жерді мемлекеттік реттеу теориясына негізделген, ал жеке меншік әлеуметтік принцип ретінде көрсетіледі. Мысалға алатын болса, 1978 жылы қабылданған Испания Конституциясында меншік заң бойынша әлеуметтік функциялармен шектеледі. Германияның Конституциясы бойынша жерді иеленушілер мен жердің меншік иелері бөлініп көрсетілген. Иелену өзге тұлғаларға беріледі және мұраға қалдырылады. Германияның Азаматтық кодексі бойынша мүлік иесі өзінің мүлкімен заңда көрсетілген шектерде және өзге үшінші тұлғаларға зиян тигізбеген жағдайларда ғана әрекет жасай алады. Германияның негізгі заңы бойынша жеке меншік иелері қоғамдық мүдделерге зиян келтірмеуге міндетті. Орыстың ұлы ғалымы Қ.А.Тимириязев былай деген екен: "Жерді иелену тек қана азаматтардың жеке құқығы ғана емес, сонымен бірге келешек ұрпақ алдындағы міндеті мен үлкен жауапкершілігі". Не деген керемет те, мағыналы сөздер. Иә, біз жерді иеленіп, пайдаланғанда келешек ұрпақты ұмытпауымыз керек, олар да осы жерде өсіп-өнуі керек.

Италияның Конституциясы жеке меншік иелеріне біраз міндеттер жүктейді. Жеке меншік иесі шектен шығып кетпеуі керек.

Францияның заңдары бойынша жердің жеке меншік иесі өзінің жерін кез-келген азаматқа сата алмайды, тек қана фермерлер мен жалгерлерге ғана сата алады. Егер де сатып алушылар жердің бағасын өте қымбат деп тапса, онда олар бағаны төмендетсін деп сотқа жүгінуіне болады.

Америка Құрама Штаттарының заңдары жер меншігінің мемлекеттік реттеу теориясына негізделініп даму үстінде. Егер де жердің меншік иесі заңды бұзатын болса, онда мемлекет бұл құқықтан айырады.

Канада заңдылықтары бойынша фермерлерге жерді сату кезінде шек қойылған. Жерді сатып алған азамат жердің шексіз иегері бола алмайды. Ол өзінің құрылыс жоспарын іс жүзіне асыру үшін жергілікті муниципалитетпен келісуі тиіс. Өйткені жергілікті әкімшіліктер кейбір құрылыстарға тиым салуы мүмкін. Сонымен бірге Канаданың заңдары бойынша жерді шетел азаматтарына сатуға шектеулер бар.

Қарап отырсаңыздар, барлық шетел мемлекеттерінде шектеулі жерге жеке меншік құқығы сақталынған. Өйткені өмірде абсалюттік жер меншігі жоқ. Барлық жердің меншік иелері өздерінің құқықтары мен міндеттерін заңда көрсетілген негіздерде, жағдайларда және шектерде жүзеге асырады.

Жер қатынастарын реттеуде мемлекеттің алатын ролі зор. Өйткені, жер-табиғи байлық, тәңірдің бізге берген сыйы, адамдардың өмірі мен қызметінің негізі. Жер адамзаттың қолымен жасалынбайды, ол тауар емес. Адамның қолымен жасалынған тауарды сатуға, сыйлауға, тіпті керек десеңіз бұзып, құртып жіберуге болады. Ал, табиғи объект жерді аялауымыз керек. Оны тиімді пайдаланып, қорғауымыз керек.

Барлық өркениетті дамыған мемлекеттерде жерді шектеулі жеке меншікке беру арқылы, жерді үнемді және тиімді пайдалану арқылы мемлекеттік қайшылықтарды болдырмауға тырысады. Фермерлерге бостандық бере отырып, жерді табиғи объект ретінде келешек ұрпаққа жеткізуді көздейді. Сондықтан да жер қатынастарын дұрыс шешуде, қоғамдық қатынастарды реттеуші құқыққа сүйенеді. Құқықтық реттеу арқылы адамзаттардың жерге жеке меншік құқығын сақтайды, әлеуметтік адалдық пен теңдікке қол жеткізеді, мемлекеттің экономикасын дамытады. Халықтың әл-ауқаты да осыған байланысты.

Жеке меншіктің классикалық түсінігі жерге байланысты бола алмайды. Өйткені - жер адамның қолынан жасалынатын тауар емес, сондықтан да оның режимі өзгеше болады.

Құқық теориясында құқықтық қатынастардың объектісі ретінде әртүрлі материалды және рухани құралдар мен игіліктер болады. Бұл қоғамдық қатынастар жеке және қоғамдық мүдделерді қанағаттандыру үшін керек. Міне сондықтан да қоғамдық қатынастар құқық ықпалының объектісі болып табылады. Жер ресурстарының ерекшеліктері сонда - олар тек қана мемлекет меншігінің объектісі ғана емес, сонымен бірге жеке меншік құқығы мен пайдалану құқығының объектісі болып табылады. Жерге жеке меншік құқығының объектісін дұрыс түсіну үшін заңның негізгі қағидаларын түсіну керек.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер туралы" жарлығына сәйкес "азаматтардың жеке меншігінде өзіндік қосалқы шаруашылығын, бақ өсіру және саяжай құрылысын жүргізу үшін берілген жер учаскелері бола алады". Азаматтар мен мемлекеттік емес заңды тұлғалардың жеке меншігінде өзінің мақсатына сәйкес үйлер мен ғимараттарды қамтуға арналған жерлерді қоса алғанда, құрылыс салуға берілген (берілетін) немесе өндірістік және өндірістік емес, оның ішінде тұрғын үй-жайлар, үйлер, ғимараттар және олардың кешендері салынған жер учаскелері бола алады. Жерге жеке меншік мемлекеттік емес заңды тұлғалардың меншігі ретінде бола алады. Мынадай жер учаскелері жеке меншікке берілмейді:

1. Ауыл шаруашылығына арналған жерлер, (жеке меншікке берілген жерлерден басқа).

2. Қорғаныс жерлері.

3. Ерекше қорғалатын табиғи территориялар жерлері.

4. Орман және су қорларының жалпы пайдаланатын жерлері.
5. Елді мекен жерлеріндегі жалпы пайдаланудағы жерлер.

Яғни, Қазақстан Республикасының "Жер туралы" заңы бойынша жеке меншік құқығының объектісі болып белгілі бір жер учаскелері болып табылады. Жеке меншіктегі жер учаскелері жылжымайтын мүлік болып табылады. Жерге жеке меншік құқығының объектісі заңда көрсетілген негіздерде белгілі бір субъектілердің иеленетін, пайдаланатын және билік ететін жер учаскелері.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 8 сәуірдегі N401 қаулысы бойынша "Азаматтар мен заңды тұлғаларға берілетін жер учаскелерінің нормалары бекітілген. Жер учаскелері әрбір жанұя меншігіне мынадай мөлшерде тегін беріледі:

- а) ауылды жерлерде өзіндік қосалқы шаруашылығын жүргізу үшін - 0,25 га суарылмайтын жерлерден және 0,15 га суарылатын жерлерден;
- б) үй құрылысы және тұрғын жайлар үшін - 0,1 га;
- в) бау-бақша мен саяжай құрылысына - 0,12 га;

Тегін берілетін жер мөлшерінен артық қосымша жер учаскелері ақылы беріледі.

"Жер туралы" жарлыққа сәйкес жер учаскесінің меншік иесі, мемлекеттік органдардың қандай да болсын рұқсатынсыз өз қалауы бойынша жер учаскесін иемдені, пайдалану және билік ету құқығын жүзеге асырады. Атап айтатын болсақ, меншік иесі, өзінің жер учаскесімен заң актілерінде тиым салынбаған кез-келген мәмлелерді жасауға, атап айтқанда, жер учаскесін уағдаластық баға бойынша сатуға, шаруашылық серіктестігінің жарғылық қорына жарна ретінде өткізуге, кепілдікке беруге, сыйлауға және мұра етіп қалдыруға құқылы.

Жер учаскесіне меншік құқығы басқа адамға мәмле жасалған сәттегі барлық ауыртпалықтармен қоса беріледі.

Жер учаскесінің меншік иесі жер учаскесін уақытша пайдалану туралы шарттық негізінде жер учаскесін уақытша пайдалануға беруге құқылы. Жер учаскесін уақытша пайдалану шарты жалға беру, жалдау шарты (жалға алушымен) немесе өтеусіз пайдалану туралы шарт (өтеусіз пайдаланушымен) нысанада жасалады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1991 жылғы 26 маусымдағы N760 қаулысымен "Жер учаскелерін жеке меншік құқығына және жер пайдалану құқығына беру тәртібі ережелері" бекітіледі. Қаулыға сәйкес жер учаскелеріне жеке меншік құқығы тегін және ақылы беріледі. Жер учаскесі мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік емес заңды тұлғаларға, ауыл шаруашылығы өндірісі, шаруа қожалығы, азаматтарға

тұрғын үй құрылысы өзіндік қосалқы шаруашылық, ұжымдық және өзіндік бау-бақша, саяжай құрылысын жүргізу үшін тегін беріледі.

Жеке меншікке сатылатын жер учаскелерінің сатылатын бағасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 8 мамырда қабылданған N576 "Мемлекеттік жер пайдалану және жеке меншікке сатудың құнын белгілеу" қаулысына сәйкес жүргізіледі. Жерге жеке меншік құқығы жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша пайда болады. Жергілікті атқарушы орган заңда көрсетілген құзыреті бойынша жер учаскелерін конкурс және аукцион арқылы жер учаскелерін жеке меншікке беруі мүмкін. Шетел азаматтарымен мемлекеттік емес заңды тұлғаларға жер учаскелері құрылыс салуға немесе өндірістік және өндірістік емес ғимараттар салуға, оның ішінде тұрғын үй жайлар және үйлер мен ғимараттарды қамтуға арналған жерлер меншікке берілуі мүмкін, ал қалған мақсаттар үшін жер тек қана уақытша пайдалануға беріледі.

Мемлекет меншігіндегі жер учаскелерін жеке меншікке беру мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

- а) жер учаскесіне меншік құқығын беру туралы ұсыныс жасау;
- б) жерге орналастырудың жобасын талқылау және бекіту;
- в) жергілікті жер шекарасын анықтау;
- г) жерге құқық беретін құжаттарды жасау және беру;
- д) жерге құқықты мемлекеттік тіркеуден өткізу.

"Жер туралы" заң бойынша жер учаскесі мемлекеттік қажеттілік үшін алынуы (сатып алынуы) мүмкін.

Жер учаскелерін алудың (сатып алудың) шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 8 сәуірде N403 қаулысымен бекітілген. "Жер учаскесін мемлекеттік қажеттілік үшін алу және сатып алу тәртібі туралы ережесіне" сәйкес жүргізіледі. Қалалардың және басқа да мекендердің бас жоспарлары, аумақты аймақтарға бөлу схемасы және белгіленген тәртіп бойынша бекітілген қала құрылысының немесе жерге орналастырудың өзге де құжаттамасы мемлекеттік қажеттілік үшін жер учаскелерін алуға (сатып алуға) негіз болып табылады.

Мемлекеттік қажеттілік үшін меншік иелерінен және мемлекеттік емес жер пайдаланушыдан жер учаскелерін алу азаматтық заңдарға сәйкес сатып алу тәртібі бойынша жүзеге асырылады.

Сатып алу туралы шешімді күзіретгі атқарушы орган қабылдайды және жылжымайтын мүлікті мемлекеттік тіркеу үшін белгіленген тәртіп бойынша тіркеуге жатады.

Жер учаскесін меншік иесіне немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы сатып алу туралы шешім қабылдаған орган жер учаскесі сатып алынардан кемінде бір жыл бұрын жазбаша түрде хабардар етуге

тиіс. Меншік иесі өткеннен кейін жер учаскесін сатып алуға меншік иесінің немесе жер пайдаланушының келісімімен ғана жол беріледі.

Мемлекеттік қажеттілік үшін сатып алынатын жер учаскесі үшін ақылы төлеу (сатып алу бағасы), оның мерзімі және басқа да шарттары меншік иесінің немесе жер пайдаланушының келісуімен белгіленеді.

Сатып алу бағасын белгілеу кезінде оған жер учаскесінің немесе оны иелену құқықтарының және ондағы жылжымайтын мүліктің нарықтық құны, сондай-ақ үшінші тұлғалар алдындағы өз міндеттемелерін мерзімінен бұрын тоқтауына байланысты меншік иесіне немесе жер пайдаланушыға келтірілген барлық шығындар енгізіледі.

Меншік иесімен немесе жер пайдаланушымен келісе отырып, мемлекеттік қажеттілік үшін сатып алынатын жер учаскесінің орнына оларға осы жер учаскесінің және оны сатып алу құқықтарының құнын есептей отырып басқа жер учаскесі берілуі мүмкін.

Кепілдіктің мәні жеке меншік құқығы бойынша кепілдік берушіге тиесілі жер учаскесі және жер пайдалану құқығы болуы мүмкін.

Жер учаскесін немесе пайдалану құқығын кепілдікке беру шарты жылжымайтын мүлікпен жасалатын мәмлелерді тіркеу үшін белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуге жатады.

Қорыта айтқанда, жерге жеке меншік құқығы әр уақытта шектеулі болады. Жер қатынастарын құқықпен реттеу кезінде, жердің табиғи объектісі екендігін ескеруіміз керек. Жерді тиімді пайдалану мен қорғау арқылы жас мемлекетіміздің экономикасын көтеруге ықпал ете аламыз. Жердің меншік құқығының әртүрлі болуының негізгі мақсаты жерді ұтымды пайдалану мен қорғау, топырақ құнарлығын қалпына келтіру, табиғи ортаны сақтау мен жақсарту, шаруашылық жүргізудің барлық нысандарын тең құқығын қорғау, жылжымайтын мүлік нарығын жасау мен дамыту, жер қатынастары саласында заңдылықты нығайту мақсатында жер қатынастарын реттеу болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дебердеев А., Шальгина В.А., Цой С., Мейрманова Г. Совершенствование механизма государственной собственности Казахстана: Экономика и жизнь. 1995, N8; С.3.
2. Галятин М.Ю. США: правовое регулирование использования земель. 1. М., 1991, С.54.

М.СЕЙТЖАНОВ
соискатель

АДМИНИСТРАТИВНЫЕ ПРАВОНАРУШЕНИЯ КАК ВИД СОЦИАЛЬНЫХ ОТКЛОНЕНИЙ В ПОВЕДЕНИИ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ

Кәмелетке жасы толмағандардың мінез-құлқындағы ауытқулар әлеуметтік мәселе ретінде қарастырылады. Оның алдын-алу шаралары көрсетіледі.

Юридическая наука, высшие органы государственной власти постоянно обращаются к проблемам совершенствования социальных норм, борьбы с негативными социальными отклонениями, развития законодательства и его эффективного функционирования, дальнейшей разработки и конкретизации тех фундаментальных теоретических положений, которые определяют отношение к социальным нормам и отклонениям от них [1].

Изучение природы, видов, причин, тенденций социальных отклонений имеет как научное, так и практическое значение. Оно служит основой для совершенствования социальных, в том числе юридических, норм и практики их применения, для дальнейшего укрепления системы контроля, более последовательной реализации мер нравственного и правового воспитания, социальной профилактики и ответственности. Все эти меры направлены на то, чтобы обеспечить удовлетворение интересов общества и граждан, вернуть каждого оступившегося в среду достойных членов общества, способствовать укреплению законности и дисциплины, нравственной и правовой основы государственной и общественной жизни. Социальные отклонения есть нарушения социальных норм. Следовательно, отклонение от социальной нормы - понятие более сложное и многогранное, чем, например, понятие правонарушения, которое ограничено известными признаками объекта, субъекта, объективной и субъективной сторон, и, как правило, относится к единичному случаю - конкретному поступку (реже - к серии точно определенных действий). При отклонении же от социальной нормы речь идет о самых разнообразных формах поведения, по разным параметрам не укладывающихся в действующие стандарты.

В основе того или иного человеческого поступка, противоречащего норме права, лежат социально-экономические, политические и иные потребности общества. Признак противоправности, закрепляющий признание того или иного поступка правонарушением, отражает сложное взаимодействие объективных и субъективных факторов,

которыми руководствуется законодатель, создавая правовые нормы и институты. Противоправность как свойства правонарушения и дает основные для рассмотрения его в качестве разновидности правового поведения.

установка возмужавшего и проснувшегося человека гиппократовском смысле и с опорой на его имя Рабле развивал в своей книге. М.М.Бахтин с абсолютной точностью указывает на источники гиппократовских знаний Рабле: учение о силе смеха в его философском аспекте в "Гиппократовом романе" пользовалось особым признанием и распространением на медицинском факультете в Монпелье, где учился, а затем и преподавал Рабле.

"Вторым, после Гиппократ, - пишет М.М.Бахтин, - источником философии смеха в эпоху Рабле была знаменитая формула Аристотеля: "Из всех живых существ только человеку свойствен смех". Для ренессансной эпохи характерно придание этой формуле расширительного значения: смех рассматривается как высшая духовная привилегия именно и только человека. В этом же смысле и Рабле заканчивает вступительное стихотворение к роману:

Лучше писать о смехе, чем о слезах,
Потому что смех свойствен человеку.

Философская функция смеха состоит в наличии у человека разума и духа, дарованных ему (и только ему) богом.

Третьим источником ренессансной теории смеха М.М.Бахтин называет Лукиана, "в особенности его образ смеющегося в загробном царстве Мениппа" из "Мениппа, или путешествия в подземное царство", а также "Разговор в царстве мертвых". И в сюжете путешествия, и в диалогах подчеркивается подверженность не только земного, но и загробного мира смеху и осмеянию, "свобода духа и свобода речи" в смехе, которые делают человека "безгранично свободным".

Были доступны осмыслению в эпоху Ренессанса и другие источники античных представлений о смехе (Афиней, Макробий, Гомер), явлений римского смеха, на которые неоднократно ссылается Рабле. Однако именно Гиппократ, Аристотель и Лукиан дали основу для представления смеха "как универсального, освобождающего начала, существенного связанного с последними философскими вопросами, то есть вопросами "устранения жизни и смерти" М.М.Бахтин неоднократно подчеркивает, что для ренессансной теории смеха, как и для античных источников ее, характерно признание именно за смехом положительного, возрождающего, творческого значения. В этом ее отличие, причем, мировоззренческие, фундаментально социальное, отличие от всех последующих теорий смеха, "выдвигающих в смехе преимущественно отрицательные функции".

Итак, в словесной культуре Ренессанса встретились тысячелетняя смеховая народная традиция и передовое мировоззрение эпохи (в буквальном смысле слова) стал Рабле. М.М.Бахтин рисует

своеобразный социальный портрет этого лица, в котором сочетаются: средневековый шут, карнавальные маски, "травестир и все пародирующий задор демократического лирика", ярмарочный баталер, гуманный ученый, практикующий врач, политик эпохи, "интимно посвященный во все вопросы и секреты мировой политики". Эта комбинационность функций социально-смеховых масок и функций определила новую осознанность и целеустремленность: "средневековый смех на ренессансной ступени своего развития стал выражением нового свободного и критического исторического сознания эпохи".

Зачатки исторического мироощущения преднаходимы исследователем уже и в средневековом смехе. Смех - существенно внутренняя форма существования человека, освобождающая его от внутреннего цензора, то есть страха перед властью, авторитетом, прошлым и будущим. Освобождение от страха было прежде всего освобождением для максимально трезвого осмысления времени, истории и грядущего. Однако, М.М. Бахтин, верный принципу исторической адекватности, не может не отмечать равную причастность и лояльность средневекового человека двум жизням (официальной и серьезной), двум мировоззренческим и социальным аспектам (благоговейно-серьезному и смеховому). Эта параллельность сознания средневекового человека объясняет стихийный характер "веселой правды о мире, основанной на доверии к материи и материально-духовным силам человека". "Веселая правда" создавалась всем потоком народной культуры, часто существуя вне сознания отдельного человека. Это важнейший аспект социальной культурологии, до сих пор ею не освоенный: соотношение мировоззрения, образа жизни (бытового и праздничного) народа и отдельного человека как существенный признак эпохи.

Для того, чтобы была преодолена отдельность "веселой правды", ее индивидуальная ограниченность, было необходимо ее проникновение "во все сферы идеологической жизни". "В эпоху Ренессанса, - пишет М.М.Бахтин, - этот процесс завершился. В романе Рабле средневековый смех нашел свое высшее выражение. Он стал здесь формой для нового свободного и критического исторического сознания". Это случилось потому, что при всей значимости античных источников ренессанской теории смеха она не отражала самого главного в ней - исторической направленности ренессанского смеха.

Между тем, отмечает исследователь, не только литература, но и другие значительные документы эпохи Ренессанса свидетельствуют об исключительно ясном и четком ощущении современниками большого исторического рубежа, радикальной смены времен, смены исторических эпох. Это ощущение было особенно острым во Франции 20-30 гг. XVI

века, "неоднократно облекалось в форму сознательных деклараций", что прямо отражено в проводах "мрака готического века" в романе Рабле.

В средневековых надеждах возврата лучших времен (всенародного изобилия и справедливости) рождалось это историческое мироощущение, новое историческое сознание. В связи с этим М.М.Бахтин цитирует Б.А.Кржевского о Сервантесе, находившего гром оглушительного хохота в Италии, Германии, Франции, Испании как доказательство чуткости к перемене исторического воздуха. Вслед за Б.А.Кржевским исследователь называет смеховую культуру Ренессанса "исторически окрашенным смехом". "Все народно-праздничные образы были поставлены, - как убедительно доказывает М.М. Бахтин, - на службу новому историческому ощущению - от простых переодеваний и мистификаций (их роль в литературе Возрождения, например, у Сервантеса, громадна) до более сложных карнавальных форм. Происходит мобилизация всех веками отработанных форм веселых проводов зимы, старого года, смерти и веселых встреч весны, жирных дней, убоя скота, свадеб, нового года и т.п. - всех веками отстоявшихся образов смены и обновления, роста и изобилия". Эти образы интенционально насыщены временем и утопическим образом, в переосмысленном же возрождением виде "становятся выражением всенародных проводов умирающей эпохи". Важно отметить, что в бахтинской социальной классификации форм исторического сознания эпохи полностью отсутствует перечисленная интонация, так как сами эти формы глубоко содержательны.

Комические элементы настолько значимы для эпохи, что проникают даже в богословскую литературу, например, Анри Этьен в "Апологии Геродота" повернул религию на раблезианский лад и, как отмечает М.М.Бахтин, даже первый перевод библии на французский язык, выполненный О.Ливетаном, отражает влияние стиля Рабле.

Таким образом, слияние народной смеховой культуры с мировоззренческими основами Ренессанса и важнейшими культурными национальными вершинами (Рабле, Сервантес, Шекспир и др.) дало ощутимые результаты:

- 1.Художественная легализация смеха, его необходимость и неизбежность культуре, вплоть до высокой идеологии;
 - 2.Историческая целеустремленность сознания человека Возрождения преодолевшего разрыв между разрешенным для всего народа и ограничениями для отдельного человека.
 - 3.Философская значимость "веселой правды", ее способность универсально отвечать на "проклятые вопросы" бытия.
- В XVII веке смех утрачивает свою существенную связь с мирозерцанием, что выразилось, по мнению М.М.Бахтина, во-первых,

в сочетании с отрицанием, притом догматическим отрицанием, во-вторых, в ограничении областью частного и частно-типического, в-третьих, в утрате исторической интенциональности, в-четвертых, в видоизменении связи с материальным телесным началом, которые приобретает характер низкого частного быта.

М.М.Бахтин называет этот процесс "деградацией смеха" и следующим образом определяет его причины и специфику.

В XVII веке стабилизация нового миропорядка, абсолютной монархии отражаясь в становлении рационалистической философии Декарта и эстетики классицизма М.М. Бахтин, усматривает черты "новой официальной культуры, отличной от церковно-феодалной, но проникнутой, как и она, авторитарной серьезностью, хотя и менее догматической. Отметим, что здесь для М.М.Бахтина авторитетно утверждение К.Маркса о создании новых господствующих понятий, которые новый господствующий класс неизбежно представляет в качестве вечных истин.

Новая официальная культура выдвигает философские принципы устойчивости и завершенности бытия, эстетические каноны однозначности и однотонной серьезности, не приемности амбивалентности и смеховой традиции.

Однако в редуцированной форме эта традиция все же проникает в официальную культуру: в низких и канонических жанрах, на народной сцене. Очевиден оппозиционный характер этих, хотя и изменившихся по своей природе и деградировавших смеховых явлений.

На этом фоне М.М.Бахтин выделяет специфическую линию развития карнавальной и раблезианской традиции в XVII веке, связанную, с одной стороны, "с настроениями фрондирующей аристократии", а с другой, имеющую "и более общее значение".

Характерным становится перенесение персонажей Рабле на придворную сцену, где они становятся героями праздников, маскарадов, балетов (например, маскарад "Рождение Пантагрюэля", балеты "Косбасы", "Пантагрюэлисты", "Раблезианская буффонада" и др.). Явление этого имеет двойственную природу, свидетельствуя о жизненности зрелищных знаков Рабле, и о переосмыслении стиля народной площади, "перекочевавшей в природный маскарад".

Народно-праздничные формы в границах придворного маскарада вырождаются. Глубинный смысл вырождения определяется тем, что и народно-утопический дух (средневековье) и новое историческое ощущение (Ренессанс) покидают придворно-маскарадные формы; внешне же выражалось в превращении амбивалентной и мирозерцательной непристойности в "поверхностную эротическую фривольность".

В XVII же веке сложилась традиция двойственного отношения к роману Рабле: отбрасывается как "грубое наследие" народные смех и комическое, материально - телесный низ, шутовство и так далее, утверждаются же "психология", "типы", социальная сатира (по сути искажается природа романа Рабле, а через него - природа Возрождения).

Для М.М.Бахтина эта деградация народной смеховой культуры и искажающих оценок документов Возрождения является материалом социально-культурных и философских обобщений: "В XVII веке во всех сферах идеологии совершается очень важный процесс: начинает резко усиливаться значение таких документов, как обобщение, типизация, эмпирическая абстракция". Эти моменты приобретают ведущее значение в картине мира. Пересматривается сама модель мира [1]. В этой картине мира утрачивает универсализм, исчезает историческая универсальная индивидуальность, непонятным становятся универсализм карнавального типа.

При всей значимости приведенных социально- культурных выводов о судьбах смеха в XVII веке, нельзя не отметить определенной спрямленности картины эпохи, прежде всего, отмечаемая самим М.М.Бахтиным находимость многих смеховых явлений за скобками его анализа и, конечно же, по преимуществу - творчества Мольера. Кроме того, эстетика классицизма, введенная исключительно в аналитическое русло смеховой культуры, приобрела искаженную ретроспективу, против чего выступал всегда и сам М.М.Бахтин. Для сравнения приведем мнение известнейшего культуролога А.В.Михайлова из последней книги его трудов "языки культуры" [2]: "длинное перечисление всего того, чего "лишен" человек XVII столетия, внутренне противоречиво: оно исходит из того, что человек "приобрел" двумя столетиями позже, следовательно, из отношений развития и этими ставит обоих в одинаковое ложное положение - второго как "развитого", первого как "недоразвитого". На деле же их отношения мы вправе толковать лишь как отношения иных - чуждых друг другу, далеких друг от друга, - настолько, что какого-либо взаимопонимания между ними не удастся добиться даже при участии третьего, т.е. нас самих, смотрящих на них со своей, не познанной нами же исторической позиции" [3]. Отметим особую деликатность А.В.Михайлова, достоверно подразумевающего М.М.Бахтина в неопознанности "своей же исторической позиции": в ряд исследователей эпохи он его просто не включил, хотя имя М.М.Бахтина обладает для него особой значимостью (см. главу "Роман и стиль", в частности замечание о новаторском характере бахтинских исследований о высшем уровне диалогического или полифонического романного слова). Михайловская концепция развития-недоразвитая в историко-антропологических исследованиях показывает, какую злую шутку для М.М.Бахтина (в старой проекции) сыграла доминанта народной смеховой

культуры: все, что оказывается вне ее, - "недоразвито" ("деградирует") по терминологии М.М.Бахтина.

ЛИТЕРАТУРА

- 1.Бахтин М.М. - Творчество Франсуа Рабле и народная культура средневековья и Ренессанса - 2 изд. М., Худ. Литература, 1990 г.
- 2.Михайлов А.В. - Учеб. пособие по культурологии, М., 1997 г., ст. 131.
- 3.Галкин В. - Наука или история. М.; Икель, 1981, с.189.
- 4.Антипова Г.А. - Историческое прошлое и пути его познания. Новосибирск; Наука, 1987, с.242.

С.ҚҰРБАНҚОЖА

*педагогика ғылымдарының кандидаты,
доцент*

ФИЗИКА ЖӘНЕ ДІН

Автор исследует и высказывает свои суждения о взаимосвязях между закономерностями науки физики и религии.

Бір қарағанда физика мен діннің қандай байланысы бар деп ойлауға болады. Әрине алғашында бұл ұғым тұрпайы болуы әбден мүмкін. Бірақ мәселені тереңдете түсудің арқасында екеуінің бір-біріне тікелей байланысты екендігіне көз жеткізуге болады. Бұл үшін көптеген дәлелдер қажет. Сонда да болса дәлелдеуге ұмтылып көрейік. Әуел бастан бірінші дін пайда болды ма? Әлде ғылым пайда болды ма? Соны қарастырып көрейік. Адамзат баласы дүниеге пайда болғаннан бастап бірінші дін пайда болғанын содан соң өмір сүруге мұқтаждық туғандылықтан бірте-бірте ғылым пайда бола бастаған. Міне сол себепті діннің көптеген құбылыстарын ғылыммен түсіндіру өте қиынға соғады, оның үстіне діннің құпия сырлары шексіз дүние. Бұған қосымша атеистік көзқарас бізді басқа жаққа бұлтартып әкетті. Материалистік ұғыммен идеалистік ұғымда бір-біріне жанаспай қойды.

Қазіргі кездері діни жолда жүргендер ғылымға зейін қоймай тек догмалық ұғыммен жұмыс жүргізуде. Ал ғылым болса мүлдем діннің бізге қажеті жоқ деп ойлайды. Діндар адамдардың ғылымға жақындамайтын себебі мәлім, олар құпиялардың әшкерә болатынын біледі, екіншіден олардың өздерінде тек қана догмалық ұғым қалыптасқан. Дін мен ғылымды бір-біріне жанастыру жолын білмейді. Діни адамдар көбінше ғылыммен шұғылданбайды, әрі ол пәндерді медреселерде өтпейді. Ал ғылым орындарында дінді мүлдем естеріне де алмайды.

Дәл қазір екеуінің басын қосатын заман туған сияқты. Себебі, әрбір діндар адам табиғи құбылыстың ғылыми негізін білгені жөн.

Ал ғылым жолындағы адамдар діннің адам өміріне өте қажет екендігін білгендігі дұрыс болар еді.

Бұлардың бәрін ұғындыру үшін мектептерде, жоғары оқу орындарында діни сабақтарды қосып өтуі қажет. Діни медреселерде табиғи пәндерді қосып оқыса құба-құп болар еді. Себебі әрбір діни ұғымдарды табиғи түрде дәлелдеп үйреткен болар еді және олардың бір-біріне шиеленісе байланысқандығына көз жеткізе алар еді.

Біз енді негізгі тақырыбымыз “физика және дін” болғандықтан діни құпияларды физикалық негізде түсіндіруге ұмтылғымыз келеді.

Мәселен Дәрет алғанда, намаз оқығанда, ораза тұтқанда тағы да басқадай діни әдет-ғұрыптарды орындағанда қандай физикалық құбылыстар пайда болады, олардың себебі неде және адамзат баласына қажеті бар ма жоқ па? Соны қарастырып өткенді жөн көрдік. Біріншіден сол жоғарыда айтылып өткен діни әдет-ғұрыптар ғасырлар бойы үзілмей не себепті жалғасып келеді. Егер олардың адамзат баласына пайдасы болмай зияны болса онда бұлар ұмыт болған болар еді ғой деген ой туады, бірақ оған дәлел қажет. Міне осы дәлелді анықтауға ұмтылып көрейік.

ДИНИ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАРДЫҢ ФИЗИКАҒА БАЙЛАНЫСТЫЛЫҒЫ

Діни әдет-ғұрыптар өте көп салалы болып келеді. Шаман дәуіріндегі, Иуда, Будда, Христиан және ең соңғы Ислам. Міне бұлардың бәрі де дін түрлері. Бірақ бәрінің де орындалатын әдет-ғұрыптарының ішінде физикалық құбылыстар бар. Діндердің ішіндегі ең жоғары сатыда тұрған ислам діні болғандықтан соны қарастырып өтуді жөн көрдік. Ислам дінінің негізінен бес тұтқасы бар.

Олар : Иман, Намаз, Ораза, Зекет, Қажылық.

Бір қарағанда бұлардың физикаға қандай қатысы бар деген ұғым тууы мүмкін. Әрине өте тұрпайы тәңестік. Сонда да болса қолдан келгенше дәлелдеп көрейік. Бұрында бұл ұғымдар туралы басқа еңбектерде аталып өткен. Мәселен, халық медицинасының физикалық негіздері, дәрісіз емдеудегі физика, кейбір адамдардың ерекше кереметтері, дұға күшінің физикалық негіздері. Сонымен қатар осы тақырыпқа байланысты көптеген ғылыми мақалалар әртүрлі баспаларда жарық көрген. Олардың ішінде шығыс медицинасындағы физиканың орны, қазақтың төл және кірме медицинасы, тағы басқалар. Әрине бұл жоғарыдағы аталып өткен еңбектерде толығымен берілмеген және қысқартылып әр жерлерде үзінділер аталып өткен. Ал енді бұл еңбекте толығырақ және дәлелді мағлұматтар берсек пе деген ойдамыз. Әрине бұл бір еңбекпен бәрін дәлелдеп шығу мүмкін емес. Себебі, діндегі әдет-ғұрыптар және ғылымдағы яғни физикадағы құбылыстар мыңдаған, миллиондаған жылдардан бері келе жатыр. Бұл тек соларды дәлелдеуге арналған алғашқы қадам болуы мүмкін. Сонымен бірінші иманда қарастырып шығайық.

1. Иман дегеніміз исламды тілмен және ділмен жүрегімен қабылдау. Ол қалай орындалады ? Исламды қабылдаған кісі Калимаи Шаһадатты айтуы керек. Оны шын ділімен ойлап, тілімен айтады. “Лә Иллаһа илаллаһу мухаммадун расуллаһу”. Міне осы сөз айылған соң бұл кісі ислам дініне кірген болып есептелінеді. Енді мұндағы физика қайда деген заңды сұрақ туады. Әрине білмеген кісіге шындығында ешқандай физикалық құбылыс жоқ сияқты. Жоқ мұнда физика бар. Кісі шын

ділімен исламды қабылдаймын деп ойлағанының өзінде одан магниттік өріс бөлініп шығады, әрі ол ғарышқа қарай бағытталады, яғни дін тілімен айтқанда Алла - тағалаға жетеді. Ал енді сол ұғымды тіліменен айтқанда биотолқын тарқай бастайды, әрі ол сол жоғарыда айтылған бағытта болады. Міне осы екі физикалық құбылыс өз мөрелеріне жеткенде олардан қайта шағылысқан толқындар сол кісіге бағытталып қайта жетеді. Сонымен екі ортада үзілместей байланыс пайда болады. Сондықтан да Иманды шын діліңмен және тіліңмен қабылда дейтіні сондықтан. Екеуі қатар болмаса байланыс толық болмайды. Сымы істен шыққан телефондай болуы мүмкін. Міне біздің түсінігіміз бойынша осындай физикалық құбылыс пайда болады. Әрі Иманды қабылдауды осы физикалық құбылысқа байланысты шығарған болуы өбден мүмкін. Бұған қосымша дәлел ретінде ғарышқа ұшқан қондырғыларды айтып өтуімізге болады. Жерде тұрып ол жаққа хабар жіберіп олардан хабар алып жатамыз. Міне бұлар нақты дәлел. Яғни жоғары көтерілген хабар ол жаққа барған



Ғарыш (Алла тағала)

соң шағылысып қайта жерге бағытталады және адам баласына хабар жеткізеді. Бұл жерде табиғаттағы үш бұрыштың заңы бар. Адам баласының құрылысы олардан мың-миллион есе күрделірек. Сол себепті бұған күмән келтірмесе де болады. Дін ұғымында бұл құбылыс бұлай дәлелденді ме әлде

жоқ па оны ешкім білмейді. Бірақ осындай құбылысқа негізделгендігіне кәміл сенуге болады. Себебі, Алла-тағаламен басқаша байланысқа шығу мүмкін емес.

Міне осылай адам баласы Алла-тағаламен яғни ғылыми тілде айтқанда ғарышпен байланысып алған соң ол байланысты үзіп алмау үшін қалған төрт тұтқаны орындауға кіріседі. Оның екіншісі Намаз.

2. Намаз негізінде күніне бес рет орындалады, оның белгілі уақыттары бар. Бұл жоғарымен байланысудың екінші жолы. Бірақ бұл Намазды оқу үшін міндетті түрде дәрет алу керек. Сол себепті намазды түсіндірмес бұрын біз дәрет алуды қысқаша түсіндіріп өтейік және ондағы пайда болатын физикалық құбылыстарды айтып кетейік. Оның намазға жалпы адам баласына не үшін қажет екендігін қысқаша ұғындырып көрейік.

Дәрет алудың негізгі мақсаты адам баласының денесінде орналасқан 360 тан астам жүйке (нерв) жүйелерінің шоғырланған нүктелерін іске қосу үшін қажет. Сонымен қоса намаз уақытысында

сырттан яғни жоғарыдан келген энергияларды (қуаттанды) оданда басқа хабарларды физикалық құбылыстарды қабылдауға дайындық болып табылады. Бұған қосымша адам ағзаларын байланыстырып тұрған төрт амірлік нүкте, және он екі кереметті арна бар, солар ашылады. Міне осы дайындықтар өткен соң намазға кірісуге болады. Кей кісілер осы дәрет алмастан намаз оқи беруге болмайды ма деген сұрақтарды қояды. Әрине бұл дұрыс емес., мұндай сұрақты түсінбегендіктен қояды. Дәрет алмаған кісі жөндеуден өтпеген, арналары тураланбаған теледидар, радио телефон сияқты болады. Яғни оның көрсеткендері, сөздері естілмейді. Себебі, толқындарды тура, дәл қабылдай алмайды. Ал дәретді бар айтылған заңдылықтарымен алса онда Намаз үстінде энергия алмасу, хабар қабылдау тағы да басқа физикалық құбылыстар. өз заңдылықтарымен-нен қызметтерін атқарады. Дәрет алудың тағы да бір қажеттілігі ол тазалық яғни гигиена. Міне сол үшін намаз алдында дәрет алу заңды қажеттілік.


Дәрет алып отырғанда арнаулы сөздерді яғни аят сурелерді күбірлеп ішінен қайталап отырады бұған себеп Алла-тағаламен байланыс үзіліп қалмасын деген мақсат. Енді дәрет толығымен орындалып болған соң намазға кіріседі. Ол үшін арнаулы жайнамаз жайылады. Бұл кезде намазға тұрған кісінің жүзі құбылаға қарайды яғни Арабстандағы Мекке қаласында жайласқан қағбаны (куб текше) солай атайды. Дүние жүзіндегі мұсылман халқы солай қарай жүздерін бұрып намаз оқиды. Мұхаммед Пайғамбар пайғамбарлыққа отырғаннан бастап осылай қалыптасқан.

Намаз оқу азан шақырумен, икамат айтудан басталады. Жайнамазға жетпей тұрып, екі қолды жоғары көтеріп, бас бармақтарын құлақтың жұмсақ ұшына тигізіп жүзін сәл жоғары бағыттап дауыстап азан шақырады. Азан шақырғанда айтылатын арнаулы киелі сөздері бар. Мәселен, Аллаһуакбар деп төрт рет қайталанатын тағы сол сияқты. Бұл жерде біз бөріні жазып отырмаймыз. Себебі олар басқа арнаулы кітаптарда бар. Ал біздің негізгі мақсатымыз діндегі дәстүрдің физикалық негіздерін көрсету. Міне осы азан шақыру, икамат айту және ниет, тілек білдірудің арқасында адам

баласы Алламен байланысқа енеді. Азан шақырғанда ауыздан шыққан дыбыс арқылы биотолқын бөлініп шығып жоғары қарай тарқай бастайды. Ал ол толқын мөресіне жеткен соң шағылысып кейін қарай бағытталады және құлаққа жақын және жоғары қарай жайласқан алақанға қабылданады. Қабылданған хабар бас бармақ арқылы құлақтың жұмсақ ұшынан бастап бүкіл денеге тарай бастайды. Міне осылай алғашқы байланыс іске қосылады содан бұл Намаз толық оқылып біткенше үзілмейді. Тәспі аударылып, бата жасалып болған соң келесі намазға дейін үзіліс болуы мүмкін.

Екінші икамат айтқанда бұл байланыс күшейе түседі одан әрі намаз оқу жалғасады. Ол кезде де өзіндік ерекше қозғалыстары бар. Бұл қозғалыс кездерінде жүйке жүйелерін шоғырланған нүктелер қозғалысқа

келіп адам денесінде жайласқан энергиялар қалыптаса бастайды. Олар бір орыннан екінші орында ауысып қажетті орындарға жайласады. Намаз оқыған кезде де өзінің заңдылықтарын сақтаған жөн. Мәселен жайнамазға тұрған кісінің жүзі құбылаға қарау қажет, көздің көретін нүктесі шәжда да болуы керек. Шәжда намазға жығылғанда адамның маңдайы тиетін жер. Осындай айтылған заңдылықтарды бұлжытпай орындаған жөн. Осы жерде айта кететін бір, екі жәйт бар. Олар, намаз кезінде денедегі энергиялар бір орыннан екінші орынға жаңылыспай ауысып отыру үшін дене жабық тізбек болуы керек. Екіншіден, адам денесінде төрт өмірлік нүкте бар дедік, солар қозғалысқа келуі керек. Сонымен қатар денедегі лас энергиялар шәждеге барған заматта алақан арқылы жерге еніп кетуі тиіс. Міне осылардың орындалуын атап өтейік. Алақан денеден ажырап кетпеу керек. Тек қана шәжбаға барғанда екі алақан жерге тиуі тиіс. Міне осы кезде алақанға жиналған лас энергиялар жерге енеді. Ал төрт өмірлік нүктені қозғалысқа келтіру әр дінде әртүрлі. Мысалы христиан дінінде шоқыну арқылы, буддада екі қолын қусырып еңкею арқылы, ал исламда бірінші еңкейіп қайта тұрғанда екінші жайнамазда отырып екі жаққа қарап сәлем бергенде және үшіншіден шәждаға басты қойып маңдайды тигізгенде. Ал енді осы төрт өмірлік нүктенің жайласқан жерін айта кетейік, бірінші маңдайда екі көз ортасында екінші төстен сәл төмен төс сүйектерінің екіге бөлінген жерде (күн түйіні деп те аталады), үшінші оң жауырын астында және төртінші сол жауырын астына жайласқан. Міне осы төрт нүктені бір-бірімен қосқанда ромб көрінісі пайда болады екен. Бұл жүрек символы (белгісі)



сол себептен де өмірлік жүйелері деп аталған болуы керек. Міне осы өмірлік нүктелерге әсер етудің арқасында адам баласы өзінің саулығын жоғарылатып өмірін ұзарта түседі.

Енді тағы бір айта кететін жәйт. Намаз негізінде бес рет оқылады. Бұл уақытта Алла тарапынан белгіленіп қойылған. Бірінші Бамдат азанда күн шықпай тұрып, екінші Бесін күн тас төбеден ауған

кезде үшінші намаздігер күн батуға арқан бойы қалғанда яғни бір жарым екі сағаттай, төртінші күн батып кеткен соң, бесінші күн қызылы жоғалғаннан таңғы намазға дейін. Бұдан басқа жұма, жаназа, ораза, айт, нәпіл намаздары бар, бөріңде де осындай шарттар қойылған. Мұнда бір құпия бар. Дәл осы көрсетілген уақыттарда дүниеде тыныштық орнап адам баласы еркін демалып өз денесіндегі энергияларын қалыптастыра алады. Мәселен басқа уақыттарда оқылса мұншалықты дәрежеде пайда бермейді. Бір, екі, мысал келтіре кетейік. Таңғы намаз уақытында жер бетіне көгілдір күлгін сәуле кеңінен тарайды екен. Міне осыларды еркін қабылдау үшін осы уақыт тыйымды. Ал күн шығып келе жатқанда, күн тастөбеге келгенде, күн батып бара жатқанда күнмен таласып оқыма деп тыйым салынған. Бұған себеп бұл кездері энергиялар қозғалысқа келіп қалыпты бомайды соны ескерген болуы керек.

Қысқасы намаз оқу адам баласы үшін денесіндегі энергияларды жаңалап отыру үшін қажет болған. Осы намаздағы арнаулы қозғалыстардың арқасында денедегі энергиялар қалыптасып отырады. Оның үстіне адам баласы дене шынықтырумен айналысқандай болады. Бұл жердегі физика айтылмаса да мәлім болып тұр. Көптеген механикалық қозғалыстан, энергия алмасулар, толқындардың таралуы тағы басқалар. Қорыта айтқанда, механика, молекулляр физика, электр оптика, магнетизм, квант тағы басқалар, яғни физикадағы барлық құбылыстар пайда болады.

Енді намаз оқып болған соң тұра салмайды тәспі аударылады. Тәспі тоқсан тоғыз тастан тұрады, ол отыз үштен үшке бөлінген. Суахан Алла отыз үш рет қайталанылады, Әлһамдулилла отыз үш рет қайталады, Аллаһуакбар отыз үш рет қайталады. Сонымен Алла аты тоқсан тоғыз рет қайталады. Бұл біріншіден адамның жүйкесін қалыптастырса екіншіден тәспі аударудың арқасында саусақ ұшына жиналған қандарды қозғап отырады, олардың қозғалысы тездейді. Яғни қанды механикалық қозғалысқа келтіреді.

Тәспі аударылып болғаннан кейін бата жасалады. Бұл кезде алақанға жиналған Алла нұры яғни қуатты энергияны бетке сүйкеудің әсерінен денеге толық тарқатамыз. Сонымен намаз толық орындалып орнымыздан тұрамыз. Қысқаша намаз туралы осындай физикалық мағлұматтар бар.

Енді үшінші ораза тұту туралы. Қысқаша түсінік беріп өтейік.

3. ОРАЗА ислам дінінің үшінші тұтқасы болып есептелінеді. Бұл оразаның жалпы не қажеті бар, негізінде өзі қажеті бар ма? жоқ па? Осыған қысқаша түсінік беріп өтейік. Ораза деген негізінен Ислам дінін қабылдаған мұсылман жылына бір ай ораза ұстауы тиіс. Ораза күндіз тамақтанбай тек түнде тамақтанады. Мұның құпиясы неде? Адам баласы күндіз тамақтанбаған соң күндіз жүріп тұрады. Соның әсерінен денеде көп қозғалыс пайда болады. Осы қозғалыс әсерінен энергиялар азаяды.

Бір орыннан екінші орынға ауысады, денедегі молекулалар қозғалысқа келеді. Денедегі қажетсіз заттар қозғалысқа келе бастайды. Сөйтіп ашылған таза арналар арқылы сыртқа шыға бастайды. Осылай бір айдың ішінде дене тазаланып қалады, себебі ішкен тамақ, дәрі-дәрмек, су тағы сол сияқтылардың ішінен бөлініп шыққан қажетсіз заттар тек осы жолмен тез шығады. Бұлардың басқа да шығаратын жолы бар. Мәселен тер, кіші дәрет, үлкен дәрет, қан, құс арқылы тазаланып отырады. Бұл жерде де көптеген физикалық құбылыстар пайда болады. Ораза біткен соң адам өзін бір жаңа туғандай сезініп қалады. Себебі денедегі барлық қажетсіз заттар кетіп, арналардың бәрі тазаланып қалады. Бұл жерде айта кететін бір ерекше қасиет. Ораза кезінде көбінде түнде тамақтанады, сол тамақ сіңу үшін түнде жиырма бас (тәрәпа) намаз оқылады.

Міне мұны да бекерге ойлап таппаған. Адам кешке көп тамақтанған соң көп қозғалсын деген, соның арқасында тамақ таза сіңеді.

Міне, сөйтіп ораза ұстаудың арқасында адам баласы көптеген сырқаттардан айығады.

4. Енді төртінші тұтқасы ЗЕКЕТ. Исламда зекет беруде дәстүрге айналған, бірақ мұның да қаншалықты физикаға байланысты екендігін көп адам біле бермейді. Мүмкін оған адам баласы көңіл аудармағанда болу керек. Зекет дегеніміздің өзі не? Соны түсініп алайық. Зекет деген ақшалай заттай берілетін дүние-мүлік. Діни ұғым бойынша адам баласы өзінің біліп немесе білмей істеген күнәларын өтеу үшін жылына бір рет ораза кезінде өз табыстарынан бөліп беріп отырады. Бұлар негізінен мешіт-медреселерге кедей-кепшіктерге, жетім-жесірлерге қарт-қартаңдарға мүсәпір-көріптерге беріледі. Мұның мөлшері адам баласының табысына байланысты болады. Бұл мөлшер құранда толығымен берілген.

Ал енді бұл дүниені, ақшаны таратқанда не құпия бар деген заңды сурақ туады. Әрине біріншіден бір ай болса да халықтың жағдайын көтеруге әсер етеді. Негізінде мынадай құбылыс пайда болуы мүмкін. Күнәсін өтеймін деп берілген ақша немесе зат арқылы ол кісінің денесінен лас энергиялар шығып отырады. Сол арқылы дене тазаланып сырқаттар сауығады. Екіншіден оларды алған кісілер құдайға жалбарынып, сол кісілердің саулығын тілеп ата-бабасына бағыштап құран оқиды. Міне осының әсерінен адам баласы бір тазаланып қалатын болу керек.

Көбінше садақа, пітір бергенде қолға бермей жерге тастайды.. Оған да себеп осы болу керек. Садақа пітір берген кісінің денесіндегі лас энергия сол заттар арқылы жерге еніп кетеді. Қандай энергия болмасын жерге енетіндігі физикадан баршаға мәлім.

5. Енді бесінші тұтқа қажылық туралы қысқаша айтып өтейін. Қажылықта исламдағы дәстүрдің бірі. Бұл дәстүр жылына бір рет Құрбан айт кезінде орындалады. Ерте кездері жаяу, атпен, есекпен, түйемен тағы сол сияқты орындалатын болған. Қазіргі заманда автокөлік, поезд, ұшақ

тағы сол сияқты көліктерді пайдаланады. Қажылықтың негізгі мақсаты жылына бір рет қағбаны төу етіп қайту. Ол жерде жеті түрлі рәсім орындалады. Соның бірі құрбандық шалу.

Ал енді бұл қажылықтың физикаға қандай байланысы бар деген ой туады. Жалпы әулие аралаған кездері сырқат адамдардың сырқатынан жазылып жатқандығын көреміз. Бұған себеп әулиелерді зиярат жасағанда ол жерге барып түнгенде адамдарда көптеген өзгерістер пайда болады. Мұның себебі әулие жерлерде сол кісінің рухы бар болып сол рух адамдардың денесіндегі энергияларды алмастырады, лас энергияларды алып тастап жаңа энергиямен алмастырады. Ол жерге барған кезде құран оқылып құрбандықтар шалынады. Тілек тілеп жалбарынады. Сол дыбыстар яғни толқындар ғарышқа жетіп әулиелердің рухтарын қозғайды. Міне осы толқындардың қозғалыс - салдарынан әлгі сырқат кісі шипа табады.

Жалпы әулиелі жерлерде энергиялар көптеп алмасып тұрады.

Міне осыған байланысты қажылыққа барғанда осындай құбылыстар пайда болады. Ол жерде неше түрлі әулиелі жерлер бар. Оның үстіне ғарышпен яғни Алла тағаламен тікелей байланыс болады. Сол себептен ғасырлар бойы осылай қалыптасып қалған.


Сонымен қатар Мекке, Мәдина, Құдыс шаһарларына басқа жерден өзгеше энергиялар келіп тұрады. Дәл сондай жағдай біздің Қазақстанда да бар. Мәселен Түркістан шаһарына көгілдір күлгін сәуле көптеп келіп тұрады екен. Сол себепті бұл шаһар екінші Мекке немесе Кіші Мекке аталып отыр. Ал енді кейінгі бір мәліметтерге қарағанда Шаянды кіші Түркістан деп, ал Созақты кіші Медине деп аталатындығы анықталып келе жатыр. Яғни бұл сөздердің түкпірінде бір құпия сыр бар екендігіне біз көміл сенеміз.

Бұл сөздердің мәнісін терең зерттей түсу қажет. Өңгіме бұл шаһарлардың, атағын шығаруда емес олардың бір-біріне байланыстылығын анықтауда бұл әрине ғарышпен тікелей байланысты болып келеді. Тағы бір айта кететін жәйт ерте кездері адамзат баласы ғарышпен тікелей байланысы болғанға үксайды. Оған себеп осы Қазақстанда Қызыл-Орда облысы Жаңақорған ауданында Өзгент, Түгіскен деген елді мекендер бар. Міне сол жерлерде сегіз жерге әулиелер жайласқан. Солардың бір-бірімен байланыстырғанда кіші жеті қарақшы жұлдыздары пайда болып, ал сегізіншісі темір, Қазық жұлдызы жайласқан жер болады. Міне осыған қарағанда адамзат баласы аспан әлемімен тікелей байланысты болған-ау деген болжам туады.

Міне осыларды ескерсек дінмен физика еш уақытта бір-бірінен үзілмейтіндігін білеміз.

Бұл байланыс біздің айту-айтпауымызға қарамастан байланысты болып отырған. Құранды алатын болсақ ішіндегінің бәрі жатқан физика. Себебі әр-бір сөз ғылымға келіп тіреліп отырады, сол себепті дінмен отыратын ғылымды барынша бірге қарастыған жөн.

Құраннан бір-екі мысал келтіре кетейік. Мәселен дүние алты күнде жаралды дейді. Сонда алты күнде бұл он сегіз мың ғалам қалай жаралған деген ой туады. Мұны түснү үшін мынаны білу керек. Алла-тағаланың бір күні елу мың жылға тең. келеді. Сонда елу



мыңды алтыға көбейткенде үш жүз мың жыл келіп шығады. Яғни алты күн дегеніміз үш жүз мың жыл сонда он сегіз мың ғалам үш жүз мың жылда жаралуы әбден мүмкін. Бірақ мұны құранда бұлай түсіндіріп талдап жазбаған. Яғни түсініктеме жәйлер берілмеген, сол себепті түсіну өте қиын. Ал періштелерге келетін болсақ әрбір періштенің жетпіс мың басы, жетпіс мың аузы тағы сол сияқты яғни өте көп деген сөз. Ал олар оттан жаралған дейді. Еркек. әйел дегені болмайды деп жазылған. Міне бұдан нені ұғынуға болады. Дүниедегі көптеген энергиялар, сәулелер, нұрлар, тағы сол сияқтылар. Мұның бәрін діни тілде басқаша түсіндірген. Ал енді уақи, яғни хабар келу бұлар радио, толқындадары ғарыштан келіп жатады. Қысқасы адамзат баласының денесінен көптеп яғни табиғаттағы барлық энергиялар бөлініп шығып жатады. Сонымен қатар адам денесінде радио, телеқабылдағыштар өте сезгіш болып жайласқан. Ал енді осылардың бәрін іске қосу үшін міне осы ислам діні қажет. Әсіресе

жоғарыда айтып өткен исламның бес тұтқасы кіршіксіз орындалса. Қабылдағыш, сезгіш қасиет өте жоғарылап адам баласының өмірі де ұзара түскен болар еді.

Енді реті келген соң айта кетейік. Кейінгі кездері тәуіп, эксторсеанс тағы сол сияқтылар көбейіп кетті. Міне осылардың барлығында осы жоғарыда айтылып өткен физикалық құбылыстарға байланысты әсер етіп отырады. Бірақ өкінішке орай олардың көбісі өздерінің не істеп жүргенін білмейді әрі бұлар ғылымға байланыстыра алмайды. Әрине оған олар кінәлі емес. Себебі нақты осының бәрін тәптіштеп түсіндіретін адам жоқ. Мұны түсіндіру үшін ол адам өзі дінді, әрі ғылымды жақсы білуі керек.

Ал ондай жолда жүргендер жоқтың қасы. Мысалы емші қолымен емдейтін болса онда оның алақанынан түрлі энергия бөлініп шығады. Соның әсерінен емделіп жатады. Бірақ оны емші өзі білмей мен өзім емдедім деп ойлайды. Ал еді балшы бал ашса айтқанының бәрі тура келсе ол менің айтқаным тура келді дейді. Ол өзі табиғаттағы үш бұрыштың заңын білмейді. Оның үстіне көп емші, балгер адам баласының энергиялары бөлініп шығатындығын да білмейді.

Енді бұл айтылғандарды кеңінен түсіндіру үшін жеке-жеке еңбек жазу қажет лажы болса теледидар, баспа сөздер арқылы көптеп мағлұмат беру керек қажет болса мектептерде, жоғары оқу орындарында қысқаша сабақ өткізу керек. Арнаулы оқу орындары болса тіптен жақсы болар еді. Оны келешек шешер.

**ИЗВЕСТНЫЙ КАЗАХСТАНСКИЙ ТОПОНОМИСТ
(К 75-ЛЕТИЮ В.Н.ПОПОВОЙ)**



В.Н.Попова родилась и выросла на казахстанской земле, на Павлодарщине. Выпускница Карело-Финского государственного университета свою трудовую и научную жизнь связала с Шымкентским педагогическим институтом. Ее кандидатская диссертация, выполненная под руководством видного топонимиста, лауреата Государственной премии, профессора А.П.Дульзона, позволила выявить древнейшие субстратные индоевропейские слои и элементы в северо-казахстанской топонимии, успешно связала данные гидронимики с вопросами этногенеза и родоплеменной организации казахского этноса.

Перу В.Н.Поповой принадлежит ряд статей по казахской народной географической терминологии, в которых исследуются родовые и видовые гидронимические термины. Одна из первых в Казахстане и в СНГ она исследует новый класс топонимов - названия археологических памятников, вводит в топонимику новый термин "археоним".

В результате многолетних и кропотливых исследований в 1994 г. в Москве Институтом этнологии и антропологии им.Н.М.Миклухо-Маклая издан словарь В.Н.Поповой в 2-х томах "Географические названия Казахстана". Выход в свет данного труда стал заметным явлением в ономастическом мире, об этом писали в "Казахстанской правде" (18 июня 1996 г.) и в "Известиях РАН" (серия географическая N2, 1996) Здесь уместно привести высказывания известного учено-географа, заслуженного деятеля науки РФ, профессора Э.М. Мурзаева: "В.Н.Попова одна смогла создать такой комплексный словарь большой области Казахстана, на что потребовалось ни много, ни мало 30 лет. Только упорство и любовь к теме позволила ей, при полной педагогической нагрузке, достичь финиша".

По итогам исследований В.Н.Попова защищает в 1997 г. докторскую диссертацию "Структурно-семантическая природа топонимов Казахстана", которая явилась значительным вкладом в казахскую и общетюркскую топонимическую науку.

Широкий круг интересов, свою увлеченность ономастикой и топонимикой успешно передает своим студентам - будущим филологам. Благодаря кропотливому труду В.Н. Попова впервые в Республике в стенах Шымкентского отделения Международного казахско-турецкого университета организовала лингвокраеведческий музей, который успешно функционирует и является не только очагом культуры и

познания, но и помогает студентам-филологам и преподавателям глубже понять и освоить специальные предметы в области языкознания.

За большой вклад в деле подготовки высококвалифицированных кадров и за успешную научно-педагогическую деятельность В.Н.Попова была награждена орденом "Знак Почета", медалями, знаком "Отличник народного просвещения КазССР" и многими почетными грамотами.

Талант ученого и богатый опыт она передает своим ученикам, оказывает существенную научную помощь в подготовке докторских и кандидатских диссертаций. В.Н.Попова автор более 40 опубликованных работ, в том числе словарей и учебных пособий.

Сегодня В.Н.Попова полна духовных сил и творческой энергии.

Примите, глубокоуважаемая Валентина Николаевна, наилучшие поздравления и добрые пожелания от многочисленных друзей, коллег и учеников в честь Вашего славного юбилея. Желаем творческого долголетия, душевного и физического здоровья, новых достижений и успехов в науке и жизни!

Л.П.Приходько,
к.андидат филологических наук, доцент,
зав. кафедрой Русского языка.

К.М.Исламкулов,
доктор технических наук, профессор.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

ТАҒЫ БІР СЫЙЛЫҚ - Р. БЕРДІБАЙҒА




Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор, қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, "Парасат" орденінің иегері Рахманкүл Бердібай жуырда тағы бір

куанышқа кенелді. Орталық Азия халықтары ассамблеясының вице-президенті, Өзбекстанның халық жазушысы Адыл Якубов Рахманкүл Бердібайға "Эпос - ел қазынасы" атты монографиясы үшін Өзбекстан Жазушылар Одағы мен Халықаралық сыйлықтар комитетінің Махмұд Қашқари атындағы сыйлығын табыс етті.

Сыйлығыңыз құтты болсын дей отырып, Рахманкүл Бердібайға үлкен шығармашылық табыс тілейміз!

Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті ұжымы.

ҒАЛЫМ ЕҢБЕГІ ТҮРІК ТІЛІНДЕ



Белгілі ғалым Рахманкүл Бердібайдың "Қазақстан" баспасынан 1996 жылы "Байқалдан Балқанға дейін" атты кітабы жарыққа шыққаны баршамызға мәлім. Бұл кітапта түркі тілдес отызға жуық ұлттар мен ұлыстардың тарихи-этникалық және мәдени байланыстарының тамырластығы сөз болған. "Қорқыт ата кітабы", "Алпамыс", "Манас", "Көрұғылы", "Қозы Көрпеш Баян сұлу", "Едіге батыр" сияқты ауыз әдебиеті ескерткіштерінің қазақ, өзбек, түркімен, татар, түрік, қырғыз, азербайжан, ұйғыр, башқұрт тілдеріндегі сюжеттік ұқсастығы осы этногез бен дәстүрдің ортақтығын білдірсе керек.

Ғалымның осы кітабы араға бірер жыл салып Анкара қаласынан түрік тілінде басылып шықты. Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті Өкілетті Кеңесінің төрағасы Кемал Зейбек мен профессор Шериф Акташ алғысөз жазған бұл басылым қазір өз оқырмандарының қолында жүр.

Қазақ есімін шартарапқа танытып жүрген ғалымның алдағы уақытта да биіктерден табыла беруіне тілектеспіз! Қаламыңыз қарымды болсын, құрметті Раха!

Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті ұжымы.

**МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ**

ТАРИХ, САЯСАТТАНУ

КАСЫМБАЕВ Ж. ЖОЛСЕЙІТОВА М.	Жетісу облысындағы бастауыш оқу орындары жүйесінің қалыптасуы (1867-1882жж.)	3-10
ЖЕТІБАЕВ К.	XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басындағы қазақтардың әдет-ғұрпындағы неке және жануя құқығы	11-13
АТАБАЕВ Д.А. ИСЕНГАЛИЕВА А.Г.	История издания книг по искусству в Узбекистане (1960-1980 г.г.)	14-19
ИСАБЕК Б.	Академик Р.Б. Сүлейменов және Қазақстан ғылымы тарихының мәселелері	20-26
ЕСИМОВА А.Б.	Демографическая ситуация в Казахстане в годы великой отечественной войны	27-40

ФИЛОЛОГИЯ

КЕРІМ Ш.	Жұмбақтың айтылу ғұрпы	41-45
ОРАЗБЕКОВА З.	Мұсабек Байзақовтың ақындық шеберлігі	46-47
ОЙСЫЛБАЕВА А.	Ахмет Байтұрсынов қазақ өлеңінің өрнектері туралы	48-54
КАМАЛОВА Ж.	Бала оқытпақ пайғамбар патихасы (Ақылбек бин Сабалдың оқытушылық қызметі жөнінде)	55-59
ҚАРСЫБЕКОВА Ш.	Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерді мазмұн-мәніне қарай топтастыру принциптері	60-68
ДҮЙСЕНБИЕВ А.	Аңыз және тарихи шындық	69-72

НАРБЕКОВА Г.	Серік Қирабаев - Сәкентанушы	73-76
КӨШЕНОВА Т.	Шәкәрімтанудың бір қыры	77-82
ПАНЗАБЕКОВА Б.	"Жақсы аты мәңгілік" (Абай поэзиясы және қарасөздері арасындағы ойөрім)	83-85
ТОЛЫСБАЕВА Ә.	Прозадағы мәңгүрттік мәселесі	86-88
КЕРІМБЕКҰЛЫ М.	І.Омаров және ұлттық мәдениет мәселелері	89-92
АШИМОВА С.	Ә дыбысының табиғаты туралы (Өзбек тілінің Иқан, Қарнак диалектілері материалдары негізінде)	93-96
АНДАБАЕВА К.	Teaching Oral Comprehension	97-98

ПЕДАГОГИКА

МҰХАМЕДЖАНОВ Б.	Жоғары білім беру жүйесін реформалау мен дамытудың кейбір өзекті мәселелері	99-106
ӘЙМЕНОВ Ж. ОМАР Е.	Экологиялық мәдениетті дамытуда халықтық әдет-ғұрып, дәстүр түрлерін пайдаланудың кейбір мәселелері	107-113
МАЛДЫБАЕВА А. ОРАЗОВА А.	Психология пәні бойынша жүргізілетін лабораториялық сабақтарда студенттерді өзін-өзі жетілдіруге даярлау	114-116
ФАЙЗУЛИНА С. МАҚҚАМОВ У. СМАЙЛОВА М.	Иассауи тәлімінің тағылымдары	117-119
СМАНОВ І. ОРАЗЫМБЕТОВА Б.	Еңбек ұжымдарындағы тәрбие	120-124

ҚҰҚЫҚТАНУ

ҚУАНДЫҚОВ Қ.
ЕСЕНӘЛИЕВ А. Жерге жеке меншік құқығы туралы 125-132

СЕЙТЖАНОВ М. Административные правонарушения как вид социальных отклонений в поведении несовершеннолетних 133-139

ТУРЫМБЕТОВА Б. Договор аренды и лизинга 140-142

ФИЛОСОФИЯ, ДЕНТАНУ, СОЦИОЛОГИЯ

СЫЗДЫҚОВА Г. Ислам және оның мәні 143-148

АДИЗБАЕВА Д.Ж. Народная смеховая культура в перспективе ее воздействия 149-155


ҚҰРБАНҚОЖА С. Физика және дін 156-165

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ

Известный казахстанский топонимист (к 75-летию В.Н.Поповой) 166-167

Тағы бір сыйлық - Р.Бердібайға 168

Ғалым еңбегі түрік тілінде 169



УНИВЕРСИТЕТТИҢ БОТАНИКАЛЫҚ БАҒЫНЫҢ ЖОБАСЫ

ИНДЕКС 75637



Қ. А. Яссауи атындағы Халықаралық
Қазақ-Түрік Университет
қалашығының жобасы